

Социал Жұмбаев

ЕСЕНЕЙ ЕСТЕЛІГІ
(зерттеулер)

ISBN

«Жеті жарғы» және Қожаберген жырау» қоғамдық қайырымдылық қоры жанындағы Қожаберген жыраудың өмірі мен шығармашылығы және оның заманын зерттеу орталығы

Редакторы: Бекет Тұрғараев

Құрастырған, баспаға дайындаған: Социал Жұмабаев

ЕСЕНЕЙ ЕСТЕЛІГІ

(зерттеулер)

Бет саны

Петропавл қаласы - 2010

Кітап Солтүстік Қазақстан облысының XIX ғасырдағы қоғамдық-саяси тарихы туралы жазылған.

Кітаптан Кеңестік саясатпен бұрмаланып келген тарихи шындықтар, өлкемізден шыққан тұлғалар тағдыры нақты деректермен жазылғанын оқи аласыздар.

БЕТАШАР СӨЗ

Сақалыңнан айналайын, қарт бабалар,
Ұрпағыңа не айтасың артта қалар.
О, тірілер, шежірелер қалдырыңдар
Қанеки, нелерің бар салтқа жарар.

Мұқағали Мақатаев.

Өлке тарихы мен оның мақтанышына айналған тұлғалардың өнегелі істерін оқып үйрену жастарға руханият пен отансүйгіштік тәрбие берудің қажетті буыны екені анық. Алайда, бұл өлке тарихы мен оның тұлғаларын кейінгі ұрпаққа таныту ісіне жете мән бермей келеміз. Оған дәлел мектептерде өлкетану пән ретінде, үйірме ретінде жүйелі түрде жүргізілмейді. Екіншіден өлке тарихы мен одан шыққан тұлғалар туралы әдебиеттер жоқтың қасы. Азды-көпті әдебиеттер кешегі коммунистік саясатпен жазылған.

Дегенмен де, ештен кеш жақсы дегендей, бұл олқылықтардың орнын әлі де болса толтыруға болады. Оқу орындарында өлкетану жұмысын жандандырып, өскелең ұрпақты өз өлкесінен шыққан, өлкеге еңбегі сіңген тұлғаларға еліктеп өсетіндей тәрбиеге көп көңіл бөлу керек.

Ел ішінде өлкетанушы болып атанып жүргендіктен осы еңбегімізді осы бір олқылықты аз да болса орнын толтыру үшін жазып отырмыз.

Қазақ тарихында осыншама ұлан-ғайыр даланы ұрпаққа аманат етіп қалдыру жолында қар төсеніп, мұз жастанып, өмірлерін қиған ерлер аз болмаған. Бүгінгі ұрпақ сондай қол бастаған көсемдер мен сөз бастаған шешендердің, яғни дала данышпандарының тікелей мұрагері екендіктерін саналарында сақтаулары керек.

Қасиетті қазақ жерінің талай мәрте таласқа, қанталаспайға түскені тарихтан белгілі. Біздің Қызылжар өңірінің аспанын қара бұлт торлаған күрделі кезеңдерінің бірі – осы өлкені Ресей патшалығының отарлау уақыты еді. Осындай зар заман кезінде елдің екі тізгін, бір шылбырын ұстап, өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай, яғни орыс патшалығына қызмет істей жүре өз халқына қамқор болған адамның бірі – Есеней Естемісұлы болған.

Осы кітаптың авторы 2005 жылы «Ер Есеней» атты кітап жазған болатын. Бұл кітап Омбы және Алматы қалалары мұрағаттарынан алынған деректер бойынша жазылған еді. Есеней қазының өмірдеректерін зерттеу ісімізді содан бері жалғастырып келеміз. Өйткені, Есеней Естемісовтың өмірін жеке бастың ғана өмірбаяны деп қарауға болмайды. Есенейдің өмірі мен қызметі сол кездегі Қызылжар өңірінің, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарасты елдің тарихын қамтиды. Тұлғалар тағдыры сол ұлттың тарихын құрайтын да белгілі жәйт.

«Есенеймен аталас екі алып жазушыларымыз Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтар Есеней туралы «Аққан жұлдыз» және «Ұлпан» атты романдарында жазып кетті. Енді қайталаудың қажеті қанша?» - деушілер де

болуы мүмкін. Оларға айтарымыз. Аталмыш екі кітап та көркем әдебиетке жататын шығармалар. Яғни, Есеней тұлғасы көркем әдебиеттегі образ күйінде, романтизм және социалистік реализм әдісімен жазылды.

Сәбең де, Ғабең де туысқандық жағынан Есенейге алыс емес. Есеней есімін жас кездерінен бастап үлкендерден естіп өсті. Екеуі де Есенейді тарихи тұлға ретінде жақсы білді. Бірақ, екеуіне де Есенейді Есеней қалпында жазуға, зерттеуге заманы жібермей, амалсыздан шындықтан ауытқып, әдеби кейіпкер ретінде жазуға мәжбүр болды. Өйткені, кеңестік саясат бойынша ел билеген би-болыстар, байлардың халыққа қамқоршы, жанашыр болған істері есепке алынбай, халықты қанаушы деп қарады. Жоғарыдағы шығармаларда Есеней туралы тарихи шындықтардың саналы түрде бұрмаланғаны (шындықты білмеген деуге болмайды) туралы бірер мысал келтірейік.

Сәбең Шыңғыс Уәлиханов 1834 жылы аға сұлтан сайланып, Құсмұрынға кетіп бара жатқан жолында Есенейдің жас тоқалы – Ұлпанмен көңілділік жасағанын жазды. («Аққан жұлдыз». 7 том. 102 бет).

Омбы мұрағатынан алынған деректер және Сегіз сері шежіресі бойынша Ұлпан 1828 жылы туған, яғни 1834 жылы Ұлпан сәби жасында болған. Немесе, Сәбең 1834 жылы Есеней шал болған, көзі нашар көріп, құлағының да мүкісі бар деп жазды. Мұрағат деректері бойынша 1798 жылы туған Есеней 1834 жылы Аманқарағай дуанының заседателі, жігіттік дер шағы болатын.

Ғабең де «Ұлпан» романында қазақ совет әдебиетіндегі қазақ әйелдері образдарының шыңы болған Ұлпан бейнесін сомдау үшін бес болыс керей-уақтың көсемі, бір дуанның аға сұлтаны, Ресей патшалығының өзі санасқан Есеней қазының бар билігін Ұлпанға беріп жазды. Төбені биіктетемін деп, тауларды аласартып алды. Бұлай жазу қазақ халқының менталитетіне қарсы болғанмен, кеңестік саясатқа сай екені де белгілі.

Ғабең «Ұлпан» романында Сыйбан ауылы 1872 ж. (Есенейге ас берер алдында) Қожық ауылына шабуыл жасап, Қожықты байлап Омбы түрмесіне жөнелтті деп жазды. Ал, шынында бұл уақытта Қожық бұл дүниеде жоқ. 1866 жылы өмірден өткен болатын.

Әдебиеттің саясаттылығы туралы Ғабит Мүсірепов былай деп жазған болатын. «Ақын, жазушы көп пернелі, қос шекті домбыра сияқты. Құлағын қалай бұрадың, пернелерін қалай түздің – ол солай сөйлейді, сөйлеу өз қолында болғанмен, бұрау мен пернелерін түзеу жазушының өз қолында емес, басқарушылардың қолында».

Кеңестік саясат Сәбең мен Ғабең ғана емес, барлық ақын-жазушыларды деуге болады, тарихи шындықтан тайдарғанын жақсы білесіз.

Бір қиындығы оқырмандар Есенейді жоғарыда аталған көркем шығармалардағы образы күйінде қабылдап, прототипі, яғни өмірде болған Есеней ескерусіз қалды деуге болады. Сондықтан да өлкеміздің тарихын таразыға салуға қатысып жүргендіктен Есеней тақырыбына қайта оралдық. Жоғарыда жазғанымыздай 2005 жылы жазылған «Ер Есеней» кітабында Омбы, Алматы мұрағаттары деректеріне негіздей жазсақ, осы жолы өзінің

айтуымен жазылған естеліктерін жазып отырмыз. Бір қуанарлық жағдай, мұрағат деректері мен өзінің аузынан жазып алынған естеліктері бірін-бірі толықтырып, жалғастырып, анықтай түсіп отырады.

Есеней қазының естелігі Шоң мырза Телғозыұлының сұхбаттасуы бойынша жазылғандықтан Есеней дәуірінде Шоң Телғозаұлынан басқа төрт Шоң болғанын бір-бірінен айыру үшін және тарихи таным үшін әр Шоңға арнайы тоқталдық.

Шоң Едігеұлы – бірінші Шоң немесе үлкен Шоң, немесе Сүйіндік Арғын Шоң би деген есімдерімен елге мәлім. Шежіре деректерінде оның аты – Ақдәулет (1753-1836). Бірінші Шоң өз тұсында Сүйіндік Арғын елінің ру басысы, әрі аға биі болыпты. 1833-1836 жылдары Шоң Едігеұлы Баянауыл дуанының аға сұлтаны болған. Шоң өз заманында атақты, көсем де көреген адамдардың бірі болған.

Екінші Шоң деп аталған Дәулетұлы мен үшінші Шоң Телғозыұлдырына арнайы тоқталамыз.

Шоң Көтербайұлы (1834-1886) – төртінші Шоң деп аталды. Бұл Шоң Төлек Арғын руынан шыққан. Ел ішінде мырза Шоң, болыс Шоң деп атанды. 1869-186 жылдары Торғай уезіндегі Сарыторғай болысының билеушісі болып қызмет атқарды. Елге жағымды, ғарып-қасерге қайырымды, қолы ашық болып зор беделге ие болыпты.

Балта Керей Шоң қажы (1841-1919) – бесінші Шоң деп аталды. Бұл Шоңға 2500 жылқы, бір мың түйе біткен екен. Байлықтың арқасында Мекеге барып, қажы атағына ие болады. Өз қаражатына ауылында мешіт, медресе ашады. Ел билігіне араласпаса да халық алдында беделді, ғарыптарға, жетім-жесірлерге, кемтарларға көп жәрдем берген қолы ашық жомарт адам болыпты. Ол Балта Керейдің Базар атасынан екен.

ЕР ЕСЕНЕЙ

Қазақ халқының XIX ғасырда өмір сүрген ел қорғаны-батырлары мен игі жақсыларының бірі – Ер Есенеі Естемесұлы.

Ер Есенеідің биік адамгершілік иесі екенін, ел қорғаны болғанын екінің бірі біле бермейді. Өйткені, оны кейбір жазушы өзінің шығармаларында Қодар бейнесінде дүлей күштің иесі етіп және үстем таптың зорлықшыл өкілі ретінде оқырмандарға құбыжық етіп көрсетті. Енді бір жазушы: «Қолына топтан ұры ұстайтын, бықыған малы көп Ашамайлы керейдің байы Есенеі...»-деп, ол да Естемесұлын елге қолайсыз кісі етіп көрсетіп, өз шығармасында шындыққа жанаспайтын сөздерді жазды.

Кешегі Кеңес дәуірінде Қазан төңкерісінен бұрынғы кезеңде ел басқарған адамдарға дұрыс баға берілмеді, олардың ақыл иелері болғандығы еске алынбады. Себебі, олардың бәрі қанаушы таптың өкілдері саналды. Билер мен бектер, батырлар, мырзалар түгел жыртқыш, мейірімсіз, қанаушылар атанды. Шындығында олар солай ма? Бұлардың жақсы істері аталмай қалды, ақты-қарасы тексерілмеді. Билердің көпшілігінің кедей немесе орта шаруалардың өкілдері екендігі де, әділдік қасиеттері есептелмеді.

Жыртқыш деп халық ел шапқыш содырларды немесе кісі өлтіргіш қанішерлерді, ел ішінде бұліншілік жасаған бұзықтарды, немесе тонаушыларды, қайырымсыз, қара жүрек қарақшыларды, немесе әрдайым кез келген кісілерді алдап, әкім қылған алаяқ қуларды, немесе кісі еңбегін бермейтін сараң, қара ниет байларды атағаны кімге болса да белгілі жайт. Ал, есігі ашық, дастарханы күні бойы жиылмайтын меймандос, ғарыптерге қысылғанда қол ұшын берген жомарт, ғашықтарға азаттық әперген әділ, қамқоршы бектерді жыртқыш, қанаушы, зорлықшыл деуге болмайды. Біз сөз еткелі отырған Есенеі де заманында елге қайырымды бектер мен батырлардың бірі болғандығы шежіре деректерінен және сол дәуірдегі ақын-жыраулардың өлең-жырларынан көпке мәлім. Әрине, Есенеідің де аздаған пендешілігі болыпты. Бірақ соған қарап, оның жұрт үшін сіңірген көп еңбегін, атқарған игілікті істерін, ел қамқоры болғанын жоққа шығаруға болмайды.

Әуелі Сібір қазақтарының шорасы боп 1819-1824 жылдары ел басқарған кезінде, кейін 1859 жылдан бастап, он шақты жыл Батыс Сібір генерал-губернаторына Бас кеңесші боп он дуан елдің үстінен қараған уақытында «Есенеіді қарадан хан болды», -деп, халық Есенеі хан деп атапты. Естемесұлын Батыс Сібір мұсылмандарының Марал ишанның басшылығымен жер-су үшін болған Ресей отаршылдарына қарсы азаттық күресіне белсене қатысқандығы үшін, сонда үлкен ерліктер жасағаны үшін, кейін тонаушылардан, барымташылардан елдің жылқы-түйесін бірнеше рет айырып, иелеріне қайтарып бергені үшін, қазақ, татар, башқұрт халықтары оны Ер Есенеі деп атаған екен.

Сонымен қатар, Есенеі сөзді тауып сөйлейтін, шындықты жасырмайтын турашыл адам болыпты. Мысалы: Естемесұлының тұғырдан тайып,

науқастанып қалған шағында, яғни 1869 жылы қыркүйек айының басында өзіне сәлем ере келген Орта жүз Қуандық Арғын Шоң Гиелғазыұлы (1828-1902 жж.) болыстың мейман боп отырып, өзіне: «Батыр әке, сізді ел ата-анасынан бала жігіт кезінде қалған дейді. Соған қарағанда билікке ерте араласуыңызға себепші адамдар болған ғой, сірә?»-деп, сауал қойғанда, оған Есеней: «Батаны Тіленші, Нашан, Киікбай берген, батырлықты марал ишан мен Баһрам берген, бақытты Итіке, Тоқсан, Маманай берген, тақытты Шақшақ берген. Ісімді Алла қолдай берген! Ар жағын балам, енді өзің түсіне берерсің!»-депті. Расында осы есімдері аталған ардагерлер Есенейді ел басқаруға да, қол басқаруға да баулыған екен. Есенейге тәлім тәрбие берген бұл тоғыз кемеңгердің ешбірі де алыс жердің, я болмаса басқа тайпаның адамдары емес. Солай бола тұрса да, Есенейге ұстаз болған, жоғарыда аттары аталған ел жақсыларының бірі-Киікбай Айтуғанұлы шешенді соңғы жылдары кейбіреулер өздерінің еңбектерінде Батыс Қазақстанда туған етіп, елін Кіші жүз етіп көрсетіп, бұрмалап жазып, оқырмандарды басқа шатастырып жүргенін айтуға міндеттіміз. Асылында кімге болса да, өзі білмейтін мәселеге араласудың ешбір қажеті жоқ деп білеміз! Себебі соңғы жиырма жыл ішінде бір тайпаның жақсы адамың екінші бір тайпанікі етіп көрсету, немесе бір тайпалық одақтың руын екінші бір тайпалық одактікі ете салу әдетке айналып кетті. Мұның өзі оқырмандарды шатастыруға әкеп соққанын жасыруға болмайды. Орта жүздің даугері ретінде барымташылардан есе алып қайту үшін, немесе кеткен жесірді қайтарып алу үшін Киікбай Кіші жүзге барса барған шығар. Бірақ оның елі – Кіші жүз емес те, туған жері – Батыс Қазақстан емес, Киікбай Айтуғанұлының елі – Орта жүз Ашамайлы керей, оның ішінде Еменәлі, оның ішінде Таз атасы, ал туған жері – Қызылжар аймағы (Солтүстік Қазақстан облысы). Сол сияқты Есенейді шыңдаған қалған сегіз кемеңгер де Қызылжар аймағындағы Орта жүз Керей елінің адамдары. Біз мұны рушылдықпен, я болмаса жерлесшілдікпен айтып отырған жоқпыз. Шындық үшін айтып отырмыз.

Біз сөз етіп отырған Есеней 1798 жылы – Ұлу жылы наурыз айында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының орталығы – Қызылжар (Петропавловск) қаласына таяу жердегі ежелгі ата мекені – Бескөл деген қоныста тұратын Орта жүз Ашамайлы керейдің Сибан руына жатын Қошқарбай батыр ауылында Естеміс мырзаның шаңырағында дүниеге келіп, аталмыш облыстың Жамбыл ауданындағы Жаңажол ауылының төңірегіндегі Бүркеу деп аталатын соңғы қонысында ауырып, 1871 жылы – қой жылы желтоқсан айында қайтыс болыпты. Елі оның сүйегін сол арадағы Жәнібек батыр бейітіне жерлепті (Керей шежіресі бойынша). Есенейдің туған жері, туған жылы, руы, ауылы архивте де осылай жазылған. Есенейдің ата-анасы да, ағайын-туғандары да, бірнеше ата-бабасы мен әже-апалары сол Бескөлдегі Ескі Керей бейітіне жерленген. Сол Ескі Керей бейітіне 1745-1752 жылдары аралығында қайтыс болған Уақ, Атығай елдерінің де, адамдарының біразы жерленіпті. Қызылжар маңынан Керей ауылдарының алыстап кетуіне 1826 жылы жазда Ресей патша өкіметі отаршыларының Қызылжар төңірегіндегі, Қызылжар мен Мәуліт аралығындағы жерлерді, Мырзаағаш

(Соколов ауданы жерінің қазақша атауы) жерін өз именелеріне айналдыруы себепкер болыпты (архивте, шежіреде бар).

Еснейдің әкесі Естеміс балуан Сейітұлы өз тұсында Ашамайлы керейдің басты адамдарының бірі болыпты. Оған атақты әнші-ақын, сазгер Сегіз серінің «Ер Есней» атты тарихи толғауында мына шумақтар да дәлел бола алады:

Орта жүздің ішінде
Ашамайлы керейде.
Қатарының алды боп,
Бөленген жан мерейге.

Балға батыр¹ ұрпағы,
Заманының сұңқары –
Есней ердің бабасы
Әрі де өткен Ақпанбет,
Жауға тиген болып өрт.

Бергі атасы Сейіт би
Өз тұсында болған бек
Өз әкесі Естемес,
Ел жақсысы, ғадыл ед!

Бұдан Еснейдің ата-бабаларының тәуір ел қорғаны-батыр адамдар болғанын көреміз. Ал, Еснейдің анасы Ақжәми – ХҮІІІ ғасырдың төртінші ширегінде, яғни 1773-1775 жылдары және 1783-1797 жылдары отаршылдық езгіге қарсы бағытталған Кіші жүз қазақтары шаруаларының көтерілістерінің көсемі Сырым Датұлы батырдың (1712-1802 жж) қызы екенін екінің бірі біле бермейді.

Сонымен қатар, Еснейдің әкесі Естемес те, атасы Сейіт те Меккеге хажылыққа барып қайтқан екен. Сейіт пен оның баласы Естеместің хажы болғандығына Сегіз сері ақынның «Ер Есней» атты дастанындағы мына шумақ та дәлел болады:

Әкесі де атасы
Еснейлердің хажы еді.
Сибан керей ішінде.
Басқа атадан аз еді.

Әкесі Ақпанбет батырдан үш жасында жетім қалған Сейіттің жастық шағы нағашы жұртында өтіпті. Сейітті жігіт болған кезінде немере ағасы Бесбай Токпанбетұлы мен Балта керей Ермұхаммед Тұрсынбай батырұлы

¹Балға батыр – Сибан керейдің түпкі атасы, Балғаның әкесі – Танаш би – Ақ Орданы гүлдеткендердің бірі екен.

Байбақты елінен көшіріп әкеліпті. Құрай емген тұқымы деп аталатын көп жылқы біткен Сейіт қыдыр дарыған бай болыпты.

Сейіт өзінің Естемес, Есіркеп атты екі баласын әуелі Қажым деген молладан оқытып, одан кейін Қызылжардағы Шақшақ шора медресесіне оқуға беріпті. Сейіт мырза екі баласын әрі қарай оқытпақшы болыпты. Ол Қызылжар, Омбы шаһарларының базарларына келіп жүрген, сауда саттықпен айналысатын Қоқан, Хиуа, Бұхар хандықтарының саудагер байларымен танысып, олармен жақсы араласып, дос боп кетіпті. Енді сол достықты Сейіт Шақшақ шора медресесін тамам еткен екі ұлын оқыту үшін пайдаланады. Ол Естемес пен Есіркепті Үргеніштегі достарының үйіне қойып, сондағы медресеге оқуға береді. Әке үмітін ақтап, Естемес те, Есіркеп те Үргеніш медресесін жақсы оқып, бітіреді. Есіркеп молда боп Шақшақ шора медресесіне ұстаз боп орналасып, балаларға дәріс береді. Ал, Естемес ірі балуан болыпты. Сонымен бірге ол Сибан керейді билепті. Естемес Ресей отаршылдармен жер су мәселесінде тартысқа түскен кісілердің бірі бопты. Қазақ пен орыс қатынасына байланысты 1794 жылғы 24 желтоқсандағы оқиғада Сибан керейдің басшысы ретінде Естемес Сейітұлының есімі аталады (Бұл жайында архивте дерек бар).

Есеней жас бала кезінде ауыл молдасынан оқып, хадимше хат танып діни білім алыпты. Осы арада бір ескерте кететін мәселе былай: Естемес хажы өз балаларын кезінде өзі оқып тамам еткен Шақшақ шора² медресесі мен Үргеніш медресесінде оқытуды дұрыс көріпті. Сондықтан ол Есенкелді, Есеней атты ұлдарын Қызылжардағы 1767 жылы ашылған ескі оқу орны – Шақшақ шора медресесіне оқуға береді.

Есеней ағасы Есенкелді сияқты аталмыш медреседе жақсы оқып хадимше сауатын жетілдіріп, терең діни білім алып, араб, парсы, көне түрік (шағатай) тілдерін үйренеді.

Сондай-ақ, Естемесұлы Қызылжар шаһарындағы Шақшақ медресесінде оқып жүргенде, көрші тұратын татар, орыс балаларымен бос уақытында бірге ойнап жүріп, татарша, орысша сөйлеуді жақсы меңгеріпті.

Естемес мырза Шақшақ би медресесін жақсы оқып тамамдаған баласы Есенейді Үргеніштегі өзі оқып бітірген медресеге апарып, оқуға орналастырыпты. Есеней Үргеніш медресесін жақсы оқып, тамам етіп, онда діни білімін толықтырып, араб, парсы, көне түрік тілдерін жетік біліп шығады.

Әке өсиетін орындамақ болған Есеней 1815 жылы – доңыз жылы жазда Үргеніш медресесін тамам етіп келген соң, Батыс Сібір мұсылмандарының (қазақ, башқұрт, татарлардың) Ресей патшасы өкіметінің рұқсатынсыз өздері сайлаған Бас мүфтиі – Марал ишан Құрманұлына арнап барып, сәлем беріп, оған мүрид³ болыпты. Сөйтіп, Естемесұлы 1815-1819 жылдары Нұрымбет керей Марал ишан бастаған Батыс Сібір мұсылмандарының дін үшін, жер-су үшін, ел бостандығы үшін Ресей патша өкіметі отаршыларының қарсы бағытталған ғазауатына (халық-азаттық қозғалысына) белсене қатысыпты.

²Шора - әуелде сот деген мағынаны білдіретін сөз болса, кейін аймақ билеушісі деген мағынада қолданылған сөз.

³Мүрид – діни шәкірт.

Ол қатардағы жауынгер болып, соғысқа қатысқан күннен бастап, ерліктер көрсетіп, ақырында жүзбасы деген әскери атақ алады. Есеней жауға қарсы бірнеше рет өз жүздігін бастап, шабуылға шығып, отаршылар әскеріне соққы беріп, олардың талайын тұтқынға түсіріпті.

1819 жылы көктемнің аяқ шенінде Есіл өзенінің Есет деген саласының бойында Батыс Сібір мұсылман қауымының дін-басылары, билері, бектері, батырлары мен мырзалары бас қосқан құрылтайда бірнеше жас ерлерге майданда көрсеткен ерліктері үшін жүзбасы, мыңбасы деген әскери атақтар беріліпті. Сондағы мыңбасы атағына ие болған батырлардың бірі – Есеней екен. Оның Ер Есеней атануы сол кезден басталыпты.

Есенейдің әке-шешесі ерте қайтыс болыпты. Алайда «Әкең өлсе де, әкеңді көргендер өлмесін!» -дегендей, мыңбасы-сардар атағын алған Есенейді әкесіне бірі аға болған, бірі іні болған, бірі дос, жолдас болған елдестері мен жерлестері: Балта керей Нашан, Итіке батырлар мен Көшебе, керей Тіленші, Маманай, Еменәлі керей Киікбай, Тоқсан есімді билер ел басшысы ету мақсатымен Көшебе керей Шақшақ шора Көшекұлына ((1740-1831 жж.), Сегіз сері батырдың атасы) арнап барып, сәлем беріп, қонақ болып, мәжілісте олар: «Сардар аға, сіз елу жылдан артық ел басқардыңыз, бетіңізге ешкім қарсы келген жоқ. Гадылдігіңізге ел бас иіп, бәрі Сізді сыйлады. Жасыңыз сексенге келді. Орныңызды басатын балаларыңыз да, туыстарыңыз да бар екенін білеміз. Дегенмен, аға баласына жол берсек қайтеді? Оған қалай қарайсыз? Естемес ініңіздің баласы Есеней сіздің ізіңізді басуға жарап қалған сияқты», -депті. Сонда өз орнын басатын батыр да, шешен де ұлдары, туыстары бар екеніне қарамастан, Шақшақ шора турашылдыққа көшіп: Сибан аға баласы екені рас. Олардың біраз жыл биліктен қол үзгені де мәлім. Жолымды бердім. Екпіні тау жыққандай жалынды да талапкер жастың бірі – Есеней ғой. Орнымды бердім. Есеней менің шоралық тағыма отырып, Сібір қазақтарын басқарсын! Билігімді Есенейге сыйладым. Менен қалған дәурен оған құтты болсын! Ісін Алла оңғарсын! Тек ел үмітін ақтайтын көсем болсын!» -деп, бірден келісімін беріпті. Сонда билер мен батырлар, бектер қарт ағасының кең пейілдігіне разы болып, оған алғыс айтып, оның иығына жанат ішік жауып, босағасына ақбоз жорға атты байлап кетіпті.

1819 жылдың жазының басында хан жайлауда Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдерінің басты адамдары құрылтай ашып, Қақ сорының⁴ жағасында Есенейді боз биенің сүтіне шомылдырып, үстіне ақ киімдер кигізіп, ақ киізге отырғызып көтеріп, шора сайлапты Естемесұлына сол арада ел құтты болсын айтып, Шақшақ, Тіленші, Киікбай, Тоқсан, Маманай, Құрымсы сынды дуалы ауыз билер, әулие Марал ишан, Нашан, Қолдас, Жолдыбай, Сартай, Мәуліт, Итіке батырлар, Сардар Баһрам ақ баталарын беріпті. Есенейді шора сайлауға Қызылжар, Омбы шаһарларындағы татар мырзалары да қатысыпты. Сол күннен бастап Естемесұлы 1824 жылға дейін Сібір қазақтарының шорасы болып, ел басқарыпты. Хандық Орта жүзде 1819

⁴Сор - тұзды көл.

жылы жойылды.

Есеней шора болумен қатар, ұстазы Марал ишанның ғазауатын қолдап, оған әскер жинап, жауынгерлерге ат жинап беріпті. Сөйтіп, ол өзі де бұрынғыша Ресей отаршылдығына қарсы соғысқа белсене қатысыпты. Оған Баһрам батыр Шақшақұлының (1779-1826 жж) «Қайғылы белдеу» деген тарихи дастанындағы мына шумақтар да айғақ бола алады.

Зеңбірекпен келсе де,
Кәпірдің жолы болмаған.
Қанға құмар иттердің,
Бұл жылы ісі оңбаған.

Марал ишан ұстазын,
Есеней шора қолдаған.
Сарбаз жинап берсін деп,
Бектерге сәлем жолдаған.

Кәпірге қарсы шықсын деп,
Елге жаршы жіберді.
Сарбазға ат жинады,
Жеңістен үзбей күдерді.

Арқада хандық 1819 жылы жойылса да, шоралар билігі 1824 жылға дейін сақталды. Өйткені, Есеней, Зілғара, Тоқтамыс, Мүсет, Қожағұл сияқты бектер үшін шоралық билік жүйесі пайдалы болды. Сондықтан олар округтердің ашылуын қаламады.

1822 жылдың басында Ресей патшасының Бас министрі Сперанский Орта жүз қазақтарын он округке бөліп билеу туралы жоспар жасаған, әрі соны жүзеге асыруды көздеген. Бірден округ ашуға отаршылдардың батылдары да бармаған. Әйтсе де 1822 жылы сайланған Батыс Сібір генерал-губернаторы П.М. Капцеевич Солтүстік Сарыарқадан Құсмұрын, Көкшетау дуанын 1824 жылы ашуды жоспарлады. Бірақ Құсмұрын округін құрумен қатар, сол 1824 жылы Орталық Сарыарқадан П.М. Капцеевич Қарқаралы дуанын ашқан.

1819 жылы Орта жүзде хандық билікті жоюға тек Ғұбайдолла сұлтан Уәлиханұлы ғана қарсы болып қоймай, уәзірлер, билер мен бектер, Есеней сияқты шоралар, батырлар, хазірет, имамдар, хажылар да қарсы болыпты.

Қызылжар аймағында Құсмұрын округі ашыла қоймайды да, ол өңір Керей болысы деген атпен уақытша 1830 жылға дейін Көкшетау дуанына қарап, Керей-Уақ бектері де отаршылдарға қарсы болып, биліктен шеттеп қалады. Оған, біріншіден, Есенейдің Марал ишан бастаған Батыс сібір мұсылман қауымының Ресей отаршылдарына қарсы бағытталған халық-азаттық қозғалысына белсене араласуы, екіншіден, сол Естемесұлының Орта жүзде хандық жүйенің жойылуына, үшіншіден, оның шоралар билігінің жойылуына, төртіншіден, Есенейдің Ресей патшасы отаршылдығының

мұсылмандардың қоныстарын тартып ала бастауына, Есіләм дінінің өрісін тарылтуына, мұсылман балаларын саудаға салуына, елден алым-салықты көптеп алуына, мұсылмандарды шоқындыруға ашық түрде қарсы болулары себепкер болыпты. Алайда, Қызылжар аймағындағы Ашамайлы керейдің билері мен бектері: Шақшақ, Тіленші, Киікбай, Тоқсан, Итіке, Сексен, Өмір – бәрі бірауыздан ел жинап ашқан құрылтайда Есенейді Ресей патшасы ұлықтарының рұқсатынсыз өздері қазы сайлап, даулы мәселелерді соған шешкізеді. Батыс Сібір генерал-губернаторлары: П.М. Капцеевич те одан кейінгі И.а. Вельяминов те, Н.С. Сулима да Есенейдің Қызылжар керейлерінің басшысы екенін мойындамай, оны Сибан керейдің рубасысы деп қана таниды. Алайда Көкшетау дуанбасысы Зілғара Есенеймен керей елінің басшысы ретінде санасып отырыпты.

1826 жылы жаздың басында Есеней Қызылжар шаһары төңірегіндегі өзінің ата қоныстарының жартысынан көбін Ресей отаршылары өз иеліктеріне айналдырған соң, өз қыстауы Бескөлдің батысында жүз жетпіс шақырым қашықтықтағы Нұралы Керейдің босап қалған, яғни штаб салудың сәті түспеген жерге Сибан керейдің Қорқыт әулетіне жататын ауылдарын бастап көшіп барып, үйлер салып, шөбін шауып алып, келер қысқа қам жасайды. Естемесұлының Бескөлден көшкеніне оның аталас ағайыны Шоң Дәулетұлы зергердің ата қоныспен қоштасып шығарған дастанының ішіндегі мына шумақтар да дәлел бола алады:

Есеней тоқтамайды үдере көшіп,
Жәнібек сөз сөйлейді, желдей есіп.
Бескөл мен Қызылжарым, қош-есен бол,
Жерім ең кірім жуған, кіндік кесіп.

Туған жер кейін қалдың, уа, дариға-ай,
Мұндай жер енді бізге табылар ма-ай.
Егін сап бала-шаға асыраған,
Бескөл мен қош-есен бол, Қызылжар-ай!

Алайда жаңа қоныс Есенейге құтты бола қоймапты. Өйткені, Қызылжардағы бір кезде өзі оқыған Шақшақ шора медіресесіне (1767 жылы жазда ашылған ескі оқу орнына) апарып, оқуға орналастырмақ болған Есенейдің тоғыз жасар Аманжол, жеті жасар Аманқұл деген ұлдары (жеңге алған әйелі – Ғайнижамал Байтоқақызынан туған) шешекпен ауырып, бір күнде қайтыс болыпты. Оған әнші-ақын Сегіз серінің «Ер Есеней» тарихи дастанының ішіндегі төмендегі шумақтар да айғақ болады:

Жақпады Есенейге Бүркеу мекен,
Бір кезде Қожағұлдың қыстауы екен.
Көшіріп Нұралыны еріксізден,
Сол жерге штаб түспек болған екен.

Астыртын мұсылмандар әрекет қып,
Бүркеуде штаб үйін қалдыртпаған.
Өрт салып, солдаттарын түгел қырып,
Ұлықтың ойлағанын болдыртпаған.

Қызығып бос қоныс деп қонса-дағы,
Бүркеуде Есенейге апат келген.
Аманжол, Аманқұлдай екі ұлы,
Бір күнде шешек шығып қабат өлген.

Есеней екі ұлының өліміне қатты қайғырып, ас ішпей, бас көтермей, теріс қарап жатып алыпты. Ағайындары, інілері, ауыл адамдары, көрші ауылдардың кісілері келіп, көңіл айтса да, бас көтермей, төсегінде құса боп жата беріпті. Бір күні осы ауыр жағдайды Есенейдің өзіне ұстаз, әрі әкесімен жолдас болған қадырлы елдестерінің бірі Еменалы керейдің Таз атасынан шыққан Киікбай Айтуғанұлы шешен естіпті. Ол әдейілеп Естемеұлына көңіл айтуға келіпті. Атты кермеге байлап, жасы сексенге таяса да, жүрісі ширақ Киікбай (1748-1842 жж) би Есеней жатқан үйге сәлем беріп кіріп келіп, төрге шығып отырады. Үй жандары түгел орындарынан тұрып Киікбай атасына сәлем береді. Киікбай баршасына көңіл айтып, дүниеден өткен екі ұлдың рухына бағыштап құран оқиды. Айтуғанұлының алдына дастархан жайып, оның үстіне қызметші жігіт бауырсақ салған табақша мен шара аяққа шұбат құйып қояды. Есеней теріс қарап жатқан күйі қозғалмапты. Сонда Киікбай інісіне қарап, жұбату сөздерін айта отырып, ең соңында:

«Уа, мырзам, көтер басты,
Көзден тез тый жасты.
Бала қайғысы өзекке тиген оқ,
Ата-ананың ішіне түскен оқ.

Жазмыш ісі болған соң,
Қайғыра берудің орны жоқ.
Байла мықтап беліңді,
Қамықтыра берме еліңді.

Бер қасыңды, іш асыңды,

Қайғыңызға бәріміз де ортақпыз!» - депті. Оны естіген Есеней «Би-ағамысың?»-деп, орнынан тұрып, Киікбай ағасымен құшақтасып, көрісіп жылап, ақыры көзден жасын тыйып, көңіл айтып, бас көтерткені үшін Айтуғанұлы ағасына көп-көп алғыс айтып, оны бірнеше күн бойы қадырлы мейман етіп, жақыны болса да, жаттай сыйлап, астына ат мінгізіп, иығына бұлғын ішік жауып, разы етіп аттандырған екен.

Есеней қазы боп тұрғанда да, кейін де қолына жүз мүрид ұстаған екен. Ол сол мүридтер арқылы Есіләм дінін насихаттаумен қатар, ел ішіндегі

содырларды жөнге салып, ұрлықты тыйған екен. Есеней ұрыға қатал шара қолданыпты.

1832 жылдың аяғында қазақтың беделді де мықты адамдарының бірі Есеней екеніне генерал-губернатор И.А.Вельяминовтің көзі әбден жетіп, оның Қызылжар аймағын мекендейтін Керей елінің және Қызылжар қаласында тұратын мұсылмандардың ортақ қазысы екенін толық мойындапты. Сондықтан губернатор Естемесұлына жақсы мінездеме береді. 1833 жылы Ресей патшасының Бас министрі Есенейді Петербургке шақыртып алып, ел тыныштығын сақтағаны үшін оған құрметті қазақ атағын, Анна лентасына қадаған алтын медальды грамотамен бекітіп беріпті, әрі Батыс Сібір шекаралық комиссиясына мүше етіпті. Ресей патша өкіметінің тағы да Есенейге бұлай оң көзбен қарауына оның туған құдасы Қасым төре Абылай ханұлы мен оның Есенгелді, Саржан есімді батыр ұлдарымен жақсы қарым-қатынаста болуы себеп болған. Ресей отаршылдарына Есеней сияқты мықты қазақты Қасымнан бөліп алып, өз жағына тарту ауадай қажет болыпты. Бірақ Естемесұлы қазы өзінің құдалары: Қасым және оның ұлдары: Есенгелді, Саржан сұлтандармен достығын сақтаған. Ол Кенесарымен де 1838 жылға дейін достық қатынаста болыпты. Есеней өз құдасы Кенесары сұлтан Қасымұлына бейбіт қазақ ауылдарын шаппау керектігін ескертіп, әрі оның Алтай тауына бекінуі қажет екендігін айтып, оған дұрыс жол сілтейді. Ол аталмыш құдаларына кезінде саяқ аттар мен атан, нарларды тарту етіп, Қасым балаларын 1838 жылға дейін көлікпен жабдықтаған бектердің бірі болыпты (Керей шежіресі және ақын-жыраулардың өлең-жырлары).

Кейбір ғалымдардың, кейбір жазушылардың Есеней мен Зілғараны Кенесарыға қарсы болды деп жазғыруы дұрыс емес. 1838 жылдың жазының басына дейін Естемесұлы Кенесарыны астыртын қолдап, көлік беріп тұрған.

1830 жылы жазда Қызылжар аймағында округ Құсмұрын деген атпен емес, Аманқарағай деген атпенен ашылады. Ресей отаршыларының өзін приказ бастығына өткізбейтінін сезген Есеней туған құдаларының бірі – Жалбыр Абдоллаұлын (Абылай ханның көп немерелерінің бірін) аға сұлтандыққа ұсынады. Сөйтіп, әкесі де, өзі де әу бастан төре атағынан безініп, қара қазаққа айналған Жалбыр мырза Керейлердің қолдауымен Аманқарағай дуанының алғашқы аға сұлтаны болып, ел басқарыпты (Бұл туралы Омбы архивінде толық дерек бар).

Есеней баяғысынша халық сайлаған қазы қызметінде қала беріп, шариғат жолымен дауларда билік айтыпты.

1834 жылдың жазының аяғында Жалбырдың орнына Уақ руы шонжарларының қолдауымен Шыңғыс Уәли ханұлы төре (1811-1902 жж) Аманқарағай округіне аға сұлтан болады, оның бірінші заседателі болып, Есеней тағайындалады.

Есенейді бақталастары жала жауып, губернаторға арыз жазып, кейін заседательдіктен босаттырады. Бірақ Есенейді Омбы ұлықтары, дін басылары қолдап, ол 1842 жылы Сибан керейге старшина болады.

Осы арада бір айта кететін мәселе төмендегіше: 1838-1841 жылдары Кенесарымен үзілген қатынасы 1841 жылдың тамыз айынан бастап, қайта

жалғасқан Есенейге Ресей патшасының отаршыл ұлықтары 1847 жылға дейін сенбей келіпті. 1847 жылдың көктемінің аяғында Кенесары-Наурызбай қаза тапқаннан кейін ғана Есеней Ресей патшасы әкімдерінің сеніміне толық ие болыпты.

Есенейдің Есенгелді есімді ағасы, Еменәлі деген інісі болыпты және әкесінің інісі Есіркептен туған Есенаман, Есенәлі есімді екі немере інісі болған екен. Есенейдің әкесі Естемес хажы Қасым Абылай ханұлы төренің екінші қызы Бопанды кіші баласы Еменәліге айттырыпты, ал, інісі Есіркептің екінші баласы Есенәліге Абдолла Абылай ханұлының Айтолқын атты қызын айттырыпты. Әке өсиетін еске алған Есеней жоғарыда есімдері аталған екі інісіне де аталмыш төрелердің қыздарын қалың малын төлеп алып берген екен. Естемесұлы қазының Кенесарымен және Жалбырмен құда болу себебі осыдан. Кейін Есенәлі қайтыс болған соң, әмеңгерлік жолымен және бәйбішесі Бопанның (Бопайдың сіңілісі) рұқсатымен Айтолқынды Еменәлі алады.

Есеней үш әйел алған кісі екен. Оның бірінші әйелі Ғайнижамал жеңгесі екен. Ғайнижамалды әуелі Есенгелді Есетемесұлы алыпты. Есенгелді қайтыс болған соң, оның он жеті жасар інісі Есеней әмеңгерлік жолмен жеңгесі Ғайнижамалмен қосылыпты. Ғайнижамал Құдайберді Атығайдың Андағұл атасынан шыққан Байтоқа Жолдыбайұлы деген шонжардың үлкен қызы екен. Кейін Ғайнижамал қайтыс болған соң, Зілғара, Шопан Байтоқа ұлдары апасының орнына кіші қарындасы Қаныкейді Есенейге ұзатыпты. Шешесі – Жәнапия бәйбіше ерте дүниеден өтіп, анасынан жас бала кезінде қалған Қаныкейді үлкен аға-жеңгесі: Зілғара мен Бишай өз қамқорына алып, өздері тәрбиелеп өсіріпті. Сол себепті Қаныкей Зілғараның бір жағынан қарындасы, бір жағынан тұңғыш қызы есепті болыпты.

Есенейдің Ғайнижамалдан туған балалары да, Қаныкейден туған ұл-қыздары да жастай бөбек, сәби кезедрінде шетінеп кете берген соң, Есеней мырза екінші қайынағасы Шопанның үшінші баласы Сәлікті бауырына салып, бала етіп алыпты. Осы арада бір ескерте кететін мәселе былай: Атығай Байтоқа мырзаның інісі Қаратоқаның да алғашқы балалары тұрмай, жастай қайтыс боп кете беріпті. Сондықтан ағасы Байтоқаның екінші ұлы – Шопанды Қаратоқа бауырына салып, содан кейін әйелінен туған үш ұлы да тұрақтаған екен. Архивте Шопанның Қаратокин боп жазылуы содан екен. Шопан да ағасы Зілғара Көкшетау дуанында аға сұлтан болған кездерде бір-екі сайлау заседатель (орынбасары) болыпты.

Есеней Сәлікке Жұмажан деген төлеңгіт байының қызын атастырып әперіп, оларды өз қолында ұстаған екен.

Естемесұлының екінші бәйбішесі Қаныкей оның өзінен бұрын қайтыс болыпты. Оған асты Есеней өзі беріпті. Қаныкейге ас берілген жер осы күнге дейін Құла ат сойған (Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Айымжан ауылының солтүстік шығысында алты шақырым қашықтағы ағашты жер) деп аталады. Себебі, Есеней асқа Қаныкей бәйбішенің көшке мінетін қара жол, қара құрық құла жорғасын бас етіп, көп мал сойған екен.

Есенеидің үшінші әйелінің аты – Ұлпан (1826-1902). Ол Ерейментаудан бір қуаңшылықта Керей ішіне мал қыстатуға келіп, тұрып қалған Қанжығалы-Күрлеуіт деген аз елдің шонжары Артықбайдың қызы.

Сонымен қатар, Есенеи жоғарыда есімі аталған, бауырына салған баласы Сәліктен туған немересі Жүсіпке Уақ еліндегі бір байдың қызын атастырып әперіпті. Сәлікті бөлек отау үй қып шығарып, өзі Жүсіппен бірге тұрыпты. Есенеи қайтыс боларынан бір жыл бұрын малының бір бөлігін Сәлікке, бір бөлігін Жүсіпке, бір бөлігін Еменәлі деген інісінің балаларына, бір бөлігін Ерғожа, Сауыт деген екі батырына (елі – Балта керей), бір бөлігін Көрпе Үркімбайұлы (елі – Матақай керей), Тоғыжан Ендібайұлы (елі – Бәйімбет Атығай) деген екі ақынына, бір бөлігін Есенжан балуан Еменәліұлынан қалған ұлға (шешесі – татар қызы екен), бір бөлігін Ұлпанға, бір бөлігін асқа, бір бөлігін қызметшілеріне, бір бөлігін мүридтеріне үлестіріпті. Малының қалған жартысын жаршы жұмсау арқылы Ашамайлы керейдің жетім-жесір, жарлы-жақыбай, жарымжан, перзентсіз қарт, ғарып қасерлерін жинап алып, соларға үлестіріп жіберіпті де: «Менің артымда ер бала қалмады. Мені сіздер дұғаларыңнан тастамасаңыздар болды!?»-депті.

Күзембай мырза Итемірұлы деген Қызылжар уезіндегі мұсылмандардың төбе биінің басшылығымен Ашамайлы керей елі Есенеиге арнап, үлкен ас береді. Ас абыройлы өтіпті. Аста Көрпе, Тағыжан, Мұсайын (соңғысы Серінің баласы) ақындар Есенеиге арнап, толғаулар, дастандар шығарып айтып, сыйлықтар алыпты. Осы есімдері аталған үш ақын Есенеи қайтыс болғанда, оған арнап, бірнеше сапалы жоқтаулар да шығарып, ауылдың қыз-келіншектеріне жазып беріп, оларға жаттатып айтқызған екен.

Есенеидің өсиеті бойынша оның асы өткен соң, Керейдің билері мен бектері тиісті дүние-малымен Сәлікті, оның баласы – Жүсіпті Зылғара-Шопанның көзі тірісінде өздеріне көшіріп апарып, олардың алғысын алған екен.

Есенеи жылына үш рет елдегі ғарып-қасерлерді, жетім-жесір, жарымжан, перзентсіз қарттарды жинап алып, оларға садақа үлестіреді екен. Хажы болмаса да, Есетемесұлы екінші Мекке атанған Түркістанға үш рет барып, пірге қол тапсырыпты. Есенеи соңғы рет Түркістанға 1852 жылы көктемнің аяғында барған екен.

Есенеи шора, қазы, старшина, заседатель 1852-1859 жылдары Құсмұрын дуанында аға сұлтан болып, ел басқарған уақыттарында да, кейін 1859 жылдан бастап, он шақты жыл Сібір қазақтары басқарма бастығының Бас кеңесшісі болып, үлкен қызмет атқарған кездерінде де Есіләм дінін ел ішінде мүридтер, ақындар арқылы насихаттаудан бір танбаған, бес намазын қаза қылмаған тақуа адам болыпты. Ол өзінің қызметін пайдаланып, Қызылжар аймағында тұратын, Қызылжар, Омбы шаһарларын мекендейтін мұсылман мырзаларын мешіт, медресе ашуға жоғары орындардан рұқсат әперіп, елдің алғысын алып отырған екен.

Сонымен қатар, байғұс адамдарға Есенеи жәрдемдесіп тұрыпты. Ол өз ауылында да мешіт, медресе ашқан. Сөйтіп, ауылының балаларының хадимше сауатты болуына, діни білім алуына жағдай туғызыпты. 1843 жылы

Батыс Сібір генерал-губернаторының бас кеңесшісі Тұрлыбек Көшенұлы қатты науқастанып, оның ұсынысы бойынша уақытша орнына Есеней Бас кеңесші міндетін атқарған екен. Сол кезде Сегіз сері шығарған «Есеней қазы» атты тарихи толғауда Естемесұлының кескін-келбеті, тұлғасы былайша суреттеліпті:

Есеней қазы болды бірталай жыл,
Жайнады билік айтып топта гүл-гүл.
Сескенді айбарынан жүйрік-жорға,
Сөйлейтін талай дауда сөзге бұлбұл.

Қарасұр, жарлау, қабақ, қою қасты,
Тікірейген кара шаш, үлкен басты.
Ат жақты, кең маңдайлы, қоңқақ мұрын,
Қанды көз, бейне қыран айнымасты.

Мойыны жуан, жауырынды, бойы биік,
Жасында батыр болған сауыт киіп.
Сардарлық хандық дәуір қош айтысып,
Бұл күнде болған кезі советник.

Есеней өзін ханға балап тұрды,
Үстінен сегіз дуан билік құрды.
Талайы рубасы, бекзаданың
Алдында Есенейдің құлдық ұрды.

(Хандық дәуір деп Сегіз сері Есенейдің шора болғанын айтқан көрінеді).

Есеней Естемесұлының (1798-1771 жж) өмірі мен қоғамдық қызметі туралы деректердің көпшілігін Сегіз сері жазып, аяқ жағын оның баласы Мұстафа батыр жалғастырған, бұл сол Керей шежіресінен алынды. Есеней туралы жоғарыда жазылған деректер арабша қолжазбадан алынған. Есеней жайындағы бұл деректер Омбы архивіндегі және Алматыдағы Орталық мемлекеттік архивтегі деректерге сәйкес келеді.

ЕСЕНЕЙ ЕСТЕЛІКТЕРІ

Шоң Телғозыұлы (1828-1902) – «Мырза Шоң», немесе «Қуандық Арғын Шоң» деген атпен заманында жұртшылыққа мәлім болған екен. Ел ішінде «Тоқа Шоң» деп те аталып жүрген.

Шоң Телғозы ұлы жас кезінде дін оқуымен қатар орысша да оқыған екен. Оны Қанжағалы Арғын Қуат ақынның мына өлең шумағынан байқауға болады.

Аққошқарды тындаған Телғозы да
Орысша оқуға ұлы – Шоңды берген.
Он бестей іріктелген бай баласы
Төрт жылдай орыс ұстаз алдын көрген.
Ұлдары Телғозының өңшең бөрі
Бірі – мырза болғанда, бірі – сері.

Шоң Телғозыұлы заманында Ақмола дуанындағы аға сұлтанның 1893 жылдан 1854 жылға дейінгі аралықта іс-қағаздарын жүргізуші хатшысы, 1854-1868 жылдары Тоқа руының старшинасы, біраз жыл Ақмола дуаны аға сұлтанның заседателі (орынбасар). Бір сайланым Атбасар дуанының аға сұлтаны болған адам.

Шоң мырза Телғозыұлы Керей бегі Есеней қазымен 1847 жылдан бастап таныс екен. Аста, базарларда аға сұлтандар бас қосқан төтенше съездерде Аққошқарға еріп жүрген Шоң бала жігіт болса да, әр елдің игі жақсыларымен таныса бастайды. Сол жұрт иелерінің бірі Ашамайлы керейдің рубасысы Есеней Естемесұлы батыр екен. Есеней 1852-1859 жылдары Құсмұрын (Аманқарағай) дуанында аға сұлтан болған кезінде де, Тұрлыбек Көшенұлы бас кеңесші қайтыс болған соң, оның орнына 1859-1869 жылдары Батыс Сібір генерал-губернаторына Бас кеңесші болып, тоғыз дуанның үстінен карап, билік еткен шақта да ел аралап жүріп, Ақмола жағына барғанда, Шоң мырзамен бірнеше рет табақтас болыпты. Тіпті Есеней соңғы қызметінде жүргенде, ел аралап шығып, Қуандық Арғын Телғозы шонжардың үйінде үш-төрт рет қадырлы мейман болып, одан ат мініп, күзен ішік киген екен.

1868 жылы 21 қазандағы Ресей патша өкіметінің жарлығы бойынша қазақ даласындағы дуандар таратылатын болады. Ал, Ресей патша өкіметінің сол 1868 жылғы 23 қазандағы жарлығы бойынша қазақ даласында дуандардың орнында уездер ашылып, уездерде болыстық (волостной) мекемелер құрылатын болады. Уезд басшысы орыс чиновник, орынбасары немесе көмекшісі қазақ мырзасы, болыс басшысы қазақ, оның төрт биі де қазақ,, сол төрт бидің бірі болыс басшысының орынбасары (кандидат) болатыны жарияланады. Әр болысқа мың үйден қарайтын болады. Мың үйді жүз үйден бөліп, он ауылнай басқаратын болады. Он ауылнай болыс бастығына бағынатын болады. Сол Ресей патша өкіметінің 1868 жылы 21 қазандағы жарлығы шығардан бірер күн бұрын Есеней сырқаттана бастайды. Жасында батыр болып, қысы-жазы жорықта жүрген Естемесұлы сардардың

кей жылдары қыс күнінде мұз төсеніп, қар жастанған кездері де аз болмаса керек. Сол кезде оның денесіне суық өтіп кеткен көрінеді. Есеней оны елең қылмай, жүре берген сияқты. Ақыры сол суық оның қартайған шағында ауруға шалдықтырады. Естемесұлын Ресей өкіметі пенсияға шығарады. 1868 жылдың аяғында болыс сайлауы уақытша тоқтатылады. 1869 жылдың жазының басында Сарыарқаның барлық жерінде болыс сайлауы болып, волостной управительдер сайланады. Бұрын аға старшиналар басқарған рулы елдер енді бірнеше болысқа бөлініп кетеді. Тоқа руының кейін бүкіл Қарпық елінің аға старшинасы (рубасы) болған Шоң мырза Телғозыұлы енді Қараағаш болысының басқарушысы (волостной управителі) болады.

1869 жылы – жылан жылы тамыз айында керек дүниелерді сатып алу үшін өз керуенімен бірге Шоң да Қызылжар аймағындағы атақты Болатынай жәрмеңкесіне ертерек аттанады. Олар бірнеше күн жол жүріп, Болатынайға (қазіргі СҚО Жамбыл ауданына қарасты Новорыбника селосы. Бұл село үлкен жәрмеңке орталығы болған) жетеді. Керуенін Болатынайда қалдырып, сол арадан онша алыс емес Бүркеуде (Жамбыл ауданы Жаңажол ауылына қарасты жер) отырған Есенейге сәлем беруге аттанады. Есенейдің сырқаттанып қалғанын, жасы ұлғайып демалысқа шыққанын Шоң болыс сайлауы кезінде естіген екен. Бас кеңесші болып тұрған шағында Есенейдің Шоңға шарапаты тиген кез де болса керек. Базарға сатуға әкелген биелер мен іңгендерден, нарлардан таңдап, бір боз бие, бір боз іңген, бір ақ нарды алып, нарға кілем жауып, қоржынға құндыз ішікті салып, Шоң төрт нөкерін ертіп, Естемесұлының ақ үйлі ауылына келіп жетеді.

Қуандық Арғын Шоң болысты Есеней ауылының жігіттері жақсы қарсы алып, оны, нөкерлерін аттан қолтықтап түсіреді. Аттарды, жетектеп келген биелерін кермеге байлап, іңгендер мен нарды бөлек байлайды. Меймандарды бастап, Есеней отырған он екі қанат ақ ордаға есік ашып, жігіттер кіргізеді. Шоң мырза мен оның нөкерлері үйге сәлем беріп кіріп келіп, Есенейге қол беріп амандасады. Олар барғанда, Естемесұлы бек (1798-1871жж) төрт кішкене мықты доңғалақты тақтың үстінде отырады. Қонақтардың сәлемін ел ағасы алып, «меймандар, төрге шығып отырыңдар»-дейді. Онан соң амандық-саулықты

сұрайды. Жігіттері бір тегене қымыз, бір тегене шұбат әкеп қонақтардың алдына дастархан жайып, соның үстіне қойып, шара аяқтарға құйып, меймандарға ұстатады. Дастарханға түрлі тағамдар қойылады.

Шоң мен оның нөкерлері Есенейдің көңілін сұрайды. Естемесұлы мырза өзінің аяқ астынан қатты науқастанып, аяқ-қолы жансызданып қалғанын айтады. Сонан соң ол бас шабарманын шақырып алып: «Он сегіз қанат қонақ үйін тіктірі. Меймандарға семіз үлкен тай сойыңдар!» - деп, бұйрық береді.

Шоң мырза мен оның нөкерлері өздері әкелген тарту-таралғаны Есенейге береді. Ол: «Бекер әкелгенсіңдер. Ұят болады. Мен әркімге жасаған азғана жақсылығымды сатпаймын!» - дегеніне қарамастан, Шоң оның иығына қоржыннан алып құндыз ішік жабады. Бас шабарман Қазақ деген орта жастағы Есенейдің нөкері Шоң берген боз іңген мен боз биені, ақ нарды қабылдап алып, меймандарға алғыс айтады. Есеней де Шоңға алғыс айтады.

Дереу жігіттер он сегіз қанат ақ үйді тігіп, ішіне төсеніш төсеп, меймандарды сонда отырғызады. Есенейді де сол ордаға апарады. Үлкен семіз асау тайды ұстап әкеп Шоңнан бата сұрайды. Шоң малға бата береді. Тайды жығып, төрт аяғын буып, жігіттер бауыздап сояды.

Қонақ үйге Есеней ауылының адамдары, көрші ауылдардың кісілері келіп, меймандарға сәлем береді. Есеней оларға қонақтарын таныстырады. Естемесұлының Матақай керей Көрпе, Атығай Тоғыжан деген екі ақыны бар екен. Қонақтардың келу құрметіне екеуі кезекпен өлеңдер шығарып айтады. Меймандардың алдарына дастархан жайып, шай береді. Мәжіліс басталады. Сонда Шоң мырза Есеней қазыға: «Батыр аға, ғафу етіңіз! Әңгімемен ұмытып та бара жатырмын. Осыдан үш жыл бұрын Созақ жаққа барғанымда, Сізге Бопай деген құдашаңыз сәлем айтып еді. Одан бері сізбен жолыға алмадым, құдашаңыздың сәлемін қабыл алыңыз!»-дейді. Естемесұлы қазы: «Ол құдашам, саламат болсын! Сол Бопайды көрмегеніме биыл отыз бес жыл болды. Ол да жетпіске келіп қалды. Қыз кезінде керемет қалжыңбас еді. Менің Бопан келінімнің туған апасы ғой. Кенесарының да ол апасы. Қасым сұлтанның қызы, Марал ишанның жиені!»-деп, тоқтап қалады.

Ордаға жиналған жұрт Арғын мырзасының Есенейді сөйлеткелі отырғанын сезіп қуанып қалады. Сонда Шоң сөзін әрі қарай жалғастырып: «Ұлық аға, сіз сол құдашаңыздың бірінші ерін танитын ба едіңіз?» - деп Есенейге сауал қойыпты. Ол сауалға Естемесұлы: «Танығанда, қандай? Бопайды Әбілхайыр сұлтан немересі Тәуке төре Досан деген ұлына атастырып әперген еді. Бопай соған зордың күшімен барды-ау деймін. Неге екенін кім білсін? Досанды менсінбей, Бопай балаларын алып, ағаларының, әкесінің көздері тірісінде төркініне қайта оралып, Кенесары інісінің соғысына қатысып, бір топ әскерді бастап жүрді дегенді естідік. Онан кейін қайда жүргенін білмейміз!» - дейді.

Ертедегі қазақ бектерінде таңертең құлындары желіге байланған биелерді немесе боталары желіге байланған іңгендерді кешке дейін сауып, сүттерін сабаға немесе сүйретпеге құйып, кешке таман ол сүттер саумалға айналар кезде араның балын (бір ағаш аяқ) немесе бас қанттың (үлкендігі орташа самауырындай, ортасы тесік) жартысын, бір шелек шие, қазы-қартаның бір бөлігін кесіп салып жіберіп, түн асырып қымыз, шұбатты баптап ішу дәстүр болған. Есеней сол дәстүрді мықты ұстаған ХІХ ғасырдағы қазақ бектерінің бірі болыпты. Сондай баптаған қымызбен шұбат құйылған тегенелер қонақ үйге әкелініп, Шоң мырза мен оның нөкерлерінің, сонда отырған барлық кісілердің алдындағы дастархандарға қойылып, жігіттер ожаумен сапырып-сапырып шара аяқтарға құйып, үйде отырған бар адамдарға бір-бірден жағалата ұстатады. Қонақ үйдегі әлеумет қымыз бен шұбаттан бір-бір жұтып, алдарына шара аяқтарды дем алып ішпек болып, қойып, әңгіме тыңдамақ болады.

Шоң мырза Есеней қазыға қарап:

- Батыр аға, сізге қояр бірнеше сауалым бар еді. Егерде қарсы болмасаңыз, соларды бізге ұғындырып берсеңіз, жөн болар еді.

Есеней:

- Күнде келіп жатқан жоқсың ғой. Сауалдарыңды қойып көр. Білсем жауап берейін.

Шоң мырза:

- Қасыммен әкеңіз құда болды ма? Әлде өзіңіз құда болдыңыз ба?

- Қасымның қызы Бопанды бөбек кезінде онымен бір жылда туған ініме атастырған әкем Естемес еді. Еменәліге Бопанды айттырып, әкем Естемес Қасым төремен бесік құда болды. Өйткені, екеуі әуелден үзеңгілес жолдас, дос болған.

Шоң мырза:

- Сізге Бопай құдашаңыз қыз кезінде ғашық болғанын өзі айтты. Сол рас па?

Есеней қазы:

- Балам-ай, бұндай сауалды қоймасаң да жарайтын еді. Амал жоқ. Сұрағыңа жауап қайтарайын. Мен ажарсыз кісілердің біреуімін. Бопай өңді әйел. Жас қыз кезінде ол тіпті ажарлы болды. Бопай екеуміздің арамызда ғашықтық болғаны шындық. Бірақ біз қосыла алмадық. Оған әкешелеріміз кінәлі емес. Жазмыштың ісі солай болды. Бопай ханша екеуміздің қосыла алмауымызға екі себеп болды. Біріншісі: менің ағам Есенкелді қайтыс болды да, он жеті жастағы маған оның келіншегі Ғайнижамалды қосты. Екіншісі: Досан, Сортек Әбілхайыр сұлтан ұрпақтары менімен замандас, жақсы таныс жігіттер еді. Біреулердің ақ батасын бұзуды хош көрмедім. Оның үстіне, жеңге алған келіншегім-Ғайнижамал артықша әйел еді. Оны ренжіткім де келмеді. Қайын атам Байтоқа өте тәуір кісілердің бірі еді. Ол кісіні де өкпелетуге болмайтын еді. Жалпы бата бұзуға болмайды ғой.

Шоң мырза:

- Бопай құдашаңыз сіздің биік адамгершілігіңізге, батырлығыңызға ғашық болыпты. Оны да өзі айтты.

Есеней қазы:

- Ой, балам-ай, Бопай құдашам да жоқ сөзді айтқан екен. Жұрттың бәрі батыр бола бере ме? Досан төре батыр болмаса да, біреудің мәпелеген баласы, өз ауылының мырзасы болатын.

Шоң мырза:

- Аға, сізді ел Есенкелді, Саржан Қасым ұлдары төрелермен үзеңгілес жолдас болды дейді. Оған не айтасыз?

Есеней қазы:

- Балам, сұрағың орынды. Қасым төре біздің Керейге күйеу еді. Оның екінші бәйбішесі-Бибі Нұрымбет керей атақты Құрбан батырдың қызы еді. Ал, бірінші әйелі – Қант Кіші жүз Он екі ата Байұлыға жататын Алтын руының қызы екен. Есенкелді, Саржан сол Қанттан туған. Қасыммен әкем Естемес дос болды. Өзім Қасымның Ағадай деген баласымен құрдас едім. Сондықтан Есенкелді, Саржан, Ағадай, Бегадай Қасым ұлдарымен дос, жорықтас жолдас болдым. Олармен бірге кәпірлерге қарсы соғысқа алты жыл бойы қатыстым. Соған бола маған орыс патшасы ұлықтары 1847 жылға дейін сенбей келді. Менің Қасым балаларымен, Ғұбайдолла Уәлиханұлымен дос

болуыма екіншіден, Қасым сұлтанның балдызы Марал ишан менің ұстазым, елдесім болғандықтан, оның жиендерімен дос болған едім.

Шоң мырза:

- Қасымның екінші бәйбішесінен туған ұл-қыздар кімдер?

Есеней қазы:

- Қасым төренің екінші бәйбішесі – Бибі апайдан Ағадай, Бегедай, Кенесары, Уақ, Шуақ, Сапақбай, Әбілғазы есімді ұлдар, Бопай, Бопан, Бопыш есімді қыздар туған. Бопышты Көшебе керей атақты Маманай би өзінің кейінгі ұлдарының бірі – Мәненбайға атастырып, қалың малға қырық жетіні қырық матап беріп алып берді. Мәненбай батыр Бопыштан Қайынбай, Терекбай, Талдыбай атты үш ұл көрді.

1841 жылы мамыр айында Нұралы керей Ақсары, Шарыш есімді, Құдайберді Атығай Зілғара-Шопан атты, Бәйімбет Атығайда Жалғыз батыр, Шоға Уақ Маңтөбет деген, Ноғай Қарауыл Кемел деген мырзалардың жылқы, түйелерін жаудан айырған Мәненбай батыр ауыр жараланып, оны ауылына жауынгерлер найзаға салып әкеле жатқанда, жолда қайтыс болыпты. Сүйегі Толыбай сыншы бейітіне жерленген. (Гүлтөбе жерінде).

Шоң мырза:

- Көгедей, Көшек төрелерді ел Қасымның асырап алған балалары дейді.

Сол рас па?

Есеней қазы:

- Балам, бұл сауалың да дұрыс. Бірақ мен асқан шежіреші емеспін. Сонда да білгенімді айтып берейін. Қасыммен бір шешеден туған Қамбар төре Абылай хан ұлы да, оның әйелі де қайтыс болып, олардың Көгедай, Көшек деген ұлдары жастай жетім қалыпты. Сол екеуін де отау үй қып шығарған екен. Олар асыранды болғанда, бөтен емес, Қасымның інісі Қамбардың балалары. Ағадай, Бегедай, Көгедай – үшеуі де кәпірлермен соғыста жас жігіт кездерінде шейіт болды. Олардан перзент қалмады. Уақ, Шуақ, Санақбай да кәпірлермен соғыста шейіт болыпты.

Шоң мырза:

- Сардар аға, құдаңыз Қасым сұлтанның үшінші әйелі Асылтас балдызы дейді. Сол сөз?

Есеней қазы:

- Ол – шындық. Бұл сөзіңнің шет жағасы маған да тиіп кетеді. Ондай жағдай өз басымда да болды. Оны естіген де шығарсың. Асылтас апай да Құрбан батырдың қызы. Оның күйеуі – Көшебе керей Есет батыр деген мықты кісі еді. Есет қайтыс болған соң, оның ағайындары батырдан қалған балаларды, дүние-малды өздері алды да, Асылтасқа дүние-малдан үлес беріп, оған төркініне баруға рұқсат етті. Асылтас төркінінде бір-екі жыл жесір отырған шақта, Бибі апай науқастанып, өзін күтуге Асылтасты алдырып, ақыры ері – Қасым сұлтанға қосты. Қасымның Асылтастан туған алғашқы балалары жастай шегінеп кетті. Кейін Қасым төреден 1821 жылы – жылан жылы наурыз айында Асылтас Наурызбайды тапты. Наурызбай туған соң, қырық бес күннен кейін Асылтас апай ауырып қайтыс болған. Наурызбайды жас шаңырақтың иесі Кенесары төре Қасымұлы мен оның жас келіншегі –

Күнімжан Өтетілеуқызы (елі – Қуандық Арғын ішінде Алтай) бауырына салып асырап тәрбиелеп өсіреді. Науан айым деп Кенесары мен Күнімжан оны қатты еркелетті. Наурызбай төре ағасы Кенесары мен жеңгесі Күнімжанға тұңғыш баласы есепті болды.

Шоң мырза:

- Сардар аға, осы Ержан мен Құдайменде Қасымның өз балалары ма, әлде немерелері ме?

Есней қазы:

- Балам, осы арасын өзім де ажырата алмаймын. Өйткені, мынау балаларыңыз ба я болмаса немерелеріңіз бе деп Қасым құдадан сұрауға ұялдым. Біреулер Ержан мен Құдайменде Саржан төренің алғашқы ұлдары екен. Бірақ ол екеуін естерін білмейтін бір жастағы кездерінде бірінен соң бірі Қасым мен Бибі апай бауырына салып, өздері тәрбиелеп өсіргендіктен, олар Саржанды әкеміз демей, ағамыз деп санаған дейді. Ержан Наурызбайдан он бес жастай үлкен еді, Құдайменде он үш жастай үлкен еді. Наурызбайды батырлыққа бала жасынан баулыған Ержан ағасы. Ержанды, Уақ, Шуақ, Сапақбайды батырлыққа Кенесары мен Шұбыртпалы Арғын Ағыбай баулыды. Енді біреулер Ержан мен Құдаймендені Бибіден туған Қасымның өз балалары дейді. «Бір биеден ала да, құла да туады», - дегендей, Ержан батыр болғанмен, Құдайменде батыр болған жоқ. Ол жездесі менің інім Еменәі сияқты момын еді.

Шоң мырза:

- Батыр аға, Қасымның төртінші, бесінші әйелдері туралы не айтасыз? Олардан кімдер туды? Үсенді төрелер неге Қасым балаларының санатына жатқызбайды? Осылар жайында білгім келеді.

Есней қазы:

- Ай, ұлым-ай, мені көп сөйлетіп жібердің ғой. Сауал қойдың ғой, енді жауап берейін. Қасымның төртінші, бесінші әйелдері Қарауыл елінің жесірлері. Қарауылда Жолдыбай деген жақсы батыр болды. Ол мына біздің Ашамайлы Керейдің Көшебе елінен шыққан Шақшақ бидің он жеті көкжал ұлдарымен дос болды, менің ағам Есенкелді де солармен жорықтас жолдас болды. Бұлар сауда да жасайтын еді. Олар Астрахан шаһарына керуенмен барып, сауда жасап жүріп, жәрмеңкеден елге беттегенде, сол маңда түнеген көрінеді. Таңертең тұрып, Шақшақ балалары, керуеншілері беті-қолдарын жуып, шай қайнатып, дастарханға айнала отырып, шай іше бастағанда, арқандаулы тұрған аттарының арқандарын қиып жіберіп қалмақ қарақшылары сайгүліктерді қуып айдап кетеді. Бұлар аттарды арбалардан алыстау жерге шөп оттасын деп арқандап қойған екен, өздеріне бұрын ешкім батып, соқтығып көрмегендіктен, жайбарақат отырса керек. Сол аттардың ішінде Шақшақ бидің ұлы Өстемір батырдың екі бәйге боз атының бірі бар екен. Бұлар да осал кісілер емес қой, нарларға, атандарға мініп қуады. Ақыры өкшелеп қуып жетуге айналған соң, жаулар боз ат пен қара жорға аттан басқасын қалдырып, қашып құтылыпты. Боз ат пен қара жорға атқа екі жау мініп, босаңсыған екі атты тастап қашады. Біздің керейлерге жеткізбей, өз елдеріне дұшпандар таяп қалады. Жауынгерлер аз болған соң, Өстемір батыр

жауларды еліне дейін қууға бата алмай, кейін қайтады. Соған кектенген Шақшақ балалары елден жасақ жинап алып, сол жылдың өзінде де, одан кейін де Еділдің арғы бетіндегі қалмақты бірнеше рет барып шапты. Шапқан сайын олжалы болып қайтып жүрді. Соңғы рет қалмақты шапқанда, біздің керейлер баяғы боз арғымақ пен қара жорға атты тауып алып, көп олжамен оралды, бір сұлу қыз әкелді. Сол қызды Сексен хажы Шақшақұлы Қарауыл Жолдыбай батырға сыйға тартты. Соған разы болған Жолдыбай басқа олжа алмай, керейлерге алғыс айтып, бұрынғыша разы боп аттанды. Дүние-малдан өзіне тиген үлесін алмай, Керейлерге қалдырған соң, бұлар Жолдыбайды тоқтатып, тұтқынға түскен орыс қызын тағы берді. Сөйтіп, екі қызды Жолдыбай ауылына алып кетті. Жолдыбай батырдың Байқадам деген жаңа пері атанып жүрген жауынгер бозбаласы бар еді. Байқадам жаңағы екі бой жеткен қызды да Есіләм дініне кіргізіп, мұсылманға айналдырып, өзіне әйел етіп алмақшы болып, әкесінен рұқсат сұрайды. Әкесі оған атастырып, қалың малын төлеп қойған қалыңдығынды алып келіп, той өткен соң, әлгі қызды алуға рұқсат ететінін айтады. Байқадамға Жолдыбай батыр өздерінің Бес Мейрам Арғынына жататын Қозған Арғынның Атбасар жерінде мекендейтін бір атасынан шыққан Асат, Сүтемген деген ағайынды екі батырдың Манат есімді бойжетіп отырған қарындасын атастырған екен. Байқадам ұрын барады. Сонда қайынағаларымен шайқасып қалып, қаза табады. Байқадам қайын жұртында қалыңдығы Манатпен жолыға алмай қаза тапқан түні Қарауыл Жолдыбай батырдың ауылын Қасым сұлтан жасақ ертіп барып шауып, мал-мүлкін, әлгі Керейлер сыйға тартқан бой жеткен орыс қызы мен қалмақ қызын – бәрін олжалап өз ауылына алып қайтады. Соның артынан бір жұмадан кейін Қасым сұлтан өз нөкерлерін ертіп барып, қырық жетісін қырқа матап беріп, Асат, Сүтемген батырлардың қарындасы Манатты әйелдікке алып келеді. Манатты Қасым некелеп, төртінші әйелі етіп алды. Ол екі қабат қалмақ қызын некесіз әйелім деп есептеді, жүкті орыс қызын Қасым бір төлеңгітіне қосты, одан туған перзенттің ұл екенін де, қыз екенін де білмеймін. Жолдыбай батыр үйіне әкелген бір қалмақ, бір орыс қызымен Байқадам жақындасып қойып, содан екі қыз да жүкті болыпты. Қасым некесіз әйел санаған жүкті қалмақ қызы жас босанып, ұл тапты. Оның есімін бір төлеңгіт Үсен қойыпты. Үсенді төрелердің Қасым ұлдарының санатына қоспау себебі – осы. Қасым Үсеннің шешесін күң есебінде ұстады. Қасымның Манат деген әйелінен Алтыншаш, Кенжебике деген екі қыз туды. Алтыншашты біздің керей Итіке батыр Жандосұлы өзінің кіші баласы Қошқарбайға атастырды. Қошқарбай батыр Итікеұлы Кенесары-Наурызбаймен бірге Қырғыз манапарының қолынан қаза тауыпты. Алтыншаш көшіп келген. Қош қарағайда тұрады. Мына апа-жездесі Еменәлі мен Бопанға да, осы үйге де келіп, қонақ боп қайтып жүреді. Кенжебикені Бидалы Уақ Мақаш қажы Қасаболатұлы өзінің Қожық деген баласына атастырып әперді. Саржанның қызы Қарашашты Нұралы керей Ақсары, Шарыш мырзалар кіші інісі Кеген мергенге атастырған. Кеген де Кенесары-Наурызбаймен бірге Қырғыз манаптарының қолынан қаза тауыпты. Қарашаш та жау қолына тұтқынға түсіпті. Кенесарының Қырғызбен соғысын

Кенесарыға төлеңгіт болып жүріп, қырғыздың шабындыда қолға түскен қыздарын әйелдікке алған, Есіләм дінін қабылдап, мұсылман болған осы жақтың екі орысынан естідік. Ол екі орысқа кешірім қағазын менің жездем Табей Барлыбайұлы әперді. Мұсылман болған сол Аманжол (орысша аты - Мануил), Мәткерім (орысша аты - Дмитрий) деген орыстарға осы арадағы орыс атаулы түгел қарсы. Сондықтан ол екі азамат қазақтарға паналап, жан сақтап жүр. Олар да орта жасқа келіп қалды.

Шоң мырза:

- Кенесары құдаңызды әуелде ұлықтарға білдірмей, қолдағаныңыз рас па?

Есеней қазы:

- Ол – шындық сөз.

Шоң мырза:

- Батыр аға, солай қолдай тұра, кейін сізді Кенесарыға қарсы болған деседі. Ол қалай?

Есеней қазы:

- Әуелде дос, құда Кенесары сұлтанға қарсы болған себебім халыққа аян іс еді. Оны естіген де боларсың?

Шоң мырза:

- Естіген жоқпын. Аға, әуелі сұрайтыным былай: Кенесарының патшаға қарсы шығуы, майдан ашуы дұрыс па, әлде бұрыс па?

Есеней қазы:

- Кенесарының патшаға қарсы аттан салуы дұрыс! Себебі, жұртымыздың келешегі үшін кәпірлерге қарсы күресу әбден керек болатын.

Шоң мырза:

- Сардар аға, сіздің Кенесарыға әуелде ақыл айтқан деседі. Сол айтқан пайдалы насихатыңызды естіік. Ренжімесеңіз, бізге айтып бергеніңіз жөн болар еді.

Есеней қазы:

- Балам, мен ақылды да, данышпан да кісі емеспін. Тек қатардағы бектердің бірімін. Бірақ өзіміздің мұсылмандардың болашағын ойлап, Кенесары құдама пайдалы да, жанды да кеңес айтқаным рас! Ол кеңес сіздерге ұнауы да, ұнамауы да мүмкін. Сонда да айтып көрейін.

Біріншіден, Кенесарыға Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдерінің жерінен майдан ашуға болмайтынын айттым. Өйткені, бұл Төрт момын жұртының Марал ишан бастаған соғысы (ғазуат) 1821 жылдың қазан айының аяғында ғана тоқталды. Мен ол соғысқа он жеті жасымнан бастап, үзіліссіз қатыстым. Біз соғыс кезінде намазды жүріп келіп жатып оқыдық. Толыбай сыншының өсиетін орындадық. Бірақ зеңбірегі көп орыстардан ұтылды.

Егер Кенесары жерімізден майдан ашса, еліміз қырылып кететін болды. Екіншіден, ешбір қазақ ауылын тіпті басқа да мұсылмандардың ауылдарын шаппау керектігін есіне салдым. Саржанды да осы жайларды айтып, алдын ала сақтандырдым. Саржанға да, одан кейін Кенесарыға да Алтай тауына бекіну керектігін, сол жерден әрбір жаққа жорыққа әскер аттандыру, Алтай, Шәуешекке ауып кеткен біздің Керей-Уақтарды кәпірлер көбеймей тұрғанда,

кейін қайта көшіріп алу қажеттігін, оларды Алтай тауының терістігінен баста, Үшбұлаққа (Үшбұлақ – Омбы облысы мен Новосибирский облысының шекарасындағы қоныстың ескі атауы) дейінгі аралыққа қоныстандыру керектігін және ғазауатқа Сібір Татарларын қатыстыруды, ел ішінде насихатты күшейту үшін жұртты қорқытпай, мүрдтерді әр руларға жіберіп, салауат айтқызып, халықты кәпірлерге қарсы жұмылдыруды айттым! Бірақ мен одан қазақтың кең сахарасын қызғанған жоқпын. Ол Орта жүздің би мен бектерін Сарыарқаны қызғанушылар ретінде ұғынды. Патшаға қызмет етсек те, Кенесарыға бүйрегіміз бұрып тұрды. Тұрлыбек, Табей, Шоңке, Сексен хажы да Қасым ұлдары да осы жағын баса айтты. Біз қоныстардан айырылатынымызды да, аға сұлтандық, заседательдік, рубасылық (ру старшиналығы) биліктерді мәңгілік болмайтынын, қазақтың билері мен бектерінен ел басшылығы кететінін ерте білдік. Осы мәселелерді Кенесарыға ашық айттық. Алайда, ол біздің мақсұтымызды басқаша ұғынды. Шалабай Естектерін, Сібір Татарларын Кенесарының кәпірлерге қарсы бастаған соғысына қатысыруға өзіміз де көмектесетін едік. Алайда, Қасым ұлдары бізді өз мақсұттарына пайдалана алмады. Кенесарының жіберген қателігінің бірі осы еді. Сонымен бірге Қытайлар басып алған (1805 жылы) Алтай тауының бір бөлігі мен Шәуешек маңына қоныстанған (1805-1835 жылдар аралығында Құлынды даласынан ауа көшіп барған) Он екі ата Абақ керей мен оларға ілесе көшкен Ашамайлы Керейдің Қарасары, Жәдік, Жастабан, Қарақас, Шимойын руларын, Уақтарды Барнауылдың солтүстігіне көшіріп алып, Омбыға дейінгі аралыққа қайта қоныстандырғанда, сол елдеріміздің жігіттері Кенесарының дайын әскері еді ғой. Оның екінші бір жіберген қателігі – сол елдерді қайта көшіріп алмағандығы! Омбы, Түмен, Қорған, Екатеринбург, Челябин, Тобыл, Томск қамалдарына жиі-жиі шабуылдар жасалғанда, Ресей патшасы Кенесарымен санасуға мәжбүр болатын еді. Өйткені, ол жылдары Қаптауы мұсылмандары да Ресейге қарсы соғысқан еді.

Қасым ұлдарына қарсы орыс әскерін де бастап шыққан жоқпыз. Орта жүзден Кенесарыға қарсы орыс жасағына ілесіп, қарсы шыққандар: Ақмола маңында тұратын Қоңырқұлжа Құдаймендеұлы, Аягөз төңірегінде тұратын Барақ Салтыбай ұлы ғана еді. Қасым ұлдарына болсын, басқа да кәпірге қарсы соғысқан қазақ батырларына болсын, көбінесе, қарсы шыққан, орыс әскеріне көп ілескен Кіші жүз ханы Әбілхайырдың тұқымдары болатын. Кәпірлер татарларға, башқұрттарға жасаған қиянаттарын Керей-Уақтарға жасап, шұрайлы жерлердің көпшілігін тартып алды. Тіпті реті келсе, шоқындыру, балалар саудасын жүргізу әрекеттеріне де көшкілері келді. Әуелі Шақшақ би Көшекұлы, одан соң Арал Құрбанұлы, кейін Марал Құрбанұлы бастаған Батыс Сібірдегі мұсылмандардың наразылықтары, қарулы қарсылықтары кәпірлердің шоқындыру, балалар саудасын жүргізу әрекеттерін болдырмай тастады.

Егер Кенесары біздің ақылымызды тыңдап, оны іс жүзінде жүргізе бергенде, оның кәпірлерге қарсы бастаған әрі діни, әрі ел намысы үшін соғысы осы кезге дейін созылатыны да анық еді. Онда Орыс патшасы қазақтың бірталай жерін босатып та беретін еді, аға сұлтандық билікті де жоя

алмайтын еді. Оның үстіне, орыстар Кенесарымен толық санасатын еді. Алтай тауына орналасқанда, инше Алла, Кенесарыны жау да, жұт та алмайтын еді. Алтай өңірі күнкөріске де қолайлы жер ғой. Аң мен құстың неше түрі сонда бар. Сулы, нулы, таулы аймақ. Онда кен бар. Кенесарыға орыстар ашқан сол кен орнын басып алып, онда кәсіп етіп жүрген кәпірлерді сүннетке отырғызып, Есіләм дініне енгізу керек еді. Солармен бірге қазақ, татар жігіттеріне де кәсіп еткізіп, кенді қазақ, иісі мұсылман пайдаланатын ету керек еді.

Кенесарыға да, оған дейін Саржанға да елден саяқ ат, атан, нар, тоң, шекпен, астық жинап бергенбіз. Кенесары кез келген қазақ ауылдарын орысқа сатылдың деп жала жауып, жазықсыз шаба берген соң, одан қол үздік, жұрттың бәрі Қасым ұлдарын жек көрді. Шындығында Кенесары – Наурызбайдың және оған ерген батырлардың орысқа сатылдың деп орынсыз жазғырған ауылдарының адамдары, біріншіден, сатқын емес еді. Екіншіден, олар орыстың тілін де білмейтін болатын. Үшіншіден, олар орыстың атын естісе, төбе шашы тік тұратын, кәпірлерден жандары түршігетін еді. Төртіншіден, олар ерке балаларын «Орыс келе жатыр, орыс алып кетеді» деп, қорқытатын адамдар еді. Ар жағын енді өзің де түсіне берерсің.

Шоң мырза:

- Сардар аға, бәрі белгілі болды. Бір мәлімсіз жайт-сол! Өзініңдің Кенесарыға қарсы болу себебіңіз айтылмай қалды. Соны айтсаңыз, дұрыс болар еді. Соны естігіміз келеді.

Есеней қазы:

- Кенесары құдама қарсы болайын деген жоқ едім. Бірақ оған халық үшін қарсы болдым. Іші боқ, сырты түк жылқы, түйені Кенесары ауылдарды шаппай-ақ елден тарту-таралғы, сыйлық ретінде-ақ алатын еді ғой. Туған халқымен шабысатын реті де жоқ еді.

Осы өмірімде қырық тоғыз рет жаудан ел жылқысы мен түйесін айырдым. Сол айырып алған жылқы мен түйенің бірталайын Кенесары жасағынан қайтарып алып едім. Менің Кенесарыға қарсы болғаным – Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл руларының жылқы, түйелерін оның жасағынан айырғаным еді.

Кенесары жасағы үшін бай-жарлы бәрібір болды. Олар байлардың жылқы-түйесіне қоса солардың мандарындағы ауылдардың жылқы-түйелерін айдап кетіп жүрді. Қасым ұлдары әскері тартып әкеткен жылқы-түйелердің ішінде әлді шаруаның да, орта шаруаның да, жарлынының да, баласыз шалкемпір де, жетім-жесірдің де, кемтардың да малдары кетті. Халық зар қағып жылады.

Кенесары өзіне саяқ аттар мен атан-нарларын берген Бидалы Уақ Қожық мырзаны екі рет шапты. Оның жылқы-түйелерін, Алтыбас Қыпшақ Балғожа би, Жанғожа Жаңбыршы ұлдарының жылқы-түйелерін Кіші Арғынның Таз атасынан шыққан атақты Шоқай би Балқанұлы барып, Кенесарыдан алып қайтқан екен. Кенесары жасағы Уақ Маңтөбет мырзаның ауылын шауып малын айдап кеткенде, оны Көшебе керей данқты батыр Сегіз сері айырып алып қалып, иелеріне қайтарып берді. Кенесары өз нағашысы Марал

ишанның Сыр бойынан Аманқарағайға (Аманқарағай орманы мен ондағы әуликөл – екеуі Марал ишанның әкесі Құрбан батырға қалмақтармен соғыста көрсеткен ерліктері үшін Қожаберген ордабасы – жыраудың сыйлыққа берген қоныстары. Сонымен қатар, Аманқарағай – Қызылжар аймағының батыс жақ шеткі бөлігі. Осы күні Аманқарағай орманы Қостанай облысына қарайды) көшіп барған балалары: Алтай, Қалқай ишандардың ауылдарын әскер жіберіп шапқызып, жылқы, түйелерін айдатып алғызған екен. Оны Көшебе керей Тілен қазы Бағдатұлы барып, Кенесарыдан қайтарып алып, Марал ишан балаларының өздеріне табыс етті.

Нұралы керей ақсары Шарыш мырзалардың, Атығай Зілғара, Шопан Байтоқа ұлдары мырзалардың, Ноғай Қарауыл Кемел мырзаның, Жансары Уақ Жарылғамыс мырзаның, Бәйімбет Атығай Жалғыз батырдың жылқы-түйелерін 1841 жылы - сиыр жылы мамыр айының бас кезінде Кенесары әскері айдап кеткенде, солардан жылқы-түйелерді Көшебе керей Қуаныш батыр Баһрамұлы, Сазанбай батыр Маманайұлы үшеуіміз қол бастап барып айырып, өз иелеріне табыс еттік. Осыдан кейін үш ай өткен соң, сол 1841 жылы қыркүйек айының басында ел жайлаудан келген соң, Кенесарының елшілері келіп, бізбен бітім жасады. Елшілікке Кенесарының інілері: Құдайменде, Әбілғазы, Орта жүз Арғыннан оған ілескен Ағыбай, Әлке, Базар, Жанайдар, Жәуке батырлары келді. Құранды көкіректеріне ұстап, олар бізбен соғыспасқа серт етті. Сонан кейін қайта тату боп кеттік.

Біз Кенесары әскері жеріміз арқылы өтіп, орыс патшасы бекіністеріне шабуыл жасағанда, оларға еш уақытта кедергі жасаған жоқпыз. Стап (Пресногорьковка), Островка (Жаңа қала), Михайловка, Кіпитан (Преснов), Дубровной, Саржан (Сенжарка), Становой, Мәуліт, Қызылжар бекіністеріне Кенесары жасақтары шабуылдар жасағанда, біз кәпірлерге болысқан жоқпыз. Тек қана Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл жерлеріне Кенесарының әскер топтастырып шоғырландыруына келіспедік. Себебі, екі оттың, екі жақтан жауған оқтың ортасында қалатын болдық.

Ресей патшасының жерге тоймас шенеуніктері қайғылы белдеуді мықтап орнықтыру үшін, 1822 жылдан бастап, 1835 жылдың күзіне дейін Қорған мен Шатыра (Шадринск орналасқан қоныс) жақ беттегі қазақ ауылдарының бірталайын бірте-бірте әскер күшімен көшіріп, жұртымызды сирете бастады. Сол көшкен Балта, Сыйбан керей ауылдарының біразы Көкшетау өңіріндегі Мәтеннің қарағайын ертеден мекендеп отырған Керейлерге көшті.

1826 жылы – ит жылы Бағылан (Бағылан 1734 жылы сол кезеңдегі қазақ халқының ауыр жағдайын пайдалана отырып, Ресей отаршыларының сауда пункті ретінде орналастырған Звериноголовка бекінісінің қазақша аты. Ол Тобыл өзенінің жарқабағындағы Керей Бағылан бидің арғы бабасы Ашамайлымен қатар. Бағылан (Звериноголовка) Қорған облысының Половинка (Ақсиыр) ауданына қарайды) мен Қызылжар аралығында хутор ретінде қазақ орыс ауылдары қаптай қоныстанды. Әуелде бұл аралықта Стап пен Становой ғана бар еді. Ол ауылдар әуелде жиырма үйден болса, 1840 жылы – тышқан жылы әр қайсысының саны

жүз үйге дейін көбейіп, казак орыс станциясы деген атпен жаулап алушылардың бекіністеріне айналып, қайғылы білдеуді құрап жіберді.

1734-1752-1772 жылдар аралығында Бағыланнан бастап қазақтың шеткі жерлерін татар жерлеріне қоса ішіне алып, Қызылжарға дейін жарты шеңбер жасай алғашқы жүргізілген қайғылы белдеудің бойындағы хутор атаулыны бекініске айналдыра бастаған кезінде 1773 жылы – жылан жылы жазда Ресей патшасы әскерлеріне қарсы Шақшақ би бастаған Батыс Сібір мұсылмандарының қарулы аттаныстары басталып, Сартай бастаған қаруланған жасақ оларды түгел құртып, алғашқы қайғылы белдеу жойылып кетіпті. Әрине, Ресей патшасы қазақ-қалмақ соғысын пайдаланып, қайғылы белдеуді жүргізген ғой.

Қазақтың жерін өздерінің жері деп көрсету үшін, орыс ұлықтары 1826 жылы жазда жүргізген қайғылы белдеудің бойына қоныстана бастаған хуторларды алғашқы жойылып кеткен қайғылы белдеудің бойындағы хуторлардың аттарымен атауды дағдыға айналдыруда.

Кәпірлер өздерінің мұсылмандардан жеңілген кездерін қағазға түсірмей, тек жеңген уақытын ғана хатқа тіркейтін сияқты. Қазақ жерлерін өзінікі ету үшін бос жатқан жерге келіп қоныстандық деуден немесе қалмақтан жеңілген қазақтар біздің қолтығымызға кеп паналады деуден Ресей патшасы кінәздері мен ұлықтары тайынатын емес көрінеді. Соны хатқа түсіруге әрекет жасап жүргенін Батыс Сібір шекаралық комиссия бастығының бірінші кеңесшісі Көшебе керей Байдалы мырза айтты. Мендей емес Байдалы орысша хатқа жүйрік кісі. Оның сондай жазбаны көзі шалыпты.

1826 жылы жаздан бастап, қайғылы белдеудің жүргізілетінін көрген соң, соның келер жылында – 1827 жылы – доңыз жылы жаздың басында Ресей патшасының келісімінсіз кезінде Батыс Сібір мұсылмандары аталатын Шалабай естектері, қазақтар, татарлар өздері көсем, Бас мүфти сайлаған қолбасы-батыр Марал ишан Құрбанұлы (Марал ишан Құрбанұлы өз тұсында өте көреген, алдағыны дұрыс болжайтын, айтқаны тура келетін білімпаз, аруақты, қасиетті, үлкен емші, халықты соңына ерте алатын зор қабілетті кеменгер адам болған екен. Оның қасиетті кісі екені іс жүзінде дәлелденген): «Кәпір жайлаған жерде тұрмаймын», -деп, Есілдің саласы – Есет өзені (Есет өзенінің атауы басқа болса керек. Есіл өзенінің бұл саласы 1745 жылдан бастап Көшебе керей Есет баһадүр Қожаберген жырау ұлының (1688-1772жж) атымен аталған. Өйткені, Есет сардар 1745-1771 жылдары Сібір татарларына қазы болып, ел басқарғанда, өз есімімен аталатын осы Есілдің саласының бойындағы тоғайларды иемденіп сонда қыстаған. Есет өзені – Түмен облысындағы ағын су) бойындағы қонысынан ауа көшіп, Сыр бойына барды. Марал ишанға өз елі – Нұрымбет керейден азғана үй еріп және Балта, Сыйбан, Көшебе, Күрсары керейлерден аздаған шаңырақтар ілесіп кетті. Сөйтіп, ұстазым – Марал ишан Сыр бойына тұрақтап қалды. Ақыры ол сонда ауырып қайтыс болды. Марал қайтыс болған соң, оның асы өткен соң, Құрбан ұлы ишанның күмбезінің маңында бір ауыл ғана керей қалып, басқалары өздерінен бұрын көшіп барып, Аманқарағайға қоныстанған Алтай, Қалқай Маралұлы ишандардың маңдарына көшіп барыпты.

Қоныстардың тарылуы Керей байларының сандарының азаюына әкеп соқты. Жер-суынан айырылған Керейдің ірі шонжарлары малын азайтып орташа байға, орташа бай әлді шаруаға, әлді шаруа орта шаруаға, орта шаруа кедей шаруаға, кедей шаруаның бірталайы малайға, жалшыға енді бірталайы өмірден түңіліп, орыс көпестерінің керуендерін тонайтын қарақшыларға айналып кетті. Сөйтіп, халқымыз ата мекенінен айырылып жан-жаққа босып кетті.

Өзіміз де жылқы санын оң мыңға, түйе санын бес мыңға түсіріп азайтып едік. Өткен жылы сырқаттана бастаған соң, өзіміздің Қызылжар аймағындағы Ашамайлы керейдің жарлыларын, жетім-жесірлерін, кемтарлары мен мүскіндерін жаршы жұмсап шақырып алып, баталарын алып, өзім дүниеден өткен соң, дұғаларынан қалдырмауларын ескертіп, жылқының да, түйенің де жартысынан көбін соларға үлестіріп жібердім.

Мен сиыр мен қой-ешкі көп өсірген жоқпын. Жалпы біздің Төрт момын аталатын Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдерімізде сиыр, қой-ешкіні көп өсіру салт болған жоқ.

Түйе өсімі аз мал болса да, оны мен жасымнан көп өсірдім. Ол-менің ата кәсіптерімнің бірі. Біздің бұл Қызылжар өлкесінде түйе жейтін шөптің барлық түрі өседі. Халқыма разымын. Қай ауылға қарасты сорлардың (тұзды көлдердің) болсын түйе жоғына мен түйелерімді бөліп-бөліп қыстатып шығарып отырдым. Әрине, бәріне де ақысын бердім.

Кенесары құда қайғылы белдеу бойындағы Ресей патшасы бекіністерін әскер жіберіп, шапқыза беруі керек еді. Киімдерін өзгертіп киіп, аттарын да өзгертіп мініп, беттерін перделеп, біздің жігіттер де солармен бірге бекіністерді шабуға қатысатын еді. Бірақ не керек, Кенесары құдам өз жұртымен босқа соғысып кетті. Істі әуелі дұрыс бастаса да, Қасым ұлдары құдаларым аяқ жағын өздері бүлдіріп алды.

Алатауға бармау керек еді. Не Балқаш көлінің оңтүстігін айналып, Аягөзге жетпей, тіке Үржар арқылы Солтүстікке бұрылып, Тарбағатай тауы асулары арқылы Ертіске жетіп, одан салмен өзеннен өтіп, әрі қарай Алтайға асып кетулері керек еді. Ол арада Кенесары әскерін тоқтатарлықтай мықты орыс жасағы жоқ еді.

Болмаса, Кенесары құдама күнгейге қарай із тастап, кілт бұрылып, Баянауылдың терістік жағымен Ертіске жетіп, бірнеше салды дайындап, салмен өзеннен өтіп, әрі қарай Құлынды даласы арқылы Алтай тауының солтүстігіне барып бекініп, бір жылдай дайындық жасап, Ресей патшасына қарсы күресті жалғастыра берулері керек еді. Қазақ ауылдарына соқтығуды пышақ кескендей тоқтатса, оның бұрынғысын халқы да кешірер еді. Кенені ел қайта қолдар еді.

Барнауыл мен Шот қаласының арасында ол кез түгіл қазір де орыс бекіністері жоқ. Шот қаласы (Славгород) мен Кереку арасында да осы күнде орыс ауылдары жөнді жоқ. Біз айтқанды іске қайта асыру керек еді.

Кенесары қазақ ауылдарын шабамын деп, өзінің тірегінен айырылды. Ол қазақ жұртына соқтықпағанда, Ресей патшасына қарсы қырық-елу жыл

соғысуға Қасым ұлдарының толық мүмкіншілігі бар еді. Өйткені, халық оларға былай да көмектесетін еді.

Кенесарының жасы ұлғайса, оның соғысын інісі Наурызбай жалғастыратын еді, ол қартайса, Кенесарының баласы Сыздық әрі қарай соғысты жүргізе беретін еді. Ашық дала мен жалаңаш аласа таулардан гөрі аспанмен тілдескен шындарын қар басып, бұлт ораған, әр биігінен құлай тарам-тарам бұлақ аққан етегінен ұшар басына дейін қарағай, шырша өскен Алтай тауы Қасым ұлдары мен олардың әскерінің бекінуіне лайықты да керек қоныс болатын. Өз ішінде қырқысқан соғыс жүріп жатқан Қытай да Кенесарыларға бірден соқтыға алмайтын еді. Алтай, Шәуешектегі қазақтардың көшіп кеткеніне Қытай қуанбаса, ренжімейтін еді.

Шоң мырза:

- Ұлық аға, Қасым мен оның ұлдары туралы Сізден артық білетін адамды кездестірмедік. Сауалдарыма кең түрде жауап бергеніңізге мың да бір рахмет!

Енді бір сауалым өзіңіз жайында. Сізді ел ата-анасынан он сегіз жасында қалды дейді. Бірақ билікке ерте араласып, ел билігі тізгінін жастай қолға алыпсыз. Сол дәрежеге қалай жеттіңіз? Соны білгіміз келеді. Ол туралы не дейсіз?

Есеней қазы:

- Балам, бұл сауалың орынды болғанмен, бұған жауап беру мақтаншылық сияқты көрінеді. Дегенмен шындықты айтқанның айыбы да болмас. Айтайын.

Мен әулие-пайғамбар емеспін. Аяғым аспаннан жерге салбырап түскен де жан емеспін. Мені бабам – Ер Ақпанбеттің, атам – Сейіт бидің, әкем – Естемес мырзаның аруағын сыйлап, халқым қолдады, ел жақсылары билікке қолымды жеткізді. Әрине, әуелі мені Алла, аруақ, әулие - әнбие қолдады. Әйтпесе, мен сонша кім едім. Тек қатардағы балуан, молда, қатардағы жорықшы батыр ғана боп қалатын едім. Батаны Тіленші⁹ мен Киікбай¹⁰, Қолдас¹¹ берді, бақытты Тоқсан¹² мен Итіке¹³ берді, тақытты Шақшақ берді. Ар жағынан өзің ұғына жатарсың!

Шоң мырза:

- Батыр аға, 1843 жылға дейін қандай қызмет атқардыңыз? Қандай лауазыммен ел басқардыңыз?

Есеней қазы:

- Балам, мен орысша оқыған адам емеспін. Оның үстіне, ол кезде де, біздің азамат кезімізде орыс оқуы мұсылман жұрты үшін салт болған жоқ. Өз туған жерім- Бескөл Қызылжар шаһарына жеті-ақ шақырым болғандықтан, орысша сөйлеуді бала кезімде үйрендім. Он жеті жасқа дейін дін оқуын оқыдым. Орысша хат танымаймын.

Он жеті жасымда Марал ишанның кәпірлерден жер-суды қорғап қалу соғысына қатысып, мұсылмандық парызымды өтеуге кірістім. Ауылдарды аралап, салауат айтып, халықты Отанды сақтау жолындағы, азаттық жолындағы күреске шақырдық. Отанның отын сөндірмеуге тырыстық. Он

сегіз жасымда жүзбасы болдым, жиырма жасымда мың басы – сардар болдым.

Абылай хан заманында әкесі Көшек баһадүрдың орнына Сібір қазақтарына аға шора боп 1768 жылы – тышқан жылы наурыз айында Шақшақ би сайланып, елу жыл ел басқарды. Ол көп шаруа тындырды. Шақшақ ата-бабаларының жолын қуып, шонжарларға бұйрық беріп, бірнеше мешіт, медресе аштырған. Ол егін шаруашылығын, өнершілікті өркендетті.

Шақшақтың өзі де, інілері де, балалары да халыққа жайлы болды. Есіләм дінін де ол бұрынғы дәрежесіне көтеруге тырысты, ақыры дінді мықты өркендетті.

1819 жылдың басында хандық та, шоралық та жойылатын болды. Сол шақта біздің Төрт момын елінің билері мен бектері, батырлары шора билігін сақтауға жанталасты. Сөйтіп, олар маған аға шора болуды ұсынды. Оның алдында сол 1819 жылы – қоян жылы наурыз айының ішінде Керейдің Тіленші, Тоқсан, Киікбай, Маманай билері, Итеке, Нашан, Марал, Қолдас, Сексен, Баһрам батырлары Шақшақ биге: «Сізде, ата-бабаларыңыз да армансыз ел басқардыңыздар. Енді бір жолға жұрт тізгінін аға баласы – Сыйбан керейге берсек қайтеді. Өз ықыласыңызбен орныңызды сізге әрі бала есепті, әрі бөле Есенеіге берсеңіз екен. Ол – атақты Ақпанбет баһадүрдың шөбересі ғой!», -деп, тілек қойыпты. Бірақ менің Сібір қазақтарына аға шора болуыма Еркенекті Уаққа жататын Баржақсы, Шайғөз аталарының адамдары және сол санаттағы Бидалыдан¹⁴ шыққан Сүйір¹⁵ батыр қарсы болыпты. Олар Бидалыдан шыққан Мақаш қажы Қасаболатұлын сайламақшы екен. Оған Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдерінің билері мен бектері, батырлары келіспепті.

1819 жылы – қоян жылы жаздың басында ел жайлауға шыққан кезде, Шақшақ би өзінің билік орын маған беруге келісіп, өзі Қызылжар аймағының шорасы болды.

Хан жайлауда (Керей жайлауында) Керейдің Тіленші, Киікбай, Жаңбыршы, Тоқсан, Маманай билері, Итеке, Қолдас, Сартай, Сексен, Баһрам батырлары, Марал ишан Белгібай, Ырсай, Сексен хажы, Шөңке, Тұрлыбек, Майемер, Табей, Қырғыз сынды бектері Уақтың Ермен биі, Атығайдың Маңдай¹⁶, Тоқтамыс, Құрымсы билері, Байтоқа, Қаратоқа мырзалары, Қарауылдың Бекболат биі, Жолдыбай батыры, Бөгенбай шешені, Өмір сатан мырзалары, Қызылжар татарының Шарафидден, Самед мырзалары оң баталарын берген соң, мені боз іңгеннің сүтіне шомылдырып, үстіме шымқай ақ киім кигізіп, халайық ақ киізге отырғызып көтеріп, Сібір қазақтарының аға шорасы сайлады. Үлкен той жасады, сол жиында жасы ұлғайған Шақшақ би маған ақ батасын берді. Бірақ, Ресей патша өкіметінің ел жаулаушы

⁹Тіленші – Орта жүз Ашамайлы керейдің Көшебе руынан шыққан, Абылай хан тұсынан ел билігіне араласқан қазы, әкесінің аты – Тоқбай.

¹⁰Киікбай – Ашамайлы керейдің Еменәлі руының Таз атасынан шыққан би, әкесінің аты – Айтуған. Ол – Атығай Шал ақынның құрдасы, досы. Тіленшімен қатар шыққан, Киікбай Уәли хан тұсындағы беделді, шешен кісі. Киікбай мен Шал ақын бала жігіт кездерінен үзенгілес жолдас болыпты.

¹¹Қолдас – Ашамайлы керейдің Еменәлі руына жататын Ескене әулетінен шыққан батыр, әкесінің аты – Сандық. Есенеідің әкесі Естемес балуанмен үзенгілес жолдас болған кісі.

¹²Тоқсан – Еменәлі керейдің Алдай әулетінен шыққан Үш жүзге есімі әйгілі би, әкесінің аты – Жабай батыр. Тоқсан – Естемеспен жолдас болған кісі.

¹³Итіке – Ашамайлы керейдің Балта елінен шыққан атақты батыр (1762-1831жж), әкесінің аты Жандос батыр. Жандос – Атығай Құлеке батырдың апасы – Күлімжанды алған жездесі. Итіке мен Қолдас Еснейді батырлыққа баулыпты, Еснейді ел билеуге Тіленші, Киікбай, Тоқсан, Маманай шешендер баулыған екен.

¹⁴Бидалы Уаққа жататын елдер.

¹⁵Сүйір – Уәли ханға қызмет еткен батыр. Сүйір 1765 жылы туып, 1842 жылы қайтыс болған кісі. Есней ел билеген кезде Сүйір орта жастан асқан адам болса керек. Сүйірден ұрпақ қалмапты.

ұлықтары мені шора деп танғысы келмеді. Олар мені Сібір қазақтарының және Қызылжар, Омбы, шаһарларында тұратын татарлардың аға старшинасы ретінде ғана таныды. Қоныстарға тиісе қоймады, салықты да көбейте алған жоқ.

1819 жылы – қоян жылы жазда Шортанды¹⁷ мен Кетрампор¹⁸ аралығында, Шортанды мен Түмен шаһары аралығында, Торыайғыр мен Челябі аралығында жаңбыр болып, бұл аймақтарда егін, шөп жақсы шықты. Қазақ шекарасының көп жерінде жаңбыр жаумай, қуаңшылық болды. Торғай аймағындағы Қыпшақтардың бір тобы Сыр бойына ауып кетті..

Тоболдағы Батыс Сібірі генерал-губернаторы қулыққа көшіп, бізді алдап-арбап ұстағысы келді.

Уәли хан сол 1819 жылы – қоян жылы қайтыс болды. Оның үлкен баласы Ғұбайдолла хандықтың жойылуына қарсы болды. Ол өз әкесінің орнына Орта жүзге хан болғысы келді. Ғұбайдолланы Қасым сұлтан мен оның балалары: Есенкелді, Саржан, Ағадай қолдады. Бірақ соғысқа олар қатыспады.

Жандарал бізден соғысты тоқтатуды талап етті. Біз олардан жер-суымызды қайтаруды талап еттік. Аманатқа бала беруді тоқтаттық. Әрине, біздің соғысымыз аса үлкен соғыс емес еді. Соғысты тоқтатсақ, шұрайлы жерлердің бәрінен айыралатын болдық. Бұл Батыс Сібір мұсылмандарына анық мәселе болды. Салық төлемедік.

Сырт елдер мені қарадан хан болды дейтін көрінеді. Шындығында қарадан хан болған жоқпын. Мен үш жыл шора болдым.

1821 жылдың қараша айынан бастап, Ресей әскерімен қақтығысты тоқтаттық, тұтқын алмастырдық, бітім болды. 1822 жылы – жылқы жылы Ресей патшасының Басуәзірі Сперанский келіп: «Сібір қазақтары аймағы Сібір қазақтары округі болып аталсын, сен соған аға сұлтан боласың», - деді. Бұл сөзді ол Омбыға Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдерінің басты кісілерін жинап алып: «Ресейге бағынышты болғанмен, өздеріңді өздерің басқарасың», - деп, хабарлағаннан кейін айтты. Жұртты шошытқысы келмеді-ау деймін. Менің орынбасарларым түгел мұсылмандардан болды. Біреуі ғана татар мырзасы болды, ал, қалған үшеуі қазақ бектері болды. Біз 1822-1824 жылдары аға сұлтан билігінің іс жүзінде атқарылатынын (тәжірибемен) айқындап бердік. Сол-ақ екен 1824 жылы Сібір қазақтары округі Құсмұрын, Көкшетау дуандары болып, екіге бөлінді. Мен аға сұлтан болғанн жоқпын. «Құсмұрын дуанына аға сұлтан боласың», - деп, өзімді үміттендіріп қойды. Құсмұрын дуаны ашылмады. Мен Қызылжар аймағындағы Ашамайлы керейдің (өз елімнің) аға старшинасы (рубасысы) болып, 1824-1834 жылдар

¹⁶Маңдай – Атығайдың Бағыс руынан шыққан ірі би, оның әкесінің аты – Жанұзақ. Маңдайдың өзі де, ағасы – Тоқтамыс та Сібір қазақтары шорасы Шақшақ бидің оң қолдары болған екен. Маңдай да, Тоқтамыс та 1824 жылдан бастап Көкшетау дуанында аға сұлтанға кезекпен ауысып орынбасар (заседатель) болыпты, екеуі де патша өкіметінен құрметті қазақ атағын алған екен. Бұл Маңдайды Атығайдың Құдайберді руының Тілеп атасынан шыққан Маңдай батырмен шатастырмау керек.

¹⁷Шортанды – Ақмола қаласының солтүстігіндегі темір жол станциясы.

¹⁸Кетрампор – Екатеринбург – Свердловск қаласы.

аралығында ел басқардым. 1833 жылы Ресей патшасы Петербургке шақырып алып, 1822-1824 жылдарғы еңбегімді бағалап, Анна лентасын қадаған алтын медаль берді және грамотамен бекітіп, құрметті қазақ атағын берді. 1834-1852 жылдар аралығында қазы болдым. Жалпы 1843 жылдан бергі қызметім өзіңе белгілі ғой. Оны айтудың керегі де жоқ.

Дуан ашу Ресей патшасына оңайға түскен жоқ. 1824 жылы Сарыарқаның орталық аймағынан Қарқаралы округі ашылды. Қалған дуандар бірте-бірте ашылды. Ресей патшасының Бас уәзірі Сперанский Орта жүзді он дуанға бөліп, билемек болған екен. Оныншы дуан ашылғанмен, тоғыз дуан ашылып жұмыс істеді. Оныншы дуан бертінде Жетісу өңірінде құрылды. Сол бізге қарады. Ол 1854 жылға дейін Қоқан хандығына қарап келген өлке еді.

Абылай хан қайтыс боларынан бір жыл бұрын Ұлы жүз бен Орта жүзге ортақ өзін аға хан сайлатып, Уәлі деген баласын біздің Орта жүзге, Әділ деген баласын Ұлы жүзге хан сайлатыпты.

Абылай ханның Жанайдан кейінгі тәуір баласы Әділ болса керек. Бірақ сол Әділдің жасы ұлғайғанын пайдаланып, кейін Қоқан ханы Ұлы жүзді, Жетісудағы Матай, Садыр, Наймандар, Ұлы жүздің Албан, Суан, Сарыүйсін, Шапырашты, Жалайыр рулары қарап, Ресейдің қоластына кірді. Матай, Садыр, Жалайыр Ресейге қарадық дегенмен, оларға 1854 жылға дейін Ресей құрығы түскен жоқ. Әрине, тоғыз дуан¹⁹ Батыс Сібір жандаралына бағынды. Жандаралдар Бас уәзірге бағынды. Міне, енді сол дуандар таратылып, қазақ билігі ұсақталып, мың үйдің басшысы болыстық қызмет қана қазаққа бұйырады.

Кенесары-Наурызбай бастаған күрес Ресей патшасына қарсы бағытталған халық соғысына айналғанда, біздің мұсылмандар сорлы болмайтын еді.

Аға сұлтандықтың орнын уезд басуы, дуан басының орнына ояз бастығы – орыс шенеунігі тұруы, рубасылардың (аға старшинаның) қызметі жойылуы, оның қызметін бірнеше ұсақ болыстық билеушілер атқарулары, рудың әрқайсысының бірнеше болысқа бөлінуі біздің қазақ жұртының Ресей патшасының торына түсіп, мықты бұғауға тап болғандығының айғағы екендігін әлеумет әлі ұғына қойған жоқ. Ресей патшасының, Қытай патшасының, Қоқан ханының бұғауларына түспеген қазақ қалмады ғой.

Аға сұлтандық биліктің өзі де өлмешінің күні болатын. Өйткені, онда да қазақ орыс патшасына бағынды ғой. Қайсымыз болайық жандаралдың аузына қарадық. Оны өзің де білесің.

Шоң мырза:

- Батыр аға, ел сізді Қазан, Үргеніш шаһарларындағы медреселерде оқып, діни білім алған ғұлама дейді. Біреулер Үпиде оқыды дейді. Қазанда оқысаңыз білесіз ғой. Қазанда татарша баспахана қай жылы ашылды? Құран Қазан баспасынан әуелі қай жылы басылып шықты? Соны білгіміз келеді?

Тоғыз дуан деп 1824-1844 жылдары Орта жүз жерінде ашылған Көкшетау, Қарқаралы, Ақмола, Атбасар, Аманқарағай, Баянауыл, Үшбұлақ, Аягөз, Көкпекті дуандарын айтады.

Есене́й қа́зы:

- Балам-ай, сауалың да көп болып кетті. Қартайған кісінің көп сөйлегені де лайық емес. Оның үстіне мен білімпаз кісі емеспін. Сонда да айтайын. Қазан шаһарында ертеде баспахана болмаған көрінеді. Қазандағы молдалардың көпшілігі Үргеніш, Самарқанд, Бұқара шаһарларындағы медреселерді оқып бітіргендер, ал, азшылығы Есіләмпол (Стамбол), Табыраз шаһарларындағы медреселерде оқып, соларды тәмамдап шыққандар еді. Медреселер мен мешіттерді Қазандағы татар бектері, билері, ғұламалары өз беттерінше ашқан екен. Кейін оларға Ресей патшасы рұқсатсыз медресе, мешіт ашуға тыйым салды. Қазір бізде де солай. Мен Ғазим деген татар бегінің ашқан медресесінде оқыдым. Соны тәмам еткен кезде Ғазим Хиуа хандығына бір топ татар шонжарын бастап көшіп, Үргенішке барып, сонда үй сатып алды, медресе, мешіт ашты. Қазандағы мешіті мен медресесін Ядгир деген немере інісіне беріп кетті.

Ғазим де, оған ерген татар мырзалары да біздің Қызылжар, Көкшетау аймақтарындағы Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдерінің игі жақсыларымен көп жылдан бері дос адамдар екен. Себебі, олар сауда-саттықпен айналысып, Қызылжар, Омбы, Қорған, Түмен шаһарларына керуенмен келіп, сондағы базарларда сауда жасаумен бірге қазақ ауылдарына барып, кездеме, қант, шай, өрік мейіз, айна, тарақ, қағаз, қалам-сия, дәуіт сатып, мол жинап әкетіп жүрген. Сондағы олардың сүйенетіндері ел басшылары болыпты. Әрине татар саудагерлері қазақтың билері мен бектеріне, батырларына, имамдарына тарту-таралғылар берген. Тіпті қазақ шонжарларының балаларына қыздарын да ұзатқан ғой.

Ғазиммен, оның інісі Ядигермен менің әкем Естемес балуан да дос болған. Ғазим Үргенішке барып, Хиуа ханына қызмет етті. Ол Қазақтармен, Қарақалпақтармен дос болды. Ғазимнің нөкерлері де қазақтарға жағымды болды. Мен тағы да Ғазимнің үйінде тұрып, ол ашқан медреседе оқып, соны тәмам еттім.

Қазандағы медресеге дейін өзіміздің Қызылжардағы 1767 жылы Көшебе керей Шақшақ батыр Көшекұлы (1740-1837жж) ашқан ескі медресе оқып, соны тамадаған болатынмын. Асқан ғұлама – молдамын деп өзімді-өзім мақтай алмаймын. Шарифат жолымен билік айтқаным рас. Бұйрықтарға хадим әрпімен қол қойып отырдым. Ал, орысша қатынас қағаздарға жүзігімді бастым. Онда орыс әрпімен жазылған. Орта жүз Ашамайлы керей Есене́й Естемесов деген жазуды орысша сауаты бар зергерге жаздыртқан едім. Ол жүзігім мөр сияқты болды.

Қырым татарлары арқылы Стамбол шаһарынан (Түрік мемлекетінің ертедегі астанасынан) Қазандағы татар бектері бірлесіп, ақша (алтын есебімен) беріп, баспахана құрал-жабдықтарын алдырып, 1785 жылы жазда баспахана ашқан екен. Құран Қазанда алғаш рет 1787 жылы басылып шығыпты.

Шоң мырза:

- Сардар аға, Сіздің Қызылжарға, Мәулітке татарлар қашан қоныстанды? Олар Қазаннан келген бе?

Есенеі қазы:

- Жарайды айтайын. Қызылжарға татарларды қоныстандырған Көшебе керей Шақшақ би екен. 1773-1777 жылдары Батыс Сібір мұсылмандарының Ресей патшасына қарсы қарулы күресі болыпты. Сол шайқастарда Шақшақ шора мұсылман әскерін басқарыпты. Ол сол кезде жас батыр екен. Абылай хан оны қолдапты.

Шақшақ батырдың соққысына шыдай алмай, Қызылжардың алғашқы тұрғын орыстары қашып кетіпті. Бос қалған кентке Көшекұлы батыр Сібір татарларының Ескер, Қарабаш, Құралаш руларының көптеген өкілдерін көшіріп әкеп қоныстандырыпты. Оларды Шақшақ шора сауда-саттыққа пайдаланыпты. Татардың жас жігіттері Шақшаққа сарбаз болыпты.

1795 жылы наурыздың басында Ертіс өзенінің шығысындағы елсіз далаға он бес мың үй Керей көшіп кеткен соң, солардың орнын толтыру үшін Көшекұлы шора Сібір татарларының Ескір, Сұңқар руларының бірталай шаңырақтарын көшіріп алып, Қызылжар шаһарына қоныстандырған екен. Он бес мың шаңырақ. Ашамайлы керейдің бұрынғы мекені Омбы мен Түмен шаһары аралығындағы ормандар мен көлдер еді. Сол керейлердің көшуіне Уәли хан мен орыс ұлықтары себепкер болғаны айдан анық! Орта жүз қазақтары Уәлиді хандықтан алу туралы, оның орнына қарай демей, төре демей, адал, әділ, іскер, батыр кісіні хан қою керектігі жайында Ресей патшасына 1794 жылы өздерінің талаптарын жазады. Алайда қазақтардың жазған хатына Ресей патшасы жауап қайтармапты. Соған кейіген Орта жүз қазақтары қарулы күреске шықпақ болып, қыс ішінде қару-жарақтар соғып, көктемде жорыққа шығу керектігін айтып, рубасылар бір-біріне арнаулы адамдар арқылы хат жолдайды. Сол қимылды Уәли хан Тобылдағы жандаралға жеткізеді. Жандарал Петерборға хат жолдап, Ресей патшасына хабарлайды. Патша өзінің бір саясатшысын жандаралға жібереді. Ресей патшасының айлакер шенеунігі мен жандарал ақылдасып, Абақ керейдің Жантекей атасынан шыққан Ер Жәнібек Бердәулетұлы (1710-1805жж) деген қарт сардарға елші жібереді. Елші Ер Жәнібекке мол сыйлық әкеп береді. Оның қолына Ресей патшасының жасанды хатын тапсырады. Хатта: «Том шаһары мен Барнауыл кені аралығынан жеке хандық құрып береміз, Ертістің шығысындағы елсіз далаға қоныстаныңыздар, соған хан боласың, қоластыңызға еліңізді көшіріп әкетіңіз, Том, ұста қыстақ²⁰, Кемер²¹ өңіріндегі, Тоқтамыс хан обасы маңындағы татар атаулы сіздің қарамағыңызда болады. Соған разы боп, келісім шартқа қол қойыңыз!?» - деген сөздер айтылады. Елші дінге де ерік берілетінін айтады. Соған алданған әрі аңғал, әрі қарт батыр Жәнібек Шақшақ шора бастаған Төрт момын елінің билері мен бектерінің, ғұламаларының, соларды қолдаған төре-қожалардың: «Батыр, көшпеңіз, өз қонысыңызға зар боп қаласыз, елдің обалында қаласыз. Олар сізді алдап тұр. Кейін өкініп саныңызды соғасыз. Кәпірлерсіз-ақ, сізді өзіміз де хан көтереміз!»-деген сөздеріне құлақ аспай, Ашамайлы керейге жататын он екі ата – Абақ керейдің көптеген ауылдарын және басқа да Ашамайлыға жататын Керей руларының бірталай ауылдарын –

барлығы он бес мың түтінді бастап, Ертістің мұзы сөгілмей тұрып, сол өзеннің шығысындағы елсізге көшіп кетеді.

Расында, Орта жүздің игі жақсылары қартайдым дегеніне болмай, Жантекей керей Ер Жәнібекті өз беттерінше Уәлидің орына хан сайлауға дайындалған екен. Сонда Ер Жәнібек: «Мені қартайғанда хан сайлап қайтесіңдер. Мен ханға Бас ақылшы болайын. Хан Бағыс Атығай-Тоқтамыс Жанұзақұлы болсын, Орта жүздің әскеріне Ордабасы Көшебе керей Сартай Көшекұлы баһадүр болсын. Бас уәзір Нұрымбет керей Арал Құрбанұлы болсын. Қалған уәзірлерді Арғын-Қыпшақ, Уақ адамдарынан өздерің сайлаңдар! Көшебе керей Тіленші бұрынғыша қазы болсын! Шақшақ Сібір қазақтары шорасы қалпында қала берсін!»-деген екен. Сол сөзді 1794 жылы – барыс жылы қазан айының аяғында рубасылар қуаттап, 1795 жылы-қоян жылы жаздың басында Шағалалы көлінің жағасында хан, уәзір, ордабасы сайлауын өткізбек боп келіскен екен. Алайда жандаралдың азғырындысына еріп, Ер Жәнібек хан сайлауын тоспай, он бес мың үй Ашамайлы керейді өзіне ілестіріп, көше жөнелген екен. Соның салдарынан Уәли ханды Орта жүз қазақтары орнынан ала алмаған екен.

Керейлер онан кейін 1805 жылы көктемнің аяғында, 1811 жылы жаздың басында 1822 жылы-жылқы жылы жаздың басында Көкшетау, Қызылжар аймақтарынан, Қорған, Түмен, Омбы шаһарлары төңіректерінен көшіп, Құлынды даласына барды. Оларға ілесіп, Уақтардың да жартысынан көбі көшіп, Құлындыға барды. Ақыры олар 1835 жылға дейін Алтай, Шәуешекке ауып барған.

1795-1805 жылдары әуелі он бес мың керей²² онан кейін де мыңдаған шаңырақ керейдің Құлынды даласына орнығып, ақыры 1805 жылы-сиыр жылы жазда Алтай, Шәуешекке босқа көшіп баруы да қартайған Ер Жәнібекті Ресей патшасы жандаралдарының Том мен Шәуешек арасынан хандық құрып береміз деп екінші рет алдауының нәтижесі. Сөйтіп, Ресей патшасы Ер Жәнібекті хандық құрып береміз деп екі рет алдаған екен. Бірінші ретте де, екінші ретте де Ресей патшасының Ер Жәнібекті алдауы Сібір қазақтарының күшін бөлу, тобын ыдырату мақсұтынан туған айла-әрекет қой.

Керей-Уақтар Жәнібекке еріп 1805 жылы-сиыр жылы жазда көшіп барған соң, екі жұмадан кейін Алтай-Шәуешекті Қытай әскері, Шығыс Түркістанның қалаған көп жерін Қоқан әскері басып алған екен. Сонан «көше-көше қажыдық!»-деп, Керей-Уақтың қалың елі Алтай, Шәуешекте қалыпты. Ер Жәнібек пен оны хан көтермек болған орыс әскері кейін қарай қашады. Жәнібекке ілесе керейдің азшылығы, Уақтың Сарман, Сіргелі, Мұрат, Жансары, Бидалы, Бозөкпе, Шайгөз елдерінің бірталай шаңырақтары кейін қарай көшеді. Жәнібек Шар өзенінің бойына жеткенде, ауырып

²⁰Ұста қыстақ – қазіргі Новокузнецкі қаласы орналасқан қоныстың мұсылманша ескі атауы. Ол жерді Сібір Татарына жататын Оңғұт руы мекен еткен екен.

²¹Кемер – қазіргі Кемеровскі шаһары орналасқан қоныстың мұсылманша ескі атауы. Кемерді, Томды Татардың Меркіт, Сағай рулары мекендепті.

²²Он бес мың үй Керейдің 1795 жылы Ертіс сыртындағы елсіз далаға көшіп өтуі, барған жеріне Құлынды деп ат қоюы, Уәлиханмен елдің сыйыспауы, босқа көшуі Сегіз серінің 1836 жылы маусым айында Кіші жүз Көбек бидің асында Орта жүз Сүйіндік Арғын Шоң би Едігұлына өлеңмен қайтарған жауабында, белгілі жазушы Қалмұхан Исабаевтың үш томдық «Серт» атты қара сөзбен жазылған тарихи шығармасының бірінші кітабында, Жарылған Бейсенбаевтың Шоқан туралы жазған «Жасын тағдыр жарқылы» деген еңбегінде ашық айтылған.

дүниеден өтеді, сүйегі сол араға жерленген. Сарман Уақ Семей маңына қоныстаныпты. Керейдің бір азғана үйлері мен Сіргелі Уақтың бір азғана үйлері Семейдің бер жағына өтіп, Бесқарағайға қоныстаныпты. Сыйбан керейге жататын Шимойын, Шоқматар елдерінің бір азғана тобы Шар өзені бойында мекендеп қалыпты. Балта керейдің Жәдік елінің Рысымбетіне жататын Бегімбет атасы Семейдің батысына өтіп, Шұбатау өңіріне қоныстанған ғой. Уақтың қашып бері өткен тобының басым көпшілігі Семейдің шығысын орап, Кереку жақ бетіне өтіп, Қарағай ішіне, Ертістің тоғайына мекендеп қалыпты.

Балта керейдің Бегімбет әулетінен шыққан атақты батыр Шақантай сол 1805 жылы жүз беске келген екен. Жүз бес жастағы Шақантайды немере, шөберелері күймемен Шұбартуға жеткізіпті. Шақантай сардар сол жылы қазан айының аяғында ауырып қайтыс болыпты, сүйегі сонда жерленген, ұрпақтары Шұбартауда тұрады. Қарқаралы, Көкпекті, Аягөз дуандарын аралағанда, сол ағайындарымызды көрдім.

Уәли ханға Орта жүздегі төрелер де, қожалар да қарсы болды. Сол Уәлиге қарсы төре-төлеңгіт, қожалардың Ер Жәнібекке еріп кеткендері де болды. Уәлимен келіспеген Тұрсын, Жалбыр, Шотай Абылай хан ұлдары төре атағынан безініп, біздің Керейге көшіп келіп, біздің Балта, Еменәлі керейлерге сіңіп кетті.

Қазақтың, татардың, естектің ұйтқыларын Ресей патшасы шайқағаны баршаға белгілі ғой. Ал, әрісі Орта жүздің, берісі Керей-Уақтың ұйытқысын Уәли хан шайқады.

Уәлидің әлсіздігіне, берекесіздігіне көзі жеткен Бағаналы Найман Барлыбай Тауасарұлы Абылай хан қайтыс болған жылдың – 1781 жылдың қыркүйек айында Қаратау өңірі мен Сыр бойын бөліп алып, жеке хандық құрып, Ұлытау мен Сырдария аралығындағы, Тараз бен Арал аралығындағы елдерге хан болды.

Барлыбай Ресей патшасының оны хан деп танығысы келмегенін керек те қылған жоқ.

Татар туралы әңгімемізге қайта оралайық.

1745 жылы-сиыр жылы жаздың басында қарт қолбасшы-ақын Қожаберген мен оның інісі қарт сардар Асқаптың бастауымен құрамында Шалабай Естектері, Сібір татарлары, Атығай-Қарауыл елдерінің жауынгерлері бар Керей-Уақ әскері Шортанды мен Түмен аралығын, Аманқарағай мен Үшбұлақ аралығын басқыншы қалмақтардан тазартады. Сөйтіп, Керей-Уақ жұрты өздерінің бұрынғы ата қоныстарына қайтадан орналасады. 1723 жылғы апатта құрып кеткен Аббас, Хансадақ керейлердің қоныстарына Атығай-Қарауыл елдері, Естектің бір бөлек елі орналасады. Атығайдың Құлансу, Кәдір, Ақкиік, Қойлы, Баба, Бабасан, Есен, Тақырық аталарына қонысты Жолдыөзектегі Шоға уақтар берген екен.

Көшебе керей Есет батыр Қожабергенұлының бастауымен қазақ, естек, татар жігіттерінен құралған мұсылман әскері Жоңғар қалмақ басқыншыларынан Орал тауының шығысындағы Шалабай башқұрттарының жерін, Сібір татар жерінің жартысынан көбін сол 1745 жылдың қазан айының

ортасына дейін тазартып Томға дейін жетіпті. Есет бастаған мұсылман әскері 1746 жылдың көктемінен күзіне дейін Том мен Кемер арасын жаудан босатқан екен.

Қызылжар қаласы қолдан-қолға көп өткен кент²³. Біресе Ресей патшасы әскері алды, Қызылжарды біресе мұсылмандар алды. Ресей патшасы әскерлерінің шабуылдарының әуелі Шақшақ бастаған, онан соң Сартай мен Арал бастаған, кейін Марал ишан бастаған мұсылман қолының²⁴ қарулы қарсылықтарынан тойтарылуының арқасында Қызылжарға татарлар мен қазақтар орнығып қалды. Қазақтар мен татарлардың Омбы шаһарына орналасуына да осы жағдайлар себеп болды.

Қызылжар да, Омбы да біздің Керейдің ежелгі жері ғой. Өз жерімізді өзімізге кәпірлер бұйыртқысы келмеді. Шақшақ би Ресей патшасына сол үшін қарсы болды.

1745 жылы кәпірлерден ата мекендерді тазартқан бетте-ақ Керейлер Омбы бекінісін айнала бұрынғыша қоныстаныпты. Омбы бекінісін орыстар қалмақтардың қолдауымен салған екен. Оны Қожаберген өзі шығарған «Елім-ай» атты өте ұзақ дастанының басқы бөлімінде ашық айтыпты:

Алмақ боп көп мылтық пен жақсы қару,
Мақсұты болғаннан соң жұртты шабу.
Керейден тартып алған Омбы өзенін,
Орысқа кәпір қалмақ етті тарту.

Омбы бекінісінің комендаты да, тұрғын орыстары өздерін аман сақтап қалу үшін, әрдайым қазақтармен тату болуды көздеген. Омбы орыстары қазақтарға қант, шай, кездеме беріп, олардан керек заттарын алып тұрған. Қазақтар Омбы бекінісіне 1747 жылдан бастап қоныстана берген. Мұсылман кенті мен орыс кентінің арасы үш шақырым ашық жер болған ғой. Қазақтар батыс жағалауында да Омбы бекінісімен тұспа-тұс мекен еткен екен. 1822 жылға дейін Омбы бекінісі қыл үстіндегі жағдайда болды. Омбы орыстары қазақтармен тату болғандықтан, Қорған мен Қызылжардың кебін кимей, аман қалды.

Қорған бекінісіндегі кәпірлер бұзақы болды да, оны қазақ-татар батырлары бірнеше рет шапты. Жас кезімізде Қорғанға өзіміз де жорық жасап жүрдік. Мұсылмандардың жерлерін тартып алғандардың жазасын бердік.

Мәуліт – Мәулітбек есімді Балта керейдің батырының қонысы. Мәуліт деген жер аты. Мәулітбек қыстауы, Мәулітбек көлі деген қоныс аттарынан шыққан. Мәулітбек – Шақшақ шораға шәкірт болған сардар. Ол Сартай батырмен, Арал батырмен құрбылас, жауға қарсы солармен бірге аттанған әскербасы.

Мәулітбек өз жасағында сарбаз болған татарларды өзінің ауылдарына жинап, өз маңына қоныстандырды. Мәулітбектің бал арасын өсіруге

²³Кент – шаһар, қала деген мағынаны білдіретін сөз.

²⁴Қол - әскер деген сөз.

көмектескен татар Меніғұл деген кісі өз немересінің есімін Мәулітбек қойған екен. Міне, Мәулітке татарлардың қоныстануы тарихы осылай! 1826 жылы жазда Мәулітбектің балалары, немерелері, ағайындары Тобыл өзені бойындағы Балта керейлерге көшті де, олар өз қоныстарын татарларға қалдырды. Бірақ сол жылы күзде татарларды ығыстырып, ол жерге казак орыстар келіп орналасты. Әлгі Меніғұлдың Марал ишанға жүзбасы болған Мәулітбек деген аңшы, құсбегі немересі сол маңда көшпей қалып қойды.

Жалпы татарлар Қызылжар, Омбы шаһарларына 1773-1821 жылдар аралығында Шақшақ бидің қолдауымен орналасты, өздері де Шақшақ биге адал қызмет етті. Шақшақ батыр татарларды Ресей патшасы әскерлерімен шайқас кезінде мықты пайдаланды.

Қызылжар, Омбы, Мәуліт, Болатынай, Бағыландағы татарлар өзімізбен көршілес Сібір татары руларының уәкілдері еді. Ал, Қазаннан келген татар аз. Олар – солдаттан қашқан бірін-саран жігіттер. Сол қашқын аздаған татарлар қазақ ауылдарына сіңіп те кеткен болатын. Сондайлар Жансары Уақта бар.

Шоң мырза:

- Ұлық аға, көп мәселеге сізден қанық болдық. Бәрін жақсы біледі екенсіз. Енді бір сауалым бар. Осы қазақ ішіндегі қалмақ деген әулеттердің арғы тегі қалмақ па? Әлде жай аттары қалмақ па? Бұған не айтасыз?

Есеней қазы:

- Балам, қазақ ішіндегі қалмақ деген әулеттер, көбінесе, шеше тегіне байланысты лақап аттармен аталған ұсақ аталар. Қожаберген бабамыздың шығарған «Елім-ай» хиссасында (жетінші бөлімінде) айтылғандай, қалмақтармен соғысқан соңғы отыз алты жылда; көбінесе, кемпір-шалдар, әйелдер, балалар өте көп қырылған да, ал, қолына қару ұстаған азаматтардың жартысы тірі қалған. Соғыс аяқталған соң, аман қалған еркектер әр халықтан қыз алып, ұрпақ өсірген. Әрине, барлық батырар мен сарбаздар әйелсіз қалмаған. Жартылай әйелсіз қалғандардың азғана тобы қалмақтан, орыстан тұтқынға түскен қыздарды алып, оларды Есіләм дініне енгізген екен. Сол қалмақ қызынан туған балалардан өрбіген тұқымдарды мұсылман қыздарынан туған балалардан өсіп-өнген әулеттер келеке қып қалмақ деп атаған. Шынында олай деу дұрыс емес. Оның өзі күнә! Атасы қазақ болған соң, анасына қарамай, олардан туған ұлдардың есімдерімен әулетті атаған дұрыс. Көбінесе, қазақ, ноғай, татар, башқұрт, қарақалпақ, түрікпен қыздарынан туғандар өздерін бәйбіше балаларымыз деп көтермелеп, кіші қалмақ қызы әйелдерден туған ұлдарды кемітіп, қалмақтар деп ат қойған ғой.

Мысалы: біз жас жігіт кезімізде жастық шақтың салдарынан ескі Маңғұл даласын мекендеген, Алтай тауындағы, Шығыс Түркістанға қарасты Бұратарадағы қалмақтарға ара-тұра жорық жасап, жылқы-тйе алып қайтып жүрдік. Сонда Өскеменнің ар жағынан бізге Көкжарды Найманның Өтей руының да жігіттері ілесіп, жолдас боп жүрді. Солардың ішінде Бесқалмақ деген атаның жігіттері де болды. Солардан Бес қалмақ аталу себебін сұрастырсақ, Көкжарды Найманның Өтей атасынан шыққан Барақ батыр он бес әйел алған екен. Соның бесеуі қалмақ қыздары екен. Соған байланысты

бес қалмақ қызы әйелден тараған еркек кіндіктілерді Барақтың бәйбішелерінен туған ұлдардың ұрпақтары келеке етіп, Бес қалмақ деп атап кетіп, ақыры Бес қалмақ деген атаның аты болып кеткен екен. Көкжал Барак деген батыр аты да Көкжарды Барак деген сөзден шыққан сияқты.

Үш жүздің руларының ішінде кейде түрікпен деген ауыл немесе ата кездеседі. Түрікпен аталудың да қалжыңнан туған екені бар.

Ашамайлы Керейдің ертедегі көсемі Танаш бидің үлкен баласы Балға батырдан біздің Сыйбан керей тарайды да, ортаншы ұлы Балта батырдан Балта керей тарайды. Осы Балта керейде 1723-1759 жылдары болған қазақ-қалмақ соғысында ерлікпен даңқы шыққан Қаби есімді әскербасы-батыр болыпты. Соның Қазине атты әйелі Кіші жүз Шөмекей руының қызы екен. 1759 жылы қазақ-қалмақ соғысы аяқталып біткен соң, жаздың басында Қазине бәйбіше төркініне барып, өліге бата жасап, тіріге сәлем беріп, көңіл айтып қайтуға ері – Қаби сардардан рұқсат сұрайды. Ері рұқсат етеді. Бірақ керуенмен бірге шығып, жолда қалып, керуен Үргеніштен қайтқанда солармен бірге елге келу керектігі ескертеді.

Қазине бәйбіше қасына нөкер әйелдерді, Бегімбет есімді он жасар ұлын, Жолымбет атты сегіз жасар ұлын ертіп, азық-түлік алып, жолға шығады. Керуенмен бірге Сыр бойына арада бірнеше күн жол жүріп жетеді. Керуен Кердері (Арал теңізін) айналып, Үргенішке баратын болып аттанды. Қазине Сыр бойындағы төркінінде мейман болып қалады. Керуенбасы керей жігіті оны қайтарда ала кететін болады.

Қазине бәйбіше төркін жұртын аралап, үлкендерге сәлем беріп, дүниеден өткен аталастарына, туыстарына бата қылады, оларға арнап, дұға оқиды. Ол сөйтіп ағайындарында қонақ болып жатқанда, бір күні оның Әшен деген ағасының жылқысына түрікпен қарақшылары келіп тиеді. Соның алдында ғана жылқышылардың қосына ауылдың бір топ балалары келіп, қымыз ішіп, үйретілген тайларға мініп жарысып жүреді. Ол балалардың арасында Қазиненің екі ұлы да болады.

Жылқыға қоса жау тайға мінген балаларды да тұтқындап, алып кетеді. Түрікпен қарақшылары жас балаларды қозы-лақ бағуға пайдаланады. Бір күні олар қазақтың жас балаларының шаштарын ұстарамен алып, жерге бәрін қатар отырғызып, бастарына шикі тері кигізбек болғанда, оларды қазақ өңдес бес батыр жігіт арашалап алады. Әлгі бес кісінің: «Біз үшін шикі тері кигізбеңіздерші», - деген сөздерін сыйлап, түрікпендер жас ұлдарға шикі тері кигізбепті. Ол бес батыр жігіттің үшеуі қазақ, екеуі башқұрт екен. Үш қазақ жігіті Кіші жүздің адамдары екен. Нұралы ханнан қысым көрген үш жігіт Түрікпен жеріне өтерде өздеріне келіп паналаған ағайынды екі естек жігітін ерте кетеді. Сөйтіп ол бесеуі қолөнершілікпен айналысып, түрікпен бектеріне қызмет етіп, түрікпеннен қызы алып, сонда тұрып қалған екен. Ағайынды үш қазақ жігітіне паналаған ағайынды екі башқұрт жігіті орыс ұлықтарынан қорлық көріп, елінен кеткендер екен.

Нағашы жұртының балаларымен бірге Бегімбет, Жолымбет есімді Керейдің екі баласы әуелі түрікпендердің қозы-лағын, одан кейін қой-ешкісін, одан кейін жылқысын, одан соң түйесін бағады. Солай қорлықта

жүріп, тоғыз жыл уақыт өтеді. Бірақ олар құм ішінде ептеп жасырып, мал өсіреді. Сол малдарды беріп, зергер-ұсталардан жеңіл сауыт, қару-жарақтар сатып алып, теңдерге буып, құмдағы сексеуіл өскен жерлерге жасырады. Жүйрік ат, жүйрік атан, жүйрік нар дайындаған жас жігіттер бір-бірімен хабарласып, елге қашпақ боп уағадаласады. Елге аттанбас бұрын олар қамауда жатқан жасы үлкен қазақтарды босатып алу үшін күзетшілерге сыйлық беріп, динар²⁵ беріп, олармен достасады.

Қазине бәйбіше екі баласынан айырылып, нөкер әйелдерін ертіп, Үргеніштен қайтқан керуенге ілесіп, жылап-еңіреп үйіне келеді. Алайда ақылды-сабырлы Қаби батыр бәйбішесін жұбатады. Ол елден қол жинап, сол жылы күзде жорыққа шығып, Түрікпендердің ауылдарын шауып, сұлу қыздарды, жылқы-түйелерді олжалап әкеледі. Бірақ Қаби балаларын таба алмайды. Содан ол әр жылдың жазында жасақ ертіп аттанып, түрікпендерді бірнеше рет шауып, көп олжамен елге оралып жүреді. Бірақ ұлдарын таппайды.

Әлгі зындан күзетшілеріне қазақ жігіттері наша апарып беріп жүріпті. Наша тартып, мас боп жатқан күзетшілерді жас жігіттер уақытша байлап қойып, кілтті ашып, зындандағы кісілерді шығарып алады. Күзетшілердің қолдарын, аяқтарын арқаннан босатып мас қалпында жатқызып кеткен жігіттер зынданнан шығарып алған ағаларын ертіп әкетеді. Оларды киіндіріп, атқа мінгізіп, қару-жарақ асындырып сексеуіл өскен жерге бекіндіреді. Бұларды зынданнан шығарып алуға жастарға сол түрікпен өз шонжарларынан қорлық көріп, шет қақпай болып жүрген азаматтары көмектесіпті. Олар да қазақтармен бірге кетпекші болады. Жолға дайындалады. Сөйтіп тұтқын қазақтар, оларға ілескен түрікпен ғарыптері жылқы-түйе айдап, қазақ даласына қашады. Алғашында білмей қалса да, кейін олардың қашып кеткенін сезген түрікпендер сондарына түсіп қуады.

Қазақ жеріне жете бергенде, арттарынан түрікпендер қуып жетеді, азаттықты көкसेген байғұстар жаумен аянбай соғысады. Саны аздығына қарамастан, ызалы қашқан қазақтар алғашында жауға алдырмайды. Бірінен соң бірі топ-топ боп келіп көбейген түрікпен шапқыншылары бұларды қоршауға түсіруге айналғанда, ұран салып қазақтың қалың әскері жауға лап қояды. Есі шыққан түрікпендер қашады. Қазақтар оларды жеткен бетте найзалап, қылышпен шауып, садақпен атып қыра бастайды.

Қашқын қазақтар ойда жоқта өздерін ажалдан алып қалған даусы күндей күркіреген бір дәу батыр бастап келген қолға арқаланып, өздері айдап әкелген жылқы түйелерге күзетші он шақты кісі қалдырып, жаудың соңынан қуа жөнеледі.

Әлгі ірі қазақ сардары Кіші жүздің он екі ата Байұлысына жататын Жаппас елінен шыққан Жалдықара батыр екен. Ол түрікпен шапқыншыларынан кек қайтаруға әдейі қол бастап шыққан екен. Бостандық көксеуші қазақтар тобы Жалдықара батырдың жасағымен бірге барып, түрікпендерді шабуға қатысып, жылқы-түйе айдап олжалы боп оралады.

²⁵Динар – ақшаның түрі.

Жауды зор шығынға ұшыратып, тұтқыннан тағы да бірнеше қазақты азат етіп, өздеріне ертіп, көп олжамен Жалдықара қолы еліне қайтады. Жорықтан аман келген ол той жасап, әскерге олжа үлестіріп, түрікпен тұтқынынан құтылғандарға ауылдарына елдеріне баруға рұқсат етеді. Түрікпеннің қолға түскен сұлу қыздарын Жалдықара келіншек ала алмай жүрген жарлы жетімдерге қосады. Қол өз ауылдарына, елдеріне қайтады.

Бегімбет пен Жолымбет Жалдықара ауылдарында мейман боп бір ай жатады. Жолымбет епті жігіт екен. Жалдықараның қызы Әлимамен танысып достасады, реті келсе болашақта қосылмақ болады. Оны Жалдықара білмейді. Бір күні Жалдықарадан еліне баруға Бегімбет пен Жолымбет рұқсат сұрайды. Сонда Жалдықара батыр ағайынды екі керей жігітіне: «Балта керей Қабидың сендер үшін түрікпенді әскер бастап барып, бірнеше рет шауып қайтқанын көріп едім. Жақсы кісінің балалары екеңсіздер. Келіп жүріңдер. Мүмкін бізден қыз алып, күйеу бала боларсындар. Соңығы жылдары Қаби батырды жорықта кездестірмедім. Жасы ұлғайған соң, жорыққа шықпай жүрген болар. Елдеріңе баруға рұқсат. Әке-шешене, аға-жеңгелеріңе, ел жұртыңа бізден дұғай сәлем айтыңдар!»-деп, оларға еліне қайтуға рұқсат етеді. Керейдің ағайынды екі жігіті Жалдықараға алғыс айтып, Жаппастармен қоштасып, өздеріне тиесілі жылқы-түйелерді айдан, арада бірнеше күн жол жүріп, сұрай-сұрай Қаби батырдың ауылына келеді. Елі жақсы қарсы алады. Бұлар келсе, әке-шешесі қайтыс болып кеткен екен. Жалдықара Керейдің жорықшы жас батырларынан Қаби сардардың ауырып қайтыс болғанын естісе де, ауылына барған соң, бір-ақ білсін»-деп Бегімбет пен Жолымбетке айтпаған екен.

Елі әке-шешесінің қайтыс болғанын екі жігітке естіртіп, оларды жұбатып, ағайындары екі боздақтың келу құрметіне арнап, той жасайды.

Үстерінен түрікпен киімдерін тастамай, жартылай қазақша, жартылай түрікпенше сөйлеп жүрген екеуін аға-жеңгелері бірден бауырға тарта қоймаса керек. Соған ренжіген екеуі айдап әкелген жылқы-түйелерін аға-жеңгелеріне, ағайындарына бөліп беріп, екеуі ешкімге айтпастан, таң ата аттарына мініп ауылынан кетіп қалыпты.

Жас бала кездерінде әкесіне келіп қонақ боп кетіп жүрген белді жігіттерден естерін де Сыйбан керей Бесбай мен Көшебе керей Шәукер қалса керек. Ауылдан шыға біреуі Шәукерге барып, бала болайық десе, екіншісі Бесбайға барып бала болайық дейді. Сөйтіп, екеуі келісе алмайды да, екі бөлек кетеді. Бегімбет әкесінің досы Шәукерге барып, бала болады. Ал, Жолымбет Бесбай ауылына кештете келіп, ауылға таяу жердегі қалың жылқының ортасына барып, атының аяғына өре мен тұсауды қоса салып, ертоқымын алып, аттың шылбырын үйрек бас ердің басына іліп, астына тоқым төсеп, найзасын қасына шаншып қойып, үстіне шекпен жамылып, басына ер жастанып ұйықтап қалады. Жылқышылар оны сырттай бақылап қойып, зиянсыз, паналауға келген кісі екенін сезіп, қостарына барып ұйықтайды. Ел жайлауда отырған кез болса керек. Бесбай мырза таң намазын оқып болған соң, ылғи жылқыны бір аралап шығады екен. Сол әдеті бойынша таң намазынан кейін Сыйбан керей Бесбай жылқыны аралап жүріп,

жылқының ортасында қаннен-қаперсіз ұйықтап жатқан кісіні көріп, таң қалады да, қосқа келіп ояу жатқан бір жылқышыға: «Сендер не қарап жүрсіндер, жылқының ортасында біреу жатыр. Оны неге жібергенсіндер?»-дейді. Жылқышы: «Би әке, оны көрдік. Бірақ пана іздеп келген адам екенін, зиянсыз екенін сырттай байқай алдық. Соны аңғарған соң ертең сөйлеспек боп қосқа келіп ұйықтадық. Бірақ мен елегізіп ұйықтай қойған жоқпын!»-деп жауап береді. Бесбай би: «Әрі-беріден соң оятып таңертеңгі шайға отыра берген кезде біздің үйге ертіп кел, жөн сұрап, кім екенін білейік. Жалпы бұрынғыша жаудан сақ болыңдар!»-деп, ауылына кетіп қалады.

Күн шыққан соң, жігіт оянады. Ол атын, ертоқымын, шекпенін қалдырып, қосқа келіп жылқышыларға сәлем береді, жөнін айтады. Беті-қолын жуып, түнемел қымыз ішеді. Аздан соң оны бір жылқышы ертіп Бесбай ауылына барады. Ол Бесбайдың ордасына сәлем беріп кіріп келеді. Оның артынан сәлем беріп жылқышы да үйге кіреді. Олардың сәлемін алған Бесбай дастарханға шақырады. Сонан соң тегенемен қымыз, шұбат алдырып, шара аяқтарға құйғызып, жігіттері жылқышыға, Жолымбетке береді. Бесбай өзі де шара аяққа құйылған шұбатты алдына ұстап ішіп отырып әңгімеге кірісіп жас жігіттен жөн сұрапты. Сонда Жолымбет: «Әке, мен Балта керей Қаби ағаңыздың бәйбішесі Сыр бойына төркіндеп барғанда еріп барып жау айдаған жылқының ішінде кеткен екі ұлының кішісі Жолымбетпін ғой», -депті. Дереу Бесбай орнынан ұшып тұрып: «Шынардың шыбығы, асыл болатымның сынығы екенсің ғой», -деп, Жолымбетті құшақтап бетінен сүйіп, көзіне жас алып, орнына қайта отырып, оған көңіл айтқан екен. Сонда Жолымбет: «Аға-жеңгеміз жылы қабақ танытпаған соң, мен сізге бала болуға келдім. Ағам Бегімбет Шәукер мырзаға бала болуға кетті», -деген екен. Соны естіген Бесбай: «Ой, шіркіндер-ай, алыстан әке-шешесін, ағаларын, туыстарын ел-жұртын аңсап келген қос жауқазынды ренжіткендері қалай?»-деп отырып қалыпты. Аздан соң, Бесбай: «Келгенің дұрыс, ұлым! Қуанбасам ренжімеймін. Өшкенім жанып, өлгенім тірілген соң неге қуанбаймын. Қуанамын. Бірақ «атаға жүз бала көп емес, бір бала аз емес», -дегендей, құдайға шүкір, балаларым көп болғанмен бар! Інім Шыныбайда перзент жоқ еді, соған бала бол!»-депті. Сөйтіп Жолымбет Бесбайдың кенже інісі Шыныбайға бала болыпты.

Түрікпен киімін Жолымбет жұмысқа киіп жүрсе керек. Сондықтан Бесбайдың және оның інісі Бесбайдың балаларының әйелдері Жолымбет түрікпен қайным деп әзілдеп, содан Жолымбет Түрікпен атанып кетіпті.

Жолымбет екінші әке-шешесі Шыныбай батыр мен оның бәйбішесі Зүлфияға жеңгелері арқылы өзіне Жаппас батыры Жалдықараның Әлима деген қызын айттыру керектігін айтып тілек қояды.

Жорықтас жолдас, Жоңғар әскеріне қарсы бірге тізе қосып соғысқан майдандас дос, замандас Кіші жүз батыры Жалдықараның қызы Әлиманы Шыныбай батыр өз баласы Жолымбетке атастырып, қалың малын төлеп, алып береді.

Жолымбет Әлимадан Еламан, Жоламан деген екі ұл көрді. Жоламан өте өткір, батыр жігіт екен. Ол ер жеткен соң, әкесінен, ағасынан бөлініп, Балта керейдегі туыстарына кетіп қалады. Оның ұрпақтары сонда тұрады.

Еламан менің інім Еменәлі сияқты қой аузынан шөп алмайтын момын кісі болған. «Ата даңқымен қыз өтеді, мата даңқымен боз өтеді», - дегендей, Қаби батырдың ұрпағы екені ескеріліп, Жолымбет Еламан деген баласына Көшебе керей Шақшақ шораның қызы Ханшайымды атастырып, қалың малын төлеп алып береді. Егер келімсек түрікпен болғанда, Жолымбет Шақшақ бидің қызын баласына айттырмақ түгіл, оның ауылының маңына да жолай алмаған болар еді. Шындығында, қартайса да Шыныбай батыр Жолымбет үшін Шақшақ шорамен құдалық жайын өзі сөйлескен екен.

Ханшайым Бопайдан да бетер батыр қыз болған ғой. Бопай қалжыңбас, әзілқой әйел ғой. Ханшайым өте сабырлы, аса айбарлы, көздері кісінің ту сыртынан өтетіндей өткір еді. Ол өз атына да, әкесі Шақшақтың да атына кір келтірген жоқ. «Жаман еркекті жақсы әйел адам қылады», - дегендей, Еламанды Ханшайым апай кісі қатарына қосқан екен. Ханшайымның қасына нөкер келіншектерді ертіп шығып, жасы ұлғайған шағының өзінде қаршыға салғанын көрдім. Ол аңды, құсты көп аулаған аңшы, құсбегі, жау түсіргіш батыр апай еді.

Ханшайымды шешей деп те, жеңеше деп те айта алмадық, батыр апай дейтінбіз. Ол кісіден он жетімде бата алдым. Сонда мен берген тарту-таралғыны алып отырып, Ғайнижамал екеуімізге ақ батасын берді де, «Жорықшы да ел қорғаны-батыр болуға бет алған екенсің. Талабыңа нұр жаусын! Ақ жолды, ырысты бол!» - деп, тағыда тілек тілей отырып, өзінің қыз кезінде ұстаған қару-жарақтарын, сыбызғысын, кернейін маған сыйлады.

Ханшайым қыз кезінде сауыт киіп, қару-жарақ асынып, тұлпар мініп, әкесі Шақшақ биге, ағалары: Сартай, Әйтемір, Байтемір, Өстемір, Жантемір батырларға еріп, кәпірлерге қарсы соғыстарға үздіксіз қатысқан жауынгер жан, атқыштығымен, найзагерлігімен ел аузына ілінген екен.

Батыр апайдың алғашқы ұлдары бізбен тұстас екен. Олары жастай шетінеп кетіпті. Әсіреп, Мүсіреп²⁶, Кенжетай есімді кейінгі үш баласы шешесіне тартпаған, әкесі-Еламанға тартқан жай адамдар. Шешесінің жинап берген малына да ие бола алмады.

Міне, Әсіреп өзі бір үй, баласы бір үй, Мүсіреп бір үй, баласы бір үй, Кенжетай бір үй-бары бес үй түрікпен ауылы атанып кетті. Шындығында бұлардың түрікпенге еш қатысы жоқ. Бәрі әзіл-қалжыңнан туған атаулар ғой. Шырағым!

Шоң мырза:

- Батыр аға, сіздерді елдер Омбы шаһарындағы орыс шіркеуінің төбесіндегі темір кірешті атыпты деседі. Ол туралы не айтасыз?

- Есеней қазы:

- Балам, бұл сауалың да дұрыс. Бұл жайында да білгенімді айтып көрейін. Ең бірінші рет Омбыдағы шіркеудің крешін Көшебе керей әйгілі Шақшақ бидің кіші інісі Сартай батыр 1773 жылы жаздың басында атыпты. Ол кезде мен түгіл, менің ағам Есенкелді де туған жоқ. Омбы бекінісі сол

кезде шағын болса керек. Қоныстары тарыла бастаған соң ел наразылығы күшейіп, мұсылмандар Ресейге деген өшпенділігі күннен-күнге өсе беріпті. 1773-1777 жылдар аралығында болған Батыс Сібірдегі мұсылмандардың Ресейге қарсы күресін Көшебе керей Шақшақ батыр Көшекұлы басқарыпты

Сартай батыр Ертістің батыс жақ жарқабағына тұрып садақпен атқан екен. Оның жебесі темір қреске дәл тимей, бір қарыс төмен қадалыпты. Омбыдағы болсын, Қызылжардағы болсын, Қорғандағы болсын, Түмендегі болсын шіркеулердің кірестерін қазақ, татар батырлары әр жылдарда атты, кейбіреулерін құлатты. Мұсылмандар ата берген соң, кейбір қалалардағы шіркеулердің төбелеріне кірес қойылған да жоқ. Олардағы шіркеудің кіресі темірден жасалған екен, мықты орнатылыпты. Көшебе керей Белгібай батыр садақпен атқанда,

²⁶Мүсіреп-белгілі академик-жазушы Ғабит Махмұтұлының бабасы. Шежіре бойынша Мүсіреп-Кәжімбай-Махмұт-Ғабит.

оның жебесі кіресті тесіп өткен екен. Белгібайдың басқа бір жолы атқан жебесі кірестің төменгі жағынан қадалды. Қорған шаһарындағы шіркеудің кірешін Шақшақ бидің інісі Сартай батыр Садақпен атып құлатты. Батырлар шіркеудің кіресін атып қана қоймай, сол орыс бекіністерін ылғи шауып кетіп жүрді.

Шоң мырза:

- Ұлық, аға, Омбы шаһарының шіркеуіндегі кірестің төменгі жағына қадалған садақ оғы жетеу дейді. Оның біреуі Сартайдың жебесі, біреуі Белгібайдың жебесі екенін айттыңыз. Ал қалған бесеуі кімдердікі?

Есеней қазы:

- Қалған бес жебе де әр жылдарда қадалған. Бес жебенің бірі Еменәлі керей Қолдас батырдікі, бірі Балта керей Итіке батырдікі, бірі Көшебе керей Баһрам батырдікі, бірі сол Баһрамның жақын туысы Майемер мергендікі, соңғысы Кенесарынікі.

Баһрам батыр Шақшақұлы Омбы шіркеуінің кірешін 1821 жылы 7 қыркүйекте Ертістің батыс жақ жарқабағындағы Мамырайын деген төбеге ақбоз атпен шауып шыға бергенде-ақ атты. Ақбоз ат сол шақта садақ тартқан Ер Баһрамның күшіне шыдай алмай, тізесін бүгіп қалды да, жебе кірестен сынық сүйем төмен қадалды. Оны кейін өлшеген орыстар айтты.

Оқиға былай болған еді. Қазақ, татар, Шалабай Естектерінің билері, бектері, қожа-молдалары жиналып, Шатырада (қазіргі Шадринск орналасқан жер) бас қосып, Нұрымбет керей жас жігіт Марал Құрбанұлына (1780-1841 жж) ишан атағын беріп, оны әрі мүфти, әрі ордабасы сайлаған екен. Марал ишанды Батыс Сібір мұсылмандары қатты құрметтейді. Сібір қазақтарының шорасы Шақшақ би Марал ишанның Бас ақылшысы болды, Шақшақтың інісі Сартай батыр Марал ишанның бірінші орынбасары болды.

1821 жыл Батыс Сібір мұсылмандарының Ресейге қарсы соғысқан соңғы жылы еді. Мен ол кезде мыңбасы едім. Ел билігіне араласқаным үшінші жыл еді. Маралға бес кісі орынбасар еді, оның үшеуі қазақ, бірі-Естек, бірі-татар еді. Ел жайлауда отырған кезде Ресей елшісі келіп, келіссөз болып, олар хуторларды көшіріп, Омбы, Түмен, Қорған шаһарлары төңірегінен бірталай қыстау, көктеу, күздіктерді, көлдерді қайтармақшы болды. Келісім

шартқа екі жақтың адамдары қол қойған еді. Соғыспайтын болдық. Мұсылмандар жағынан Сартай батыр шартқа қол қойған еді. Елші сыйлықтар берді. Алайда Құрсары керей Тұрлыбек Көшенұлы би мен Бағыс Атығай Тоқтамыс Жанұзақұлы би елшінің сөзіне сенбеді, әскерді таратпау керек екенін айтты. Ол екеуін Шақшақ би де, басқа да қазақ, башқұрт, татар билері мен бектері де қостады.

Сартай батыр он жеті баласымен жүз сарбазымен бірнеше ауыл боп жайлаудан ерте күздікке көшіп барып қойлар мен түйелерді қырықтырып күзем жүн алып жатқанда, оларды Тобыл, Түмен бекіністерінен келген қалың солдат түнде қоршап, суы тартылып қалған Қожабергеннің шөпті көлі деген жерде өлі қауға өрт салып, екінші жағынан зеңбірекпен атқылап, қолма-қол ұрысқа жібермеуге тырысады. От пен оқтың арасында қалса да, Сартай батыр мен оның балалары, ер жеткен немерелері жүз сарбазы жанқиярлықпен соғысып, түгелдей қаза табады, бірнеше солдатты да жер жастандырады. Өздерінің солдаттарын да көмбеген. Олардың денесін жерге көмудің орнына өрт салып, орыс әскері өз адамдарының сартайлардың қылышына туралған денелерін отқа күйдірген.

Шоң мырза:

- Батыр аға, сізге көп рахмет. Қойған сауалдарыма түгел де кең түрде жауап қайтардыңыз, білмейтін, дүдәмал жайлардың бәрін сізден естіп ұғып алдым. Науқасыңыздан тез айығып, жасай беріңіз. Сізге Алла зор қуат берсін! Дәулетіңіз молая берсін!

Есенеі қазы:

- Әумин! Айтқаның келсін! Тілегің қабыл болсын! Рахмет, шырағым! Бірақ мен қанша жасайды дейсің. Артымда қалатын перзент те жоқ. Әйтеуір, мені дұғаларыңнан тастамасаңдар болды. Бұл айтқан тілегің інім Еменәлінің ұлдарына дарысын! Солар аман болса, ендігі байлық сол болады.

Бір айта кетейін дегенім былай. Шырағым, Шоң, осы өзің қойған сауалдарды осыдан бес жыл бұрын Баянауыл өңірінен келіп маған сәлем берген Сүйіндік Арғын Есқара шешен Ескермесұлы (атақты Күнтай балуанның немересі) қойған болатын. Ол жігітке де осылайша жауап бердім. Онда тек уезд бен болыс жайы айтылған жоқ қой.

Мәжіліске қатысып, бір апта бойы Шоңның арқасында Есенеідің әңгімесін тындаған әлеумет Арғын мырзасына өте разы болып, оған баталарын беріп, алғыс айтыпты. Себебі, Есенеі аз сөйлеп, көп тындайтын аса сабырлы кісі болыпты. Ол билікте де даугерлерді тындап алып, тоқ етерін бір-ақ айтатын тоспа шешен екен. Ол Ресей патшасының отаршыл ұлықтарымен де солай сөйлесіпті. Есенеі орысша сөйлеу тіліне біршама жүйрік, ұлықтармен тілмашсыз сөйлесетін адам болыпты. Мәжіліске қатысқан мейман Шоң да, оның нөкерлері де, ауыл адамдары да, Естемесұлының өз қызметшілері де үй иесі – Есенеі ақсақалдың үлкен шежіреші кісі екендігіне көздері әбден жетіп, оның әңгімесін сүйсіне тындап, мырзаның елеулі оқиғалардың күәсі болған жылдарын, сол уақиғаларға қатысқан атақты адамдардың есімдерін, ру аттарын, қала мен жер-су атауларын жадында сақтап жаңылмай, тиісті сауалдарға лайықты жауап

бергеніне, ел білмейтін мәселелердің бетін ашып тастағанына қайран қалыпты.

Есеней мен Шоң Телғозыұлы арасындағы осы әңгімені, осы мәжіліске қатысып отырған Мұсайын Сегіз серіұлы хатқа түсіріпті. Сондықтан бұл әңгіме осы уақытқа өзгеріссіз жеткен екен.

ШОҢ ТЕЛҒОЗАҰЛЫНЫҢ БОПАЙ ҚАСЫМҚЫЗЫМЕН КЕЗДЕСУІ.

Тоқа Шоң мырза кемелді жігіт кезінде Созақ қалашығы маңын мекендеген Алшын, Тама елдеріндегі достарына қонаққа барып жүреді. Бірде сол жақтағы Құмкент деген қоныста тұратын төре ауылдарына тоқтап, Меркеден көшіп келген Құдайменде Сұлтан Ханғожаұлы (Кіші жүздің ханы болған Әбілхайыр хажысұлтанұлын (1693-1748 ж.ж.) өлтірген Барақ сұлтан (Найман-Қоңырат төресі әулетінен) мен оның кейінгі бәйбішесі – Бопай ханым Қасым төре Абылай ханұлының қызына әдейілеп барып, сәлем беріп, оларда мейман болып, сол асылдардың әңгімелерін тыңдаған екен.

Мәжіліс үстінде Шоң Бопай бәйбішеге: «Апа, жас кезіңізде ханның қызы болдыңыз, одан батыр келіншек атандыңыз. Сонан кейін ханның батыр апайы атандыңыз. Бұл күнде батыр шешей атанып, ұлыңызды ұяға, қызыңызды қияға қондырып, немере сүйіп отырсыз. Ақсақалыңыз да, өзіңіз де төре әулетіненсіздер ғой. Арманыңыз жоқ шығар?» - деп, ханымды сөйлету үшін жорта сауал қойған екен. Сонда Бопай бәйбіше (1800 жылы туған кісі екен): «Ой, балам, армансыз пенде бола ма? Менде жеті арман бар!» - деген екен. Оны естіген Телғозыұлы мырза Бопайдан: «Апа, сол армандарыңыз қандай?» - деп сұрапты. Сонда батыр бәйбіше Бопай: «Бірінші арманым қыз кезімде батырға шығу еді. Ол қалаған батырым - өздеріңнің Орта жүздегі Ашамайлы Керей Есеней Естемес баласы еді. Дәм жазбады, екеуміз бір-бірімізге қосыла алмадық. Екінші арманым Есенгелді, Саржан атты екі батыр ағам қапыда жау қолынан қаза тапты, солармен арыздаса алмай қалдым. Үшінші арманым әкем де сол жаулардың қолынан қаза тапты. Әкем Қасым сұлтанмен де арыздаса алмай қалдым. Төртінші арманым сол үш асылдың жаудан кегін қайтара алмадық. Бесінші арманым інілерімді қазақ батырларымен қайта табыстыра алмадым. Алтыншы арманым хан, сұлтан атанған інілерімді, ханша атанған сіңлім Қарашашты Қырғыз манаптарымен мен Қоқан хандығы әскерлерінің қоршауынан құтқара алмадым. Жетінші арманым інілерім: Кенесары ханның, Ержан, Құдайменде, Наурызбай, Әбілғазылардың, сіңлім Қарашаштың, күйеу балаларым: Қошқарбай мен Кегеннің дұшпаннан кегін қайтара алмадым», - деп, Шоңға жауап қайтарыпты.

Бопай бәйбішенің жауабын тыңдай отырып, Шоң мырза Көшебе керей Көшен Бауыржанұлы ақынның Есеней туралы шығарған өлеңіндегі:

Есеней сөйлемейді асып-тасып,
Жау келгенде қорықпас және жасып.

Батырлық қасиеті ұнаған соң,

Мырзаға Бопай ханша болған ғашық, - деген шумақты есіне алған екен.

Расында Бопайдан Есенейге арнап айтқан сөздер ел есінде сақталған екен. 1840 жылы – тышқан жылы жазда жорықта жолы болмаған Кененің батырлары он екі қанат ақ үйдің ортасындағы от басында: «Төрт момыннан жылқы, түйе алу қиындап кетті. Есеней деген бір тажал дәу шықты. Сол алған жылқы, түйемізді қайта айдап алып, өзімізді беттетпей қойды», - деп, отырғандардың бірі айтса, енді бірі: «Ол сонша кім? Есенейің қайдан шыққан

пәле?» - деген екен. Сонда олардың бос сөздеріне қарны ашқан Бопай шыдай алмай, «Есеней деген ақсүйекке барабар хан емес пе, сұлуларды ғашық еткен асыл жар емес пе!» - деп, от басындағы күңкілдеп отырған доғал мінезді жас батырларды тыйып тастаған екен деседі.

Сондай-ақ, одан едәуір жыл бұрын ұзын құлақ хабардан Бопай сұлу: «Есенейдің бірінші әйелі Ғайнижамал қайтыс болған соң, оған балдыздары: Атығай Зілғара, Шопан Байтоқа ұлдары апасының орнына қарындасы Қаныкейді тағы ұзатыпты», - дегенді естиді. Сонда Бопай сұлу: «Есенейді бек сайлағанына Керейлер мәз, Атығай Байтоқаның екі қызын әйелдікке алғанына Есеней мәз!» - деген екен.

Осы сөздерді Шоң мырза Бопайдың өз аузынан да естіген екен. Шоң Құдайменді мен Бопайдың ақ батасын алып, олардың айтқан әңгімесі үшін алғыс айтып, екеуінің иығына екі жібек шапан жауып, «көшке мінерсіздер», - деп, екеуіне екі жорға сыйлап, олармен қоштасып аттанады. Бұл – 1866 жылдың жазы делінген шежіреде.

ЕСЕНЕЙ МЕН ШОҢ ДӘУЛЕТҰЛЫ

Шоң Дәулетұлы – Қызылжар өңірінде ақындығымен, қолөнер шеберлігімен, зергерлігімен қалың жұртқа есімі әйгілі болған адам. Ол 1770 жылы Солтүстік Қазақстан облысы орталығының іргесіндегі қазіргі Бескөл ауылы орналасқан ескі қоныста Дәулет Мұхаммедиярұлы деген аңшы-мерген адамның шаңырағында дүниеге келіп, 1864 жылы қазіргі Жамбыл ауданына қарасты Жаңажол ауылы тұсындағы Тәсібек көлінің жағасында қайтыс болған. Айтылғалы отырған әңгімеге Шоңның өнері, Есеней Естемісұлымен қарым-қатынасы жайлы деректер арқау болмақ.

Шоң жасында ауыл молдасынан оқып, хадимше сауат ашады. Атасы Мұхаммедияр оның сауатын одан әрі жетілдіру үшін Түркістан шаһары маңындағы Қарнақ медресесінде оқытады. Мұхаммедияр қолөнерге бейімі бар немересі Шоңды оқыту үшін Түркістан қаласында ұста-зергер болып кәсіп етеді. Қолөнерін ол немересі Шоңға да үйретеді. Қарнақ медресесін Шоң тамам еткен соң, Мұхаммедияр Үргенішке көшіп барып, немересін сондағы медресеге оқуға береді. Мұнда да Мұхаммедияр ақсақал ұста дүкенін ашып, қолөнерімен шұғылданады. Немересі медресені оқып бітіріп, діни білім алып шыққан соң, Мұхаммедияр Есбайұлы Қызылжар маңындағы туған жері – Бескөлге қайта көшіп келеді.

Шоңның бойына ақындық дарын қонған екен. Бірақ жыраулықты кәсіп етпейді, әуелі ол молда болып, бала оқытады, одан әрі ата ақәсібі болған қолөнершілікпен, аңшылықпен, құсбегілікпен, атбегілікпен машықтанады.

Шоң қазақтың көне мылтығы – күлдірмамайды, жалғыз оқпен атылатын сирақты шиті мылтықты, Түрікпен, Қаптауы (Кавказ тауы) мұсылмандарының, Хиуа мылтықтарын соғуды меңгереді. Ол жиі-жиі Алшынның теміртауына (Магнитогорскіге) сапар шегіп, сондағы темір кені иелерімен келісіп, ұсталық құрып, темір соқалар және басқа тұрмысқа қажетті темір бұйымдарын жасап, өз еліндегі бектер мен мырзалардың тапсырмаларын орындап, оларды ауыл шаруашылығы, үй құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етеді.

Дәулетұлы мылтық, қанжар, семсер, қылыш соғуда, найзаның ұшын, айбалта соғуда Қызылжар өңіріндегі елдерге елу жыл шора* болған (Шора – өлке немесе аймақ билеушісі деген лауазымды білдіретін қазақтың ескі сөзі) Керей Шақшақ би Көшекұлы мен оның баласы Баһрам батырдан кем түспейтін ұста-зергер болыпты.

XIX ғасырдың басында оның қолынан шыққан бұйымдар Шоң өрімі, Шоң етігі, Шоң арбасы* (Шоң арбасы – бұрынғы Қожаберген арбасының үлгісін жаңғыртып жасаған төрт доңғалақты ағаш арба, доңғалақтары темірмен құрсауланған), Шоң шалғысы, Шоң балтасы, Шоң кездігі, Шоң ері деген атақ алады. Бұл бұйымдар Орта жүз, Кіші жүз қазақтарына, Сібір татарларына, Шалабай (Челябинск) башқұрттарына тарайды. Дәулетұлының ата кәсібінің бірі – егіншілік болған. Соған орай оны Дихан Шоң деп те атаған.

1822 жылы Батыс Сібір губерниясының орталығы Омбыға көшіп келіп, Сібір қазақтарын бағындыру, оларды он дуанға бөлу туралы Ресей патшасының Бас министрі Сперанский жобасы жасалынып, оны іске асыру басталған күннен-ақ, соның алдында 1819 жылдан бастап, Теріскей Сарыарқаны мекендеген Орта жүзге жататын Керей-Уақ елдерінің қонысы тарылады.

Баһрам батыр Шақшақұлының (1779-1826 ж.ж.) 1821 жылы – жылан жылы күзде шығарған “Ата қоныс” деген дастанындағы: “Теріскей Сарыарқаны кәпір алып, қазаққа мекендейтін жер қалмады”, – деуі бәлкім осыдан болар!

1826 жылы – ит жылы қыркүйек айында Бескөлдегі ата қонысқа Орта жүз Ашамайлы Керейдің рубасына (родовой старшинасы) – бегі Есенай Естемісұлы (1798-1871 ж.ж.) жылдағыдай өзі көшіп бармайтын болады. Естемісұлының күздігіне көшпей, басқа жерге қоныс қоныстануына ел таң қалады. Ал, Есенайдың туған інісі Еменалы мен оның әйелі Бопан* (Бопан – Кенесары сұлтан Қасымұлының (1802-1847 ж.ж. өзінен екі жас кіші қарындасы) өз көштерін жылдағы әдет бойынша бастап, Бескөлге көшеді. Есенайдың малының бір бөлігін айдап, қызметшілерінің бір тобы да Бескөлге оралады. Есенайдың Қызылжарда саудасын жүргізетін приказшиктері де сондағы үйлерінде тұрып, өз жұмыстарын атқара береді.

Есенайге ере көшкен Ашамайлы Керейдің Сибан руына жататын Тоқпанбет атасы бос қалған Нұралы* Керейдің (Нұралы Керей – атақты әнші-ақын, композитор Біржан сал Тұрлыбайұлы Қожағұловтың елі) қоныстарына келіп, солардың күздіктеріне бөлініп-бөлініп, ауыл-ауыл боп үйлерін тігеді. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Кабань, Макарьевка, Исаевка селолары орналасқан жерлер 1826 жылға дейін Нұралы Нұрымбет керейлердің қоныстары болыпты. Сонымен қатар, осы маңдағы Жаңажол ауылы маңындағы қоныстар да Нұралы Керейдің мекендері болған. 1826 жылы – ит жылы көктемде қар ерте кеткен көрінеді. Сол шақта капитан Преснов (Жамбыл ауданының орталығы Преснов селосы осы капитан Пресновтың атымен аталған) пен прапорщик Ефремов бастаған отаршыл әскерлер Омбыдағы генерал-губернатордың бұйрығымен келіп, Нұралы, Нұрымбет * (Нұрымбет керей – 1798-1822 жылдар аралығында Батыс Сібірде жер-су үшін болған қазақ, татар, башқұрт шаруаларының толқуларын басқарған Марал ишан Сардар Құрбан батырұлының (1780-1841 ж.ж.) елі. Сонымен қатар, Марал ишан – Кенесары, Наурызбай Қасым төре ұлдарының шешелерімен бірге туған нағашысы) керейлерге әңгіртаяқ ойнатып, олардың қоныстарын тартып алады. Қожағұл би Бертисұлын (1774-1868 ж.ж.) ауылымен қоса көшіріп, жазалаушы жасақ Қожағұл бүркеуі деген қалың қарағайлы қыстауды тартып алып, онда штаб үйлерін сала бастағанда, кенеттен отаршыл әскерлерге түнде белгісіз шабуыл жасап, оларды қырғынға ұшыратып, штаб үйлерін өртеп жібереді. Жаралы күйде жылжып орманға түнде жасырынған капитан Преснов пен прапорщик Ефремов тірі қалады. Тағы да шабуыл жасалады, тағы да казарма мен штаб үйлері өртенеді деп сескенген Ресей патша

өкіметінің Омбы шаһарындағы ұлықтары ол жерлердің жартысын бос қалдырады. Ал, қалған жартысына шағын хуторлар орналасады.

“Штабтың өртенгенін, жазалаушы жасақтың қырылғанын бізден көрер”, – деп қауіптенген Қожағұл* (1. Қожағұл – Біржан салдың атасы. Ол 1824 жылы Көкшетау дуаны құрылғанда, Ашамайлы керейдің Итіке, Тұрлыбек, Табей, Шоңке, Есеней сияқты бектерінің қолдауымен аға сұлтан Ғұбайдолла Уәлиханұлының төрт орынбасарының (заседателінің) бірі болып сайланған) екен. Оның Көкшетау өңіріне көшуінің бір себебі – осы. Заседатель Қожағұл туралы архивте дерек бар. Қожағұл мен оның туыстары Есенейдің шақырғанына келе қоймайды. Көкшетау жеріне қоныс аударады. Сондықтан бос қалған қыстауларды, көктеулер мен күздіктерді Есеней бастап келген Керейдің Тоқпанбет атасы иемденеді.

Шоң зергер көшпей, Бескөлде қалады. Оған: “Көшіп кел!” – деп, Есеней бұйрық жібереді. Шоң Дәулетұлы көшуден бас тартып, Есенейдің шабарманына: “Қызылжарға орыс көпестері қаптай көшіп келген соң, олар қоныстарды әскер күшімен тартып ала бастаған соң, шабындық, жайылым егістік жерлері азайған бай ауылдар көшіп жатыр. Есеней де қонысы тарылған соң, он мың жылқысы мен бір мың бес жүз түйесін бағатын жер керек боп көшті. Мен неге көшемін. Тең ортаққа шөп шапсақ та, тең ортаққа астық ексек те, бізге жетеді. Қол өнерімен, молдалықпен күн көрермін. Ежелгі ата мекенімнен көшпеймін! Мырза менің мазамды алмасын?! – деп, жауап береді. Жас шабарман Қазақ деген жігіт Шоң ұстаның сөзін бұрмаламастан Есенейге жеткізеді. Оны естіген Естемісұлы батыр (Қызылжар аймағындағы Керей руының аға старшинасы) қаһарланып, бір топ жігітті сайгүліктерге мінгізіп: “Шоңға барып: “Сөзді қойып, бері қарай көш!” – деген сөзімді жеткізіндер, егер көшпесе, үш ұлын да, өзін де байлап әкеліндер!” – деп, оларды Бескөлге аттандырған екен. Есенейдің сарбаздары барса, Шоң Қызылжардағы үлкен қарағай үйіне көшіп кетіпті. Олар Бескөлден Шоңды таппай, Қызылжардағы ағаш үйінің жанындағы ұста дүкенінде отырған үстіне келеді. Есенейдің бұйрығын естіртеді. Шоң амалсыздан енші алып, әрқайсысы өз алдына бір-бір үй болып отырған үш ұлын ертіп, заттарын теңге буып, оларды қазақ арбаға тиеп, қалғандарын атандарға теңдеп, ата қонысын тастап көшеді.

Шоң көшті бастап аттанарда, туған жерімен қоштасып, екі жүз жетпіс бес шумақ көлемді дастан шығарып, қобызға қосып, жол-жөнекей әнмен айтады. Бір өкініштісі сол дастанды кезінде жазып алынбады. Осы күнде Шоңның жермен қоштасқан хиссасын жатқа білетін ешкім жоқ. Тек дастанның төмендегі үзінділері ғана сақталды:

Іс соғып, сыйлық алдым жайдарлыдан,
Бет қоятын көрмеп еді найзалыдан.
Кәпірді дүрелеген Шоң болсам да,
Сескендім Есенейдің айбарынан.

Есеней тоқтамайды үдере көшіп,
Жәнібек сөз сөйледі желдей есіп.

Бескөл мен Қызылжарым, қош есен бол,
Жерім ең кірім жуған, кіндік кесіп.

Туған жер кейін қалдың, уа, дариға-ай,
Мұндай жер енді бізге табыларма-ай!
Егін сап, бала-шаға асыраған,
Бескөл мен қош есен бол, Қызылжар-ай!

Қызылжар қаласында Қазан революциясына дейін Хасан баба (әкесі – Балта Керейден тарайды, шешесі – татар қызы) деген ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, Қазан шаһарындағы баспаларға тапсырып жүрген зиялы кісі болыпты. Ол XIX ғасырдың аяғында Шоңның өлеңдерін ел ішінен жинаған екен. Сондықтан Шоң зергердің туған жерімен, ата қоныстарымен қоштасқан хиссасы Қазан шаһарындағы мұрағаттан табылып қалуы да мүмкін. Баптап бәйге ат мініп, тазы жүгіртіп, бүркіт салып, аң аулаған әрі шебер қолөнерші Шоң Дәулетұлы өз заманында Орта жүз қазақтарына жататын, Төрт момын деп аталатын Керей-Уақ, Атығай – Қарауыл елдерінің аса қадірлі адамдарының бірі болыпты.

Ел басқармаса да мыңдап жылқы, түйе біткен шонжар болмаса да, көзінің тірісінде ешкімнің есігіне барып телмірмеген, ешкімнен қолқайыр сұрамаған, бар болса, өзінен артылған азық-түліктерді жетім-жесірге, ғарып-қасерге, жарымжандарға, перзентсіз шал-кемпірлерге бөліп берген Шоңның қолы ашық жомарттығы мен жұрт алдындағы беделі, елге сенімділігі бектер мен билердің ешқайсысынан да артық болмаса, кем болмаған екен.

Ашамайлы керейдің жұлдызы болған Ер Есеней Шоңды еріксіз көшіріп алған. Шоңның он екі қанат ақ үйінен күндіз-түні оған құрал-саймандар, ағаш сүйек, темір бұйымдар жасатуға келген адамдар арылмаған.

Дәулетұлы шебер байлықты көксемеген, артық мал-дүние жинамаған. Қазан қызыл шұбар пимасын орыс көпестері Шоңға ғана бастырып алып отырған.

Шоң зергерді шебер қолөнерші, қолы ашық жомарт адам деп бағалап, оны басқа ақындар да өлеңдеріне, хиссаларына сол заманда арқау қылған екен. Мысалы, Сегіз сері “Жұртына қамқор, ерлерім” деген толғауында Шоң ұста туралы былай дейді:

Халқымызда қолы ашық Шоң зергерім,
Құралайды көзге атқан шын мергенім.
Бар өнерін жұртына арнаған соң,
Оның ісін әрқашан жөн көргенмін.

Жасынан қолөнерін қылған машық,
Молда еді кім барса да есігі ашық.
Бай ұлынан артық еді дастарханы,
Байлығы жатпаса да асып-тасып.

Жан еді халайықты ырза қылған,
Салтанаты кем болмай мырзалардан.
Еңбек қып тапқандарын үнемдесе,
Дәулеті асар еді шонжарлардан.

Жігіттік кезден егін еккен еді,
Ел үшін маңдай терін төккен еді.
Алланың рахметіне бөленген ер,
Табысын халықтікі еткен еді.

Жиған жоқ дүние-мал жас шағынан,
Артық болған мінер ат, ас жағынан.
Құдайдың құдіретіне таң қаламын,
Шоң ерді көп қылмаған бас жағынан.

Халқына қызметі оның тиімді еді,
Бай киген Шоң киген киімдерді.
Үргеніштің тәмамдап медресесін,
Талай жыл шәкірттерге дәріс берді.

Қыс болса, күйме шана пайдаланды,
Жаз болса, дайын етті күйме арбаны.
Түзелген сән-салтанат арқасында,
Болғандай орындалып ер арманы.

Қолдаған тәңірім өзі сүйген ерін,
Жұртына пайдасы көп тиген ерін.
Ешқашан бес намазын қаза қылмай,
Қадырын дін Есламның білген ерің.

Бұл күнде сексен жасқа келген шаһыбаз,
Қатарға ақсақалдық енген шаһыбаз.
Өзінен қолөнерін үйренгенге,
Ерінбей ақыл-кеңес берген шаһыбаз.

Атасы – Мұхаммедияр, әкесі – Дәулет,
Шоң менен ұлдарына біткен сәулет.
Алашқа шеберлікпен сыйлы аға,
Көрмесін қартайғанда ешбір нәубет!

Құндыз ішік жауып, астына арабы ақбоз ат мінгізіп, “балаң мінсін” деп, түрікпеннің қара қасқа арғымағын жетектеткен Сегіз серіге айтқан өлеңі төмендегіше екен:

Атаң – Шақшақ болғанда, әкең – Баһрам,
Ақынсың алуан түрлі жыр шығарған.
Жаудан жылқы айырып, ерлік еттің,
Он жетіңнен халқыңа болып қорған.

Дұшпанды қырған ісің көпке ұнаған,
Сүйсінген ән-күйіңе бар мұсылман.
Алашқа даңқың мәшһүр Сегіз серім,
Патшаның ұлымен тең асылзадам.

Қатардағы шебер һәм хажы едім мен,
Еселей сыйламаса, сыйладың сен.
Ел-жұртың рахымыңнан үміт еткен,
Баршаның тіршілікте қамқоры ең.

Хас батыр, үлкен емші, өнерпазым,
Аюға ауыз салған құмай-тазың.
Тұлпар ат, тазы, бүркіт бапкерісің,
Пайдасыз өткен емес қыс пен жазың.

Шоң Дәулетұлы өмірінің соңғы кезінде Мекке, Мәдинаға барып қажылық парызын атқарып, бірыңғай дін жолына көшеді. Шоңның балалары 1928-1930 жылдары қажының ұрпақтары деп қуғын-сүргінге ұшырап, Ресей жеріне көшуге мәжбүр болады. Ұрпақтары сол кеткеннен қазір Қорған, Түмен облыстарында тұрып жатыр.

ЕР ЕСЕНЕЙ

Қазақ халқының XIX ғасырда өмір сүрген ел қорғаны-батырлары мен игі жақсыларының бірі – Ер Есенай Естемесұлы.

Ер Есенайдің биік адамгершілік иесі екенін, ел қорғаны болғанын екінің бірі біле бермейді. Өйткені, оны кейбір жазушы өзінің шығармаларында Қодар бейнесінде дүлей күштің иесі етіп және үстем таптың зорлықшыл өкілі ретінде оқырмандарға құбыжық етіп көрсетті. Енді бір жазушы: «Қолына топтан ұры ұстайтын, бықыған малы көп Ашамайлы керейдің байы Есенай...»-деп, ол да Естемесұлын елге қолайсыз кісі етіп көрсетіп, өз шығармасында шындыққа жанаспайтын сөздерді жазды.

Кешегі Кеңес дәуірінде Қазан төңкерісінен бұрынғы кезеңде ел басқарған адамдарға дұрыс баға берілмеді, олардың ақыл иелері болғандығы еске алынбады. Себебі, олардың бәрі қанаушы таптың өкілдері саналды. Билер мен бектер, батырлар, мырзалар түгел жыртқыш, мейірімсіз, қанаушылар атанды. Шындығында олар солай ма? Бұлардың жақсы істері аталмай қалды, ақты-қарасы тексерілмеді. Билердің көпшілігінің кедей немесе орта шаруалардың өкілдері екендігі де, әділдік қасиеттері есептелмеді.

Жыртқыш деп халық ел шапқыш содырларды немесе кісі өлтіргіш қанішерлерді, ел ішінде бүліншілік жасаған бұзықтарды, немесе тонаушыларды, қайырымсыз, қара жүрек қарақшыларды, немесе әрдайым кез келген кісілерді алдап, әкім қылған алаяқ қуларды, немесе кісі еңбегін бермейтін сараң, қара ниет байларды атағаны кімге болса да белгілі жайт. Ал, есігі ашық, дастарханы күні бойы жиылмайтын меймандос, ғарыштерге қысылғанда қол ұшын берген жомарт, ғашықтарға азаттық әперген әділ, қамқоршы бектерді жыртқыш, қанаушы, зорлықшыл деуге болмайды. Біз сөз еткелі отырған Есеней де заманында елге қайырымды бектер мен батырлардың бірі болғандығы шежіре деректерінен және сол дәуірдегі ақын-жыраулардың өлең-жырларынан көпке мәлім. Әрине, Есенейдің де аздаған пендешілігі болыпты. Бірақ соған қарап, оның жұрт үшін сіңірген көп еңбегін, атқарған игілікті істерін, ел қамқоры болғанын жоққа шығаруға болмайды.

Әуелі Сібір қазақтарының шорасы боп 1819-1824 жылдары ел басқарған кезінде, кейін 1859 жылдан бастап, он шақты жыл Батыс Сібір генерал-губернаторына Бас кеңесші боп он дуан елдің үстінен қараған уақытында «Есенейді қарадан хан болды», -деп, халық Есеней хан деп атапты. Естемесұлын Батыс Сібір мұсылмандарының Марал ишанның басшылығымен жер-су үшін болған Ресей отаршылдарына қарсы азаттық күресіне белсене қатысқандығы үшін, сонда үлкен ерліктер жасағаны үшін, кейін тонаушылардан, барымташылардан елдің жылқы-түйесін бірнеше рет айырып, иелеріне қайтарып бергені үшін, қазақ, татар, башқұрт халықтары оны Ер Есеней деп атаған екен.

Сонымен қатар, Есеней сөзді тауып сөйлейтін, шындықты жасырмайтын турашыл адам болыпты. Мысалы: Естемесұлының тұғырдан тайып, науқастанып қалған шағында, яғни 1869 жылы қыркүйек айының басында өзіне сәлем ере келген Орта жүз Қуандық Арғын Шоң Гиелғазыұлы (1828-1902 жж.) болыстың мейман боп отырып, өзіне: «Батыр әке, сізді ел ата-анасынан бала жігіт кезінде қалған дейді. Соған қарағанда билікке ерте араласуыңызға себепші адамдар болған ғой, сірә?» -деп, сауал қойғанда, оған Есеней: «Батаны Тіленші, Нашан, Киікбай берген, батырлықты марал ишан мен Баһрам берген, бақытты Итіке, Тоқсан, Маманай берген, тақытты Шақшақ берген. Ісімді Алла қолдай берген! Ар жағын балам, енді өзің түсіне берерсің!» -депті. Расында осы есімдері аталған ардагерлер Есенейді ел басқаруға да, қол басқаруға да баулыған екен. Есенейге тәлім тәрбие берген бұл тоғыз кемеңгердің ешбірі де алыс жердің, я болмаса басқа тайпаның адамдары емес. Солай бола тұрса да, Есенейге ұстаз болған, жоғарыда аттары аталған ел жақсыларының бірі-Киікбай Айтұғанұлы шешенді соңғы жылдары кейбіреулер өздерінің еңбектерінде Батыс Қазақстанда туған етіп, елін Кіші жүз етіп көрсетіп, бұрмалап жазып, оқырмандарды басқа шатастырып жүргенін айтуға міндеттіміз. Асылында кімге болса да, өзі білмейтін мәселеге араласудың ешбір қажеті жоқ деп білеміз! Себебі соңғы жиырма жыл ішінде бір тайпаның жақсы адамың екінші бір тайпанікі етіп көрсету, немесе бір тайпалық одақтың руын екінші бір тайпалық одактікі ете

салу әдетке айналып кетті. Мұның өзі оқырмандарды шатастыруға әкеп соққанын жасыруға болмайды. Орта жүздің даугері ретінде барымташылардан есе алып қайту үшін, немесе кеткен жесірді қайтарып алу үшін Киікбай Кіші жүзге барса барған шығар. Бірақ оның елі – Кіші жүз емес те, туған жері – Батыс Қазақстан емес, Киікбай Айтуғанұлының елі – Орта жүз Ашамайлы керей, оның ішінде Еменәлі, оның ішінде Таз атасы, ал туған жері – Қызылжар аймағы (Солтүстік Қазақстан облысы). Сол сияқты Есенеиді шыңдаған қалған сегіз кемеңгер де Қызылжар аймағындағы Орта жүз Керей елінің адамдары. Біз мұны рушылдықпен, я болмаса жерлесшілдікпен айтып отырған жоқпыз. Шындық үшін айтып отырмыз.

Біз сөз етіп отырған Есенеи 1798 жылы – Ұлу жылы наурыз айында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының орталығы – Қызылжар (Петропавловск) қаласына таяу жердегі ежелгі ата мекені – Бескөл деген қоныста тұратын Орта жүз Ашамайлы керейдің Сибан руына жатын Қошқарбай батыр ауылында Естеміс мырзаның шаңырағында дүниеге келіп, аталмыш облыстың Жамбыл ауданындағы Жаңажол ауылының төңірегіндегі Бүркеу деп аталатын соңғы қонысында ауырып, 1871 жылы – қой жылы желтоқсан айында қайтыс болыпты. Елі оның сүйегін сол арадағы Жәнібек батыр бейітіне жерлепті (Керей шежіресі бойынша). Есенеидің туған жері, туған жылы, руы, ауылы архивте де осылай жазылған. Есенеидің ата-анасы да, ағайын-туғандары да, бірнеше ата-бабасы мен әже-апалары сол Бескөлдегі Ескі Керей бейітіне жерленген. Сол Ескі Керей бейітіне 1745-1752 жылдары аралығында қайтыс болған Уақ, Атығай елдерінің де, адамдарының біразы жерленіпті. Қызылжар маңынан Керей ауылдарының алыстап кетуіне 1826 жылы жазда Ресей патша өкіметі отаршыларының Қызылжар төңірегіндегі, Қызылжар мен Мәуліт аралығындағы жерлерді, Мырзаағаш (Соколов ауданы жерінің қазақша атауы) жерін өз именелеріне айналдыруы себепкер болыпты (архивте, шежіреде бар).

Есенеидің әкесі Естеміс балуан Сейітұлы өз тұсында Ашамайлы керейдің басты адамдарының бірі болыпты. Оған атақты әнші-ақын, сазгер Сегіз серінің «Ер Есенеи» атты тарихи толғауында мына шумақтар да дәлел бола алады:

Орта жүздің ішінде
Ашамайлы керейде.
Қатарының алды боп,
Бөленген жан мерейге.

Балға батыр¹ ұрпағы,
Заманының сұңқары –
Есенеи ердің бабасы
Әрі де өткен Ақпанбет,
Жауға тиген болып өрт.

Бергі атасы Сейіт би
Өз тұсында болған бек
Өз әкесі Естемес,
Ел жақсысы, ғадыл ед!

Бұдан Еснейдің ата-бабаларының тәуір ел қорғаны-батыр адамдар болғанын көреміз. Ал, Еснейдің анасы Ақжәми – ХҮІІІ ғасырдың төртінші ширегінде, яғни 1773-1775 жылдары және 1783-1797 жылдары отаршылдық езгіге қарсы бағытталған Кіші жүз қазақтары шаруаларының көтерілістерінің көсемі Сырым Датұлы батырдың (1712-1802 жж) қызы екенін екінің бірі біле бермейді.

Сонымен қатар, Еснейдің әкесі Естемес те, атасы Сейіт те Меккеге хажылыққа барып қайтқан екен. Сейіт пен оның баласы Естеместің хажы болғандығына Сегіз сері ақынның «Ер Есней» атты дастанындағы мына шумақ та дәлел болады:

Әкесі де атасы
Еснейлердің хажы еді.
Сибан керей ішінде.
Басқа атадан аз еді.

Әкесі Ақпанбет батырдан үш жасында жетім қалған Сейіттің жастық шағы нағашы жұртында өтіпті. Сейітті жігіт болған кезінде немере ағасы Бесбай Тоқпанбетұлы мен Балта керей Ермұхаммед Тұрсынбай батырұлы

¹Балға батыр – Сибан керейдің түпкі атасы, Балғаның әкесі – Танаш би – Ақ Орданы гүлдеткендердің бірі екен.

Байбақты елінен көшіріп әкеліпті. Қурай емген тұқымы деп аталатын көп жылқы біткен Сейіт қыдыр дарыған бай болыпты.

Сейіт өзінің Естемес, Есіркеп атты екі баласын әуелі Қажым деген молдадан оқытып, одан кейін Қызылжардағы Шақшақ шора медресесіне оқуға беріпті. Сейіт мырза екі баласын әрі қарай оқытпақшы болыпты. Ол Қызылжар, Омбы шаһарларының базарларына келіп жүрген, сауда саттықпен айналысатын Қоқан, Хиуа, Бұхар хандықтарының саудагер байларымен танысып, олармен жақсы араласып, дос боп кетіпті. Енді сол достықты Сейіт Шақшақ шора медресесін тамам еткен екі ұлын оқыту үшін пайдаланады. Ол Естемес пен Есіркепті Үргеніштегі достарының үйіне қойып, сондағы медресеге оқуға береді. Әке үмітін ақтап, Естемес те, Есіркеп те Үргеніш медресесін жақсы оқып, бітіреді. Есіркеп молда боп Шақшақ шора медресесіне ұстаз боп орналасып, балаларға дәріс береді. Ал, Естемес ірі балуан болыпты. Сонымен бірге ол Сибан керейді билепті. Естемес Ресей отаршылдармен жер су мәселесінде тартысқа түскен кісілердің бірі бопты. Қазақ пен орыс қатынасына байланысты 1794 жылғы 24 желтоқсандағы оқиғада Сибан

керейдің басшысы ретінде Естемес Сейітұлының есімі аталады (Бұл жайында архивте дерек бар).

Есней жас бала кезінде ауыл молдасынан оқып, хадимше хат танып діни білім алыпты. Осы арада бір ескерте кететін мәселе былай: Естемес хажы өз балаларын кезінде өзі оқып тамам еткен Шақшақ шора² медресесі мен Үргеніш медресесінде оқытуды дұрыс көріпті. Сондықтан ол Есенкелді, Есней атты ұлдарын Қызылжардағы 1767 жылы ашылған ескі оқу орны – Шақшақ шора медресесіне оқуға береді.

Есней ағасы Есенкелді сияқты аталмыш медреседе жақсы оқып хадимше сауатын жетілдіріп, терең діни білім алып, араб, парсы, көне түрік (шағатай) тілдерін үйренеді.

Сондай-ақ, Естемесұлы Қызылжар шаһарындағы Шақшақ медресесінде оқып жүргенде, көрші тұратын татар, орыс балаларымен бос уақытында бірге ойнап жүріп, татарша, орысша сөйлеуді жақсы меңгеріпті.

Естемес мырза Шақшақ би медресесін жақсы оқып тамамдаған баласы Еснейді Үргеніштегі өзі оқып бітірген медресеге апарып, оқуға орналастырыпты. Есней Үргеніш медресесін жақсы оқып, тамам етіп, онда діни білімін толықтырып, араб, парсы, көне түрік тілдерін жетік біліп шығады.

Әке өсиетін орындамақ болған Есней 1815 жылы – доңыз жылы жазда Үргеніш медресесін тамам етіп келген соң, Батыс Сібір мұсылмандарының (қазақ, башқұрт, татарлардың) Ресей патшасы өкіметінің рұқсатынсыз өздері сайлаған Бас мүфтиі – Марал ишан Құрманұлына арнап барып, сәлем беріп, оған мүрид³ болыпты. Сөйтіп, Естемесұлы 1815-1819 жылдары Нұрымбет керей Марал ишан бастаған Батыс Сібір мұсылмандарының дін үшін, жер-су үшін, ел бостандығы үшін Ресей патша өкіметі отаршыларының қарсы бағытталған ғазуатына (халық-азаттық қозғалысына) белсене қатысыпты.

²Шора - әуелде сот деген мағынаны білдіретін сөз болса, кейін аймақ билеушісі деген мағынада қолданылған сөз.

³Мүрид – діни шәкірт.

Ол қатардағы жауынгер болып, соғысқа қатысқан күннен бастап, ерліктер көрсетіп, ақырында жүзбасы деген әскери атақ алады. Есней жауға қарсы бірнеше рет өз жүздігін бастап, шабуылға шығып, отаршылар әскеріне соққы беріп, олардың талайын тұтқынға түсіріпті.

1819 жылы көктемнің аяқ шенінде Есіл өзенінің Есет деген саласының бойында Батыс Сібір мұсылман қауымының дін-басылары, билері, бектері, батырлары мен мырзалары бас қосқан құрылтайда бірнеше жас ерлерге майданда көрсеткен ерліктері үшін жүзбасы, мыңбасы деген әскери атақтар беріліпті. Сондағы мыңбасы атағына ие болған батырлардың бірі – Есней екен. Оның Ер Есней атануы сол кезден басталыпты.

Еснейдің әке-шешесі ерте қайтыс болыпты. Алайда «Әкең өлсе де, әкеңді көргендер өлмесін!» -дегендей, мыңбасы-сардар атағын алған Еснейді әкесіне бірі аға болған, бірі іні болған, бірі дос, жолдас болған елдестері мен жерлестері: Балта керей Нашан, Итіке батырлар мен Көшебе,

керей Тіленші, Маманай, Еменәлі керей Киікбай, Тоқсан есімді билер ел басшысы ету мақсатымен Көшебе керей Шақшақ шора Көшекұлына ((1740-1831 жж.), Сегіз сері батырдың атасы) арнап барып, сәлем беріп, қонақ болып, мәжілісте олар: «Сардар аға, сіз елу жылдан артық ел басқардыңыз, бетіңізге ешкім қарсы келген жоқ. Гадылдігіңізге ел бас иіп, бәрі Сізді сыйлады. Жасыңыз сексенге келді. Орныңызды басатын балаларыңыз да, туыстарыңыз да бар екенін білеміз. Дегенмен, аға баласына жол берсек қайтеді? Оған қалай қарайсыз? Естемес інііздің баласы Есеней сіздің ізіңізді басуға жарап қалған сияқты», -депті. Сонда өз орнын басатын батыр да, шешен де ұлдары, туыстары бар екеніне қарамастан, Шақшақ шора турашылдыққа көшіп: Сибан аға баласы екені рас. Олардың біраз жыл биліктен қол үзгені де мәлім. Жолымды бердім. Екпіні тау жыққандай жалынды да талапкер жастың бірі – Есеней ғой. Орнымды бердім. Есеней менің шоралық тағыма отырып, Сібір қазақтарын басқарсын! Билігімді Есенейге сыйладым. Менен қалған дәурен оған құтты болсын! Ісін Алла оңғарсын! Тек ел үмітін ақтайтын көсем болсын!»-деп, бірден келісімін беріпті. Сонда билер мен батырлар, бектер қарт ағасының кең пейілдігіне разы болып, оған алғыс айтып, оның иығына жанат ішік жауып, босағасына ақбоз жорға атты байлап кетіпті.

1819 жылдың жазының басында хан жайлауда Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдерінің басты адамдары құрылтай ашып, Қақ сорының⁴ жағасында Есенейді боз биенің сүтіне шомылдырып, үстіне ақ киімдер кигізіп, ақ киізге отырғызып көтеріп, шора сайлапты Естемесұлына сол арада ел құтты болсын айтып, Шақшақ, Тіленші, Киікбай, Тоқсан, Маманай, Құрымсы сынды дуалы ауыз билер, әулие Марал ишан, Нашан, Қолдас, Жолдыбай, Сартай, Мәуліт, Итіке батырлар, Сардар Баһрам ақ баталарын беріпті. Есенейді шора сайлауға Қызылжар, Омбы шаһарларындағы татар мырзалары да қатысыпты. Сол күннен бастап Естемесұлы 1824 жылға дейін Сібір қазақтарының шорасы болып, ел басқарыпты. Хандық Орта жүзде 1819

⁴Сор - тұзды көл.

жылы жойылды.

Есеней шора болумен қатар, ұстазы Марал ишанның ғазауатын қолдап, оған әскер жинап, жауынгерлерге ат жинап беріпті. Сөйтіп, ол өзі де бұрынғыша Ресей отаршылдығына қарсы соғысқа белсене қатысыпты. Оған Баһрам батыр Шақшақұлының (1779-1826 жж) «Қайғылы белдеу» деген тарихи дастанындағы мына шумақтар да айғақ бола алады.

Зеңбірекпен келсе де,
Кәпірдің жолы болмаған.
Қанға құмар итгердің,
Бұл жылы ісі оңбаған.

Марал ишан ұстазын,
Есеней шора қолдаған.
Сарбаз жинап берсін деп,
Бектерге сәлем жолдаған.

Кәпірге қарсы шықсын деп,
Елге жаршы жіберді.
Сарбазға ат жинады,
Жеңістен үзбей күдерді.

Арқада хандық 1819 жылы жойылса да, шоралар билігі 1824 жылға дейін сақталды. Өйткені, Есеней, Зілғара, Тоқтамыс, Мүсет, Қожағұл сияқты бектер үшін шоралық билік жүйесі пайдалы болды. Сондықтан олар округтердің ашылуын қаламады.

1822 жылдың басында Ресей патшасының Бас министрі Сперанский Орта жүз қазақтарын он округке бөліп билеу туралы жоспар жасаған, әрі соны жүзеге асыруды көздеген. Бірден округ ашуға отаршылдардың батылдары да бармаған. Әйтсе де 1822 жылы сайланған Батыс Сібір генерал-губернаторы П.М. Капцеевич Солтүстік Сарыарқадан Құсмұрын, Көкшетау дуанын 1824 жылы ашуды жоспарлады. Бірақ Құсмұрын округін құрумен қатар, сол 1824 жылы Орталық Сарыарқадан П.М. Капцеевич Қарқаралы дуанын ашқан.

1819 жылы Орта жүзде хандық билікті жоюға тек Ғұбайдолла сұлтан Уәлиханұлы ғана қарсы болып қоймай, уәзірлер, билер мен бектер, Есеней сияқты шоралар, батырлар, хазірет, имамдар, хажылар да қарсы болыпты.

Қызылжар аймағында Құсмұрын округі ашыла қоймайды да, ол өңір Керей болысы деген атпен уақытша 1830 жылға дейін Көкшетау дуанына қарап, Керей-Уақ бектері де отаршылдарға қарсы болып, биліктен шеттеп қалады. Оған, біріншіден, Есенейдің Марал ишан бастаған Батыс сібір мұсылман қауымының Ресей отаршылдарына қарсы бағытталған халық-азаттық қозғалысына белсене араласуы, екіншіден, сол Естемесұлының Орта жүзде хандық жүйенің жойылуына, үшіншіден, оның шоралар билігінің жойылуына, төртіншіден, Есенейдің Ресей патшасы отаршылдығының мұсылмандардың қоныстарын тартып ала бастауына, Есіләм дінінің өрісін тарылтуына, мұсылман балаларын саудаға салуына, елден алым-салықты көптеп алуына, мұсылмандарды шоқындыруға ашық түрде қарсы болулары себепкер болыпты. Алайда, Қызылжар аймағындағы Ашамайлы керейдің билері мен бектері: Шақшақ, Тіленші, Киікбай, Тоқсан, Итіке, Сексен, Өмір – бәрі бірауыздан ел жинап ашқан құрылтайда Есенейді Ресей патшасы ұлықтарының рұқсатынсыз өздері қазы сайлап, даулы мәселелерді соған шешкізеді. Батыс Сібір генерал-губернаторлары: П.М. Капцеевич те одан кейінгі И.а. Вельяминов те, Н.С. Сулима да Есенейдің Қызылжар керейлерінің басшысы екенін мойындамай, оны Сибан керейдің рубасысы деп қана таниды. Алайда Көкшетау дуанбасысы Зілғара Есенеймен керей елінің басшысы ретінде санасып отырыпты.

1826 жылы жаздың басында Еселей Қызылжар шаһары төңірегіндегі өзінің ата қоныстарының жартысынан көбін Ресей отаршылары өз иеліктеріне айналдырған соң, өз қыстауы Бескөлдің батысында жүз жетпіс шақырым қашықтықтағы Нұралы Керейдің босап қалған, яғни штаб салудың сәті түспеген жерге Сибан керейдің Қорқыт әулетіне жататын ауылдарын бастап көшіп барып, үйлер салып, шөбін шауып алып, келер қысқа қам жасайды. Естемесұлының Бескөлден көшкеніне оның аталас ағайыны Шоң Дәулетұлы зергердің ата қоныспен қоштасып шығарған дастанының ішіндегі мына шумақтар да дәлел бола алады:

Еселей тоқтамайды үдере көшіп,
Жәнібек сөз сөйлейді, желдей есіп.
Бескөл мен Қызылжарым, қош-есен бол,
Жерім ең кірім жуған, кіндік кесіп.

Туған жер кейін қалдың, уа, дариға-ай,
Мұндай жер енді бізге табылар ма-ай.
Егін сап бала-шаға асыраған,
Бескөл мен қош-есен бол, Қызылжар-ай!

Алайда жаңа қоныс Еселейге құтты бола қоймапты. Өйткені, Қызылжардағы бір кезде өзі оқыған Шақшақ шора медіресесіне (1767 жылы жазда ашылған ескі оқу орнына) апарып, оқуға орналастырмақ болған Еселейдің тоғыз жасар Аманжол, жеті жасар Аманқұл деген ұлдары (жеңге алған әйелі – Ғайнижамал Байтоқақызынан туған) шешекпен ауырып, бір күнде қайтыс болыпты. Оған әнші-ақын Сегіз серінің «Ер Еселей» тарихи дастанының ішіндегі төмендегі шумақтар да айғақ болады:

Жақпады Еселейге Бүркеу мекен,
Бір кезде Қожағұлдың қыстауы екен.
Көшіріп Нұралыны еріксізден,
Сол жерге штаб түспек болған екен.

Астыртын мұсылмандар әрекет қып,
Бүркеуде штаб үйін қалдыртпаған.
Өрт салып, солдаттарын түгел қырып,
Ұлықтың ойлағанын болдыртпаған.

Қызығып бос қоныс деп қонса-дағы,
Бүркеуде Еселейге апат келген.
Аманжол, Аманқұлдай екі ұлы,
Бір күнде шешек шығып қабат өлген.

Еселей екі ұлының өліміне қатты қайғырып, ас ішпей, бас көтермей, теріс қарап жатып алыпты. Ағайындары, інілері, ауыл адамдары, көрші

ауылдардың кісілері келіп, көңіл айтса да, бас көтермей, төсегінде құса боп жата беріпті. Бір күні осы ауыр жағдайды Есенеидің өзіне ұстаз, әрі әкесімен жолдас болған қадырлы елдестерінің бірі Еменалы керейдің Таз атасынан шыққан Киікбай Айтуғанұлы шешен естіпті. Ол әдейілеп Естемеұлына көңіл айтуға келіпті. Атты кермеге байлап, жасы сексенге таяса да, жүрісі ширақ Киікбай (1748-1842 жж) би Есенеи жатқан үйге сәлем беріп кіріп келіп, төрге шығып отырады. Үй жандары түгел орындарынан тұрып Киікбай атасына сәлем береді. Киікбай баршасына көңіл айтып, дүниеден өткен екі ұлдың рухына бағыштап құран оқиды. Айтуғанұлының алдына дастархан жайып, оның үстіне қызметші жігіт бауырсақ салған табақша мен шара аяққа шұбат құйып қояды. Есенеи теріс қарап жатқан күйі қозғалмапты. Сонда Киікбай інісіне қарап, жұбату сөздерін айта отырып, ең соңында:

«Уа, мырзам, көтер басты,
Көзден тез тый жасты.
Бала қайғысы өзекке тиген оқ,
Ата-ананың ішіне түскен оқ.

Жазмыш ісі болған соң,
Қайғыра берудің орны жоқ.
Байла мықтап белінді,
Қамықтыра берме елінді.

Бер қасыңды, іш асыңды,

Қайғыңызға бәріміз де ортақпыз!» - депті. Оны естіген Есенеи «Би-ағамысың?»-деп, орнынан тұрып, Киікбай ағасымен құшақтасып, көрісіп жылап, ақыры көзден жасын тыйып, көңіл айтып, бас көтерткені үшін Айтуғанұлы ағасына көп-көп алғыс айтып, оны бірнеше күн бойы қадырлы мейман етіп, жақыны болса да, жаттай сыйлап, астына ат мінгізіп, иығына бұлғын ішік жауып, разы етіп аттандырған екен.

Есенеи қазы боп тұрғанда да, кейін де қолына жүз мүрид ұстаған екен. Ол сол мүридтер арқылы Есіләм дінін насихаттаумен қатар, ел ішіндегі содырларды жөнге салып, ұрлықты тыйған екен. Есенеи ұрыға катал шара қолданыпты.

1832 жылдың аяғында қазақтың беделді де мықты адамдарының бірі Есенеи екеніне генерал-губернатор И.А.Вельяминовтің көзі әбден жетіп, оның Қызылжар аймағын мекендейтін Керей елінің және Қызылжар қаласында тұратын мұсылмандардың ортақ қазысы екенін толық мойындапты. Сондықтан губернатор Естемесұлына жақсы мінездеме береді. 1833 жылы Ресей патшасының Бас министрі Есенеиді Петербургке шақыртып алып, ел тыныштығын сақтағаны үшін оған құрметті қазақ атағын, Анна лентасына қадаған алтын медальды грамотамен бекітіп беріпті, әрі Батыс Сібір шекаралық комиссиясына мүше етіпті. Ресей патша өкіметінің тағы да Есенеиге бұлай оң көзбен қарауына оның туған құдасы Қасым төре Абылай ханұлы мен оның Есенгелді, Саржан есімді батыр ұлдарымен жақсы

қарым-қатынаста болуы себеп болған. Ресей отаршылдарына Есеней сияқты мықты қазақты Қасымнан бөліп алып, өз жағына тарту ауадай қажет болыпты. Бірақ Естемесұлы қазы өзінің құдалары: Қасым және оның ұлдары: Есенгелді, Саржан сұлтандармен достығын сақтаған. Ол Кенесарымен де 1838 жылға дейін достық қатынаста болыпты. Есеней өз құдасы Кенесары сұлтан Қасымұлына бейбіт қазақ ауылдарын шаппау керектігін ескертіп, әрі оның Алтай тауына бекінуі қажет екендігін айтып, оған дұрыс жол сілтейді. Ол аталмыш құдаларына кезінде саяқ аттар мен атан, нарларды тарту етіп, Қасым балаларын 1838 жылға дейін көлікпен жабдықтаған бектердің бірі болыпты (Керей шежіресі және ақын-жыраулардың өлең-жырлары).

Кейбір ғалымдардың, кейбір жазушылардың Есеней мен Зілғараны Кенесарыға қарсы болды деп жазғыруы дұрыс емес. 1838 жылдың жазының басына дейін Естемесұлы Кенесарыны астыртын қолдап, көлік беріп тұрған.

1830 жылы жазда Қызылжар аймағында округ Құсмұрын деген атпен емес, Аманқарағай деген атпенен ашылады. Ресей отаршыларының өзін приказ бастығына өткізбейтінін сезген Есеней туған құдаларының бірі – Жалбыр Абдоллаұлын (Абылай ханның көп немерелерінің бірін) аға сұлтандыққа ұсынады. Сөйтіп, әкесі де, өзі де әу бастан төре атағынан безініп, қара қазаққа айналған Жалбыр мырза Керейлердің қолдауымен Аманқарағай дуанының алғашқы аға сұлтаны болып, ел басқарыпты (Бұл туралы Омбы архивінде толық дерек бар).

Есеней баяғысынша халық сайлаған қазы қызметінде қала беріп, шарифат жолымен дауларда билік айтыпты.

1834 жылдың жазының аяғында Жалбырдың орнына Уақ руы шонжарларының қолдауымен Шыңғыс Уәли ханұлы төре (1811-1902 жж) Аманқарағай округіне аға сұлтан болады, оның бірінші заседателі болып, Есеней тағайындалады.

Есенейді бақталастары жала жауып, губернаторға арыз жазып, кейін заседательдіктен босаттырады. Бірақ Есенейді Омбы ұлықтары, дін басылары қолдап, ол 1842 жылы Сибан керейге старшина болады.

Осы арада бір айта кететін мәселе төмендегіше: 1838-1841 жылдары Кенесарымен үзілген қатынасы 1841 жылдың тамыз айынан бастап, қайта жалғасқан Есенейге Ресей патшасының отаршыл ұлықтары 1847 жылға дейін сенбей келіпті. 1847 жылдың көктемінің аяғында Кенесары-Наурызбай қаза тапқаннан кейін ғана Есеней Ресей патшасы әкімдерінің сеніміне толық ие болыпты.

Есенейдің Есенгелді есімді ағасы, Еменәлі деген інісі болыпты және әкесінің інісі Есіркептен туған Есенаман, Есенәлі есімді екі немере інісі болған екен. Есенейдің әкесі Естемес хажы Қасым Абылай ханұлы төренің екінші қызы Бопанды кіші баласы Еменәліге айттырыпты, ал, інісі Есіркептің екінші баласы Есенәліге Абдолла Абылай ханұлының Айтолқын атты қызын айттырыпты. Әке өсиетін еске алған Есеней жоғарыда есімдері аталған екі інісіне де аталмыш төрелердің қыздарын қалың малын төлеп алып берген екен. Естемесұлы қазының Кенесарымен және Жалбырмен құда болу себебі осыдан. Кейін Есенәлі қайтыс болған соң, әменгерлік жолымен және

бәйбішесі Бопанның (Бопайдың сіңілісі) рұқсатымен Айтолқынды Еменәлі алады.

Есней үш әйел алған кісі екен. Оның бірінші әйелі Ғайнижамал жеңгесі екен. Ғайнижамалды әуелі Есенгелді Есетемесұлы алыпты. Есенгелді қайтыс болған соң, оның он жеті жасар інісі Есней әмеңгерлік жолмен жеңгесі Ғайнижамалмен қосылыпты. Ғайнижамал Құдайберді Атығайдың Андағұл атасынан шыққан Байтоқа Жолдыбайұлы деген шонжардың үлкен қызы екен. Кейін Ғайнижамал қайтыс болған соң, Зілғара, Шопан Байтоқа ұлдары апасының орнына кіші қарындасы Қаныкейді Еснейге ұзатыпты. Шешесі – Жәнапия бәйбіше ерте дүниеден өтіп, анасынан жас бала кезінде қалған Қаныкейді үлкен аға-жеңгесі: Зілғара мен Бишай өз қамқорына алып, өздері тәрбиелеп өсіріпті. Сол себепті Қаныкей Зілғараның бір жағынан қарындасы, бір жағынан тұңғыш қызы есепті болыпты.

Еснейдің Ғайнижамалдан туған балалары да, Қаныкейден туған ұл-қыздары да жастай бөбек, сәби кезеңінде шетінеп кете берген соң, Есней мырза екінші қайынағасы Шопанның үшінші баласы Сәлікті бауырына салып, бала етіп алыпты. Осы арада бір ескерте кететін мәселе былай: Атығай Байтоқа мырзаның інісі Қаратоқаның да алғашқы балалары тұрмай, жастай қайтыс боп кете беріпті. Сондықтан ағасы Байтоқаның екінші ұлы – Шопанды Қаратоқа бауырына салып, содан кейін әйелінен туған үш ұлы да тұрақтаған екен. Архивте Шопанның Қаратокин боп жазылуы содан екен. Шопан да ағасы Зілғара Көкшетау дуанында аға сұлтан болған кездерде бір-екі сайлау заседатель (орынбасары) болыпты.

Есней Сәлікке Жұмажан деген төлеңгіт байының қызын атастырып әперіп, оларды өз қолында ұстаған екен.

Естемесұлының екінші бәйбішесі Қаныкей оның өзінен бұрын қайтыс болыпты. Оған асты Есней өзі беріпті. Қаныкейге ас берілген жер осы күнге дейін Құла ат сойған (Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Айымжан ауылының солтүстік шығысында алты шақырым қашықтағы ағашты жер) деп аталады. Себебі, Есней асқа Қаныкей бәйбішенің көшке мінетін қара жол, қара құрық құла жорғасын бас етіп, көп мал сойған екен.

Еснейдің үшінші әйелінің аты – Ұлпан (1826-1902). Ол Ерейментаудан бір қуаңшылықта Керей ішіне мал қыстатуға келіп, тұрып қалған Қанжығалы-Күрлеуіт деген аз елдің шонжары Артықбайдың қызы.

Сонымен қатар, Есней жоғарыда есімі аталған, бауырына салған баласы Сәліктен туған немересі Жүсіпке Уақ еліндегі бір байдың қызын атастырып әперіпті. Сәлікті бөлек отау үй қып шығарып, өзі Жүсіппен бірге тұрыпты. Есней қайтыс боларынан бір жыл бұрын малының бір бөлігін Сәлікке, бір бөлігін Жүсіпке, бір бөлігін Еменәлі деген інісінің балаларына, бір бөлігін Ерғожа, Сауыт деген екі батырына (елі – Балта керей), бір бөлігін Көрпе Үркімбауұлы (елі – Матақай керей), Тоғыжан Ендібайұлы (елі – Бәйімбет Атығай) деген екі ақынына, бір бөлігін Есенжан балуан Еменәліұлынан қалған ұлға (шешесі – татар қызы екен), бір бөлігін Ұлпанға, бір бөлігін асқа, бір бөлігін қызметшілеріне, бір бөлігін мүридтеріне үлестіріпті. Малының қалған жартысын жаршы жұмсау арқылы Ашамайлы керейдің жетім-жесір,

жарлы-жақыбай, жарымжан, перзентсіз қарт, ғарып қасерлерін жинап алып, соларға үлестіріп жіберіпті де: «Менің артымда ер бала қалмады. Мені сіздер дұғаларыңнан тастамасаңыздар болды!?»-депті.

Күзембай мырза Итемірұлы деген Қызылжар уезіндегі мұсылмандардың төбе биінің басшылығымен Ашамайлы керей елі Есенеіге арнап, үлкен ас береді. Ас абыройлы өтіпті. Аста Көрпе, Тағыжан, Мұсайын (соңғысы Серінің баласы) ақындар Есенеіге арнап, толғаулар, дастандар шығарып айтып, сыйлықтар алыпты. Осы есімдері аталған үш ақын Есенеі қайтыс болғанда, оған арнап, бірнеше сапалы жоқтаулар да шығарып, ауылдың қыз-келіншектеріне жазып беріп, оларға жаттатып айтқызған екен.

Есенеідің өсиеті бойынша оның асы өткен соң, Керейдің билері мен бектері тиісті дүние-малымен Сәлікті, оның баласы – Жүсіпті Зылғара-Шопанның көзі тірісінде өздеріне көшіріп апарып, олардың алғысын алған екен.

Есенеі жылына үш рет елдегі ғарып-қасерлерді, жетім-жесір, жарымжан, перзентсіз қарттарды жинап алып, оларға садақа үлестіреді екен. Хажы болмаса да, Есетемесұлы екінші Мекке атанған Түркістанға үш рет барып, пірге қол тапсырыпты. Есенеі соңғы рет Түркістанға 1852 жылы көктемнің аяғында барған екен.

Есенеі шора, қазы, старшина, заседатель 1852-1859 жылдары Құсмұрын дуанында аға сұлтан болып, ел басқарған уақыттарында да, кейін 1859 жылдан бастап, он шақты жыл Сібір қазақтары басқарма бастығының Бас кеңесшісі болып, үлкен қызмет атқарған кездерінде де Есіләм дінін ел ішінде мүридтер, ақындар арқылы насихаттаудан бір танбаған, бес намазын қаза қылмаған тақуа адам болыпты. Ол өзінің қызметін пайдаланып, Қызылжар аймағында тұратын, Қызылжар, Омбы шаһарларын мекендейтін мұсылман мырзаларын мешіт, медресе ашуға жоғары орындардан рұқсат әперіп, елдің алғысын алып отырған екен.

Сонымен қатар, байғұс адамдарға Есенеі жәрдемдесіп тұрыпты. Ол өз ауылында да мешіт, медресе ашқан. Сөйтіп, ауылының балаларының хадимше сауатты болуына, діни білім алуына жағдай туғызыпты. 1843 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторының бас кеңесшісі Тұрлыбек Көшенұлы қатты науқастанып, оның ұсынысы бойынша уақытша орнына Есенеі Бас кеңесші міндетін атқарған екен. Сол кезде Сегіз сері шығарған «Есенеі қазы» атты тарихи толғауда Есетемесұлының кескін-келбеті, тұлғасы былайша суреттеліпті:

Есенеі қазы болды бірталай жыл,
Жайнады билік айтып топта гүл-гүл.
Сескенді айбарынан жүйрік-жорға,
Сөйлейтін талай дауда сөзге бұлбұл.

Қарасұр, жарлау, қабақ, қою қасты,
Тікірейген кара шаш, үлкен басты.

Ат жақты, кең маңдайлы, қоңқақ мұрын,
Қанды көз, бейне қыран айнымасты.

Мойыны жуан, жауырынды, бойы биік,
Жасында батыр болған сауыт киіп.
Сардарлық хандық дәуір қош айтысып,
Бұл күнде болған кезі советник.

Есенай өзін ханға балап тұрды,
Үстінен сегіз дуан билік құрды.
Талайы рубасы, бекзаданың
Алдында Есенайдың құлдық ұрды.

(Хандық дәуір деп Сегіз сері Есенайдың шора болғанын айтқан көрінеді).

Есенай Естемесұлының (1798-1771 жж) өмірі мен қоғамдық қызметі туралы деректердің көпшілігін Сегіз сері жазып, аяқ жағын оның баласы Мұстафа батыр жалғастырған, бұл сол Керей шежіресінен алынды. Есенай туралы жоғарыда жазылған деректер арабша қолжазбадан алынған. Есенай жайындағы бұл деректер Омбы архивіндегі және Алматыдағы Орталық мемлекеттік архивтегі деректерге сәйкес келеді.

ДАЙРАБАЙ КҮЙШІ

Солтүстік өңірден шыққан күйші, сазгерлердің бірі – Дайрабай Нұрғожаұлы. Дайрабай күйші 1823 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, Рузаев селосы, Ерман тоғайы дейтін жерде дүниеге келіп, 1893 жылы өзі туған жерінде 71-ге қараған шағында қайтыс болған.

Бұл жерде қазақта Дайрабай атты екі күйшінің болғанын ескерген жөн. Бірі – Қарағанды облысынан шыққан, жалғыз ғана “Дайрабай” атты күйімен халықтың ыстық ықыласына бөленіп, қазақтың рухани шежіресінде аты алтын әріппен жазылған күйші – Дайрабай Ерназарұлы (1860-1937ж.ж.). (Ақселеу Сейдімбеков “Қазақтың күй өнері”. 588-589 бет).

Қурай-Уақта есімдері елге танымал, шетінен би-шешен болған Ермек, Ермен, Ерен атты ағайынды үш адам болыпты. Ермектен Ерғара, Дәуқара, Жанқара; Ерменнен бір бала – Елембай; Ереннен екі бала: Нұрғожа, Нарғожа туады. Қазір бұлардан тараған ұрпақтар Ғабит Мүсірепов атындағы ауданда тұрып жатыр.

Дайрабайдың атасы Ерен сол өңірдің атақты молдасы, ислам дінін таратушылардың бірі болады. Ол сол Есіл өзені бойындағы қыстауда өз қаражатына мешіт, медресе салдырыпты. Ерен ашқан медреседе сол маңайдағы ауылдардың балалары оқып, діни сауат ашқан. Заманында Ерен жұртшылыққа “Ерен – молда”, “Ерен – қожа”, “Ерен – сынықшы”, “Ерен – қазірет” деген бірнеше есіммен мәлім екен.

Ерен жас кезінде Марал ишан Құрманұлының мүриттерінің (шәкірттерінің) бірі болыпты. Марал ишан 1789-1822 жылдары Батыс Сібір мұсылмандарының (қазақ, башқұрт, татарлардың) Ресейдің рұқсатынсыз сайлаған бас мүфтиі болған.

Ерен қазірет жасы ұлғайған шағында Меккеге барып, сонда ауырып қайтыс болыпты, сүйегі сондағы бейітке жерленген. Ерен молда дінбасы болумен қатар, жатқа әндетіп қисса айтатын, жетіген, сыбызғы, домбыра тартқан кісі. Ол өз бойындағы осы өнерін өзінен туған балалары Нарғожа мен Нұрғожаға дарытқан.

Нұрғожаның Рәзия атты әйелінен екі бала Дайрабай, Беделбай туады. Дайрабай өз ауылындағы медресені бітіргеннен кейін Қызылжар шаһарындағы Шақшақ би медресесінде оқиды. Ол кезде аталған медресеге Көрпеш қазірет Баһрамұлы (1799-1851ж.ж.) иелік етіпті. Ол – Сегіз серінің ағасы. Дайрабайдың күйші болуына себепкер ең бірінші әкесінің інісі Нарғожа болса, екінші осы Көрпеш екен. Ол шәкірттеріне діни білім беріп қана қоймай, қисса-өлеңдер жаттатып, ән салғызып, күй тартқызған. Дайрабай медреседе оқып жүргенде әкесі мен шешесі қайтыс болып, тәрбиесі әкесінің інісі Нарғожаға қарап қалады. Нарғожа бірде Сегіз серіге келіп: “Батыр, Дайрабайымның болашағынан зор үміт күтемін. Қарсы болмасаңыз өзіңіздің қамқорлығыңызға алып, шәкірт етіп, әншілікке, күйшілікке баулысаңыз. Иншалла, өзіңіздің жолыңызды қуатын өнерпаз ініңіз болады, – депті. Сегіз сері Нарғожа күйшінің тілегін қабыл алып, өз тобына қосып алады. Дайрабайдың Сегіз сері тобында болғаны Жаяу Мұса Байжанұлының (1835-1929ж.ж.) “Ер Сегіз” атты тарихи ұзақ толғауындағы мына шумақтан белгілі.

Демейтін мынау Алшын,
Үйсін, Найман,
Жиналған сарбаздары әлде қайдан.
Атанып ел қамқоры – Сегіз сері
Ат басын тартқан емес болса майдан.
Ауылыма шәкіртім деп ертіп келген
Ер Сегіз үміт күтіп Дайрабайдан.

Дайрабай Сегіздің сүйікті шәкірттерінің бірі болады. Сегіз жас талапкерге домбыра, ән салу, қобыз, сырнай, скрипка тартуды ғана емес, жауынгерлікке, атбегілікке, аңшылыққа, мергендікке үйретеді. Жиырма жасқа ілінер-ілінбес кезден бастап, күйшілік өнерімен көзге түседі. Ел ішінде өнерпаз жігіт атанады.

Дайрабайдың “Ұлпан қыз”, “Айымжан” (Айымжан сұлуға арналған), “Қаранар” (Есенейге арналған), “Ақ орда” (Сегіз серіге арналған), “Ителгі”, “Құлажорға”, “Кербала”, “Қожық” күйлері көпшіліктен мақтау алып, ел ішіне кеңінен тарайды.

Дайрабай Ерейментау жерінде өткен бір үлкен тойда ақылдылығымен, сұлулығымен ел аузына ілеге бастаған Ұлпан Артықбайқызымен кездесіп, екі

жас бірін-бірі ұнатысып қалады. “Жігітті ел мақтаған қыз жақтаған” дегендей, Ұлпан Дайрабайға жар болуға келісімін береді. Бірақ әке-шешеден ерте айрылған Дайрабайдың шамалы тұрмысы қалыңмал төлеп, құда түсуге мүмкіндік бермейді. Бұл жағдайды естіген Дайрабайдың әкесінің ағасы, Құсмұрын дуанының атақты билерінің бірі Елембай Ерменұлы Ұлпанның әкесі Қанжығалы Артықбаймен кездесіп, Ұлпанға құда түсуге жаз шыға келетінін айтып, келісімін алады. Дуанның беделді, көрнекті адамы Елембаймен құда болып, қызын Дайрабай сияқты өнерпаз жігітке қосуға Артықбай қарсы болмай, құдалықты жаз шыға өткізуге уәде байласады.

Ұлпан қыздың атағы екі бірдей баласы шешек ауруынан қайтыс болып, баласыз қалған Еснейдің де құлағына жетеді. Есней қызды көріп келуге Артықбай ауылына өзінің шабарманы Қазақты жасырын түрде жіберіп алады. Ұлпанды көріп келген Қазақ: “Мұндай сұлу қызды көрсем, көзім шықсын”, – деп, Еснейдің қызға деген құмарлығын одан сайын арттыра түседі. Мұны Ғабит Мүсіреповтің “Ұлпан” романынан жақсы білеміз. Романда Ұлпанның Еснейге амалсыздан қосылғанын оның мы-на сөзінен байқауға болады. “Ағашқа асылып өлмесең құтыла алмайсың. Еснейден арашалап алып қалар адам жоқ. Айтты болды. Басың болса ие бер, тізең болса бүге бер” (“Ұлпан”. 62- бет).

Сол уақыттағы оқиғалардың куәсі, дерегі болып табылатын Сегіз серінің “Ер Есней” атты шығармасында Есней мен Ұлпанның қосылуы туралы былай дейді.

Артықбай биылғы жыл елу үште,
Бай болғанмен жоқ еді қара күшке.
Есілге мал салам деп келген байғұс
Кез болды-ау қапияда қиын іске.

Үш арысқа даңқы шыққан Ер Есней
Қойыпты Артықбайды есіркемей.
Шабарман Қазақ деген жезді қамшы
Ұлпанды тартып апты мүсіркемей.

Пайдасы болмай қалып
танысқанның,
Ұлпанжан Дайрабаймен табыспадың.
Ерке өскен Ерейментаудың кермаралы ең
Аузына түсіп кеттің арыстанның.

Бұл уақытта Есней мен Уақ руы билерінің арасында жер дауы болып, өзара келісе алмай жүретін. Ұлпан мәселесі екі араны одан әрі шиеленістіріп, бықсып жанған отты үрлеп жібергендей бол-ды. Бұл даулы іске, әсіресе, Қожық белсене кіріседі. Жанжалға жақын жүретін Қожық Дайрабайдың әкесінің ағасы Нарғожамен құда болатын. Қожықтың туған ағасы Қазбектің баласы Нұрғожаның қызын алған. Бұрыннан да өштігі бар Қожық Еснейдің

Көз жасы Ұлпан қыз бен Дайрабайдың,
Қазақ пен Есенеиді шын жібермес.

Қоңыр шаш, қоңыр көзді,
алғыр ойлы,
Қара торы, қызыл шырайлы,
орта бойлы.
Маралдың қолға түскен лағындай,
Бектерге жаутаң-жаутаң
қарап қойды.

Сегіз серінің бұл өлең шумақтары жоғарыда жазғанымыздай Есенеидің Ұлпанға қалай үйленгенін анықтай түседі. Өйткені, Сегіз сері осы оқиғаның ортасында болған адам.

Осы оқиғадан кейін біраз уақыт өте келе Сегіз сері Дайрабайға: “Адамзат тарихында сүйгеніне қосыла алмаған жалғыз сен ғана емессің, тағдырдың жазуы осылай болған соң еш шара қыла алмайсың. Ұлпаннан басқа қыз құрып қалған жоқ. Таңдаған қызыңды айт, қалыңмалын өзім төлеп алып беремін”, – дейді. Сегіз сері өзінің досы Ниязбен ақылдаса келе, Нияздың балдызы Раси-ма Шабанбайқызына үйлендіреді. Шабанбай аңшының аталары қазақ арасына сіңісіп кеткен, түбі башқұрт екен.

Дарынды күйші Дайрабай Сегіз сері қайтыс болғанда қатты қайғырып, жоқтау ретінде “Қайран, ұстаз!” атты күй шығарыпты. Патша отаршылдарына қарсы жер-су үшін күрескен ерлерге арнап “Қайран, құрбым – Жиенбай!”, “Есіл жігіт – Тілеубай”, “Ер Айтбай” деген күйлер шығарады.

Айымжан сұлуға арнап екі күй шыға-рады (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданындағы Айымжан ауылы Айымжан қыздың есімімен аталған). Түсінікті болу үшін Айымжан сұлудың тарихына тоқтала кетейік. Балта-Бақсары батыр түрікмендермен болған бір соғыста солардың қолға түскен бір тобын қазіргі Айымжан ауылы жеріне орналастырады. Бұл ауыл кейін “Құл ауылы” деп аталып кетеді. Осы ауылда Мамыт атты өнерпаздың Айымжан атты қызы болады. Айымжан сұлулығымен, әншілік-күйшілік өнерімен көзге түседі. Айымжан сұлуға Сегіз сері, Біржан сал, Біржан салдың ағасы – Нұржан сияқты өнерпаздар ғашық болған. Сегіз сері ел арасына кеңінен жайылып кеткен “Әйкен-ай!” әнін осы қызға арнап шығарады. Айымжан сұлу мен Нұржан Қожағұлұлы қосылмақ болып сөз байласады. Үйлену тойы жақындағанда белгісіз біреулер қыз әкесі Мамыттың үйде жоғын пайдаланып, оны алып қашады. Зорлықшылардан қашып сулы томарға жасырынам деген қыз томар ішіндегі соқыр құдыққа түсіп кетіп, тұншығып өледі. Дайрабай “Айымжан” күйін оның асқан сұлулығына, Нұржанмен екеуінің арасындағы шынайы махаббатқа арнаса, “Суға кетті қарындас” күйін Айымжанның аянышты өліміне арнаған. “Қожық” атты күйі – Қожық Мақашұлының Ұлпанды зорлап алмақ болған аға сұлтан Есенеиге қарсы тұрып, жанжалға дейін барған өжеттігін, әлсіздерге қорған болып,

күштілерге күш көрсететін қасиеттерін баяндайтын сезімге толы күй болыпты.

Дайрабай күйлерінің көпшілігінің бізге жетпеуінің бірден-бір себебі, өңірімізде ән-күй зерттеушілерінің шықпауынан және басқа жерлердегідей өнер зерттеу мекемелерінің болмауынан болып отыр. Бізге жалғыз Дайрабайдың күйлері ғана емес, Қожаберген жырау, Дәстем сал, Жанкісі, Салғара, Сегіз сері, Нияз сері, Нүрке сері, тағы басқа күйшілердің көптеген күйлері жетпей қалды.

Дайрабай Нұрғожаұлы 1893 жылы Есіл өзені бойындағы өзінің туған жерінде қайтыс болады. Сүйегі сол арадағы Ермен би бейітіне жерленген.

САЛҒАРА АҚЫННЫҢ «ТУҒАН ЖЕР» ТОЛҒАУЫНДА АЙТЫЛАТЫН Өңір тарихы

Қазіргі Жамбыл ауданының орталығы Преснов селосы «Ащы белдеу» («Горькая линия») бойында әскери бекініс ретінде 1752 жылы салынғанын тарихтан жақсы білеміз. «Ащы белдеу» бойындағы бұл бекініс Петропавл бекінісінен кейінгі патша үкіметінің Қызылжар өлкесін отарлау ісінің үлкен орталығы болды. Бекініс салғанға дейін Преснов селосының жерін Қожаберген жырау Толыбайсыншыұлы (1663-1763 жж) иелік етті.

Қожаберген жыраудың өзі осы қоныста дүниеге келген. Кейін Қожаберген жырау Гүлтөбе жеріне (қазіргі жыраудың ескерткіш-кесенесі тұрған жер) қоныс аударғанда, бұл жер (Преснов селосы жері) Жанкісі жырауға беріледі.

Жанкісі жыраудың шежіресі былай таратылады:

Толыбайсыншы-Қарабас (Қожаберген жыраудың ағасы)-Асқап-Көшек-Жанкісі жырау. Бұлардың бәрі де қазақ-қалмақ соғысында қол бастап, батыр-сардар атағын алған адамдар. Қожаберген жырау «Елім-ай» дастанында

Қиыншылық ылғи болмас әлі-ақ өтер,
Ерлерім жауды ұзатпай тентіретер.
Бөгенбай, Ерсары, Асқап, Жабай, Көшек
Қалмақты қойшы қырап, зар еңіретер, - деп

деп жырлаған болатын.

Жанкісі «Бердіқожа батыр», «Абылай хан», «Тұрсынбай батыр», «Тайлақ мерген», «Ер Сырым», «Батыр Жайнақ», «Ер Ақпанбек», «Азат батыр», «Бақсары батыр» атты жыр-дастандар жазған. Жанкісі жырау Көшекұлы жас кезінде Орта жүз Балта керей Бақсары батыр Райжанұлы (1683-1778 жж) ордабасының мыңбасшысы болып, Еділ-Жайық бойын қалмақ басқыншыларынан азат ету жорығына қатысады.

Жанкісінің Мақпуза есімді әйелінен Салғара, Зілғара, Шопан, Орхан, Бұрхан атты бес ұл бала туады. Осы бесеуі де найзагер, мерген, палуан болғандықтан оларды арқа елі «Жанкісінің бесқасқасы» деп атаған. Бұлардың ішінде үлкен баласы Салғара атақты ақын, сазгер болады. Оның «Жиырма бес», «Тоқсан бес», «Көшкен жұрт» атты өлеңдері қазақ елінің тұс-тұсына

кеңінен тараған. Жанкісі жыраудың өзге балаларының да өнерлі болғанын ел аузындағы деректер дәлелдейді.

Жанкісі жырау қайтыс болғаннан кейін Преснов селосының жері бес баласының үлкені Салғара ақынға мұра болып қалады. Осы кезеңде бекініс басшысына капитан Пресновский деген казак сайланып, бекініс казак әскерлерінің штабына айналады. (Осы уақыттан бастап бекініс капитан Пресновскийдің атымен аталған. Қазақтар «Капитан» деген сөзден шығарып, бекініс селосын «кіпитан» деп атаған. Кейінгі кезге дейін осылай атап келді.) Бекініс жерін кеңітбек болған Пресновский жерін тартып алып Салғараны басқа жерге қуған. Салғара өз жерін қорғау үшін Пресновскиймен соғысады. Салғара ақынның «Туған жер толғауы» атты өлеңі осы оқиға және Есенеі Естемесұлының қиын уақытта ел басқарып, елге қамқор болғаны жайлы айтылады. Өңіріміздің тарихы туралы бұрын ғылыми айналымға түспеген құнды деректер кездеседі.

1. Қасірет байланған соң ұлғайғанда,
Дерт келіп жайылған соң біздің маңға.
Жас орнына қару ап өзім шықтым,
Зор қауіп төнгеннен соң бүгін таңда.
2. Мен тұрып, жуындым да, тамақтандым,
Қолыма кәрі жолдас садақты алдым.
Түсімде бір қолайсыз іс көрген соң,
Өңімде қорғануға бел байладым.
3. Жібердім көрші ауылға хабаршыны,
Тоспай-ақ сапардағы жолаушыны.
Жүрегім бір пәлені сезінгендей,
Мен күттім келетұғын тонаушыны.
4. Жаманға қорыққанда ес кірмейді,
Надандар қауіп жайын еш білмейді.
Орманнан жау қарасы көрінбейді,
Кернейдің даусы дағы естілмейді.
5. Әуелі сыбызғы алып, күйді шерттіп,
Белгісі білінген соң зор індеттің.
Азырақ жаңбыр жауа бастаған соң,
Қолға ұстап сыбызғымды үйге кеттім.
6. Төрге іліп сыбызғыны, кидім сауыт,
Елестеп көз алдыма қатер-қауіп.
Асындым қару-жарақ, атты қамдап,
Ұрысқа қартайсам да көңілім ауып.
7. Ештеңе оралмайды зарлағанға,
Көзінен ыстық жасы барлағанға.
Дұшпанмен кескілесіп бір қалмақпын,
Алпыстың тоғызына қарағанда.
8. Саяқ ат байқайын деп шықтым дөңге,
Естілді үлкен дүбір таяу жерде.
Асынған мылтығы бар қол көрінді,

Бәрі де қылыш ілген қынай белге.
9. Үш жендет топтан маған мылтық атты,
Мылтығы от алмады састы қатты.
Бәрін де өз көзіммен көрдім анық,
Бұл қорлық қабырғама жаман батты.
10. Сол кезде қарсы шаптым найзаны ала,
Алдында жылап келеді татар бала.
Балаға тигенім жоқ, жауға ұмтылып,
Лақтырдым етегінен түйреп ала.
11. Оқ атса жаралар еді мені саннан,
Бір қазақ аға деді сасқанынан.
Түсірдім жиырма бірін найзаменен,
Күшімнің шалда болсам асқанынан.
12. Жиырма бір бос ат ойнап шыға берді,
Мақтанбан қарт қайратын дұшпан көрді.
От алмай мылтықтары тонаушының,
Алла, аруақ маған үлкен жәрдем берді.
13. Жас қазақ «ассалаумағалайкум, ата»-деді,
Ісіміз болды келген қата деді.
Мен жүрген араңызда елші едім,
Алуға және келдім бата деді.
14. Бұл жауды қырғанменен арты қиын,
Салмайсыз зеңбірекке ешбір тыйым.
Су тиіп патрондарға атылмады,
Әйтпесе болатын еді Сізге қиын.
15. Ата-еке, қонысыңыз жау көзінде,
Қате жоқ айтып тұрған бұл сөзімде.
Бұл дұшпан қыстауыңа штаб салмақ,
Не істеді онан әрі еркі өзінде.
16. Ол берген бір қонысты аласыз да,
Сол жерге Сіздер көшіп барасыз да.
Тағы да оған қоса сыйлық берер,
Болмасын жүректе еш жараңыз да.
17. Қаруы солдаттардың қалсын сізде,
Ата, сіз найза салма енді бізге.
Жеріңіз алғанменен жер береді,
Болмасын ешбір кірбің көңіліңізде.
18. Атажан, солдаттарды байламаңыз,
Қосақтап тұтқын етіп айдамаңыз.
Мылтығын алдыңыз сол сізге олжа,
Бітпейтін артқа жаулық сайламаңыз.
19. Ата-еке, мылтық атып ұрыспаңыз,
Келіңіз татулыққа, жұлыспаңыз.
Қайтесіз қартайғанда қырғын салып,
Жөн болар шарт жасасып ұғыссаңыз.

20. Десе де, тұрдым жауға ызғар шашып,
Бір тобы көрмек болды қылыштасып.
Ауылдан келгендерге мылтық беріп,
Майданға дұшпанменен шықтым ашық.

21. Білді олар түк өнбесін жауласқанмен,
Көрсеттім үлкен қайрат алдаспанмен.
Шегініп оңтүстікке қашты дұшпан,
Ала алмай қолма-қолда шайқасқанмен.

22. Қылышы талайының ұшты қолдан,
Оларды қуып шықтым қара жолдан.
Сабалап мәстектерін қашты бәрі,
Асық боп құтылғандай құған тордан.

23. Арада үш күн өтті, елші келді,
Соңынан зеңбіректі қол ере ере келді.
Қолымен ақ жалауды көтере ұстап,
Бұрынғы қазақ жігіт сәлем берді.

24. Он боз ат, он аппақ нар, топ кездеме,
Тарту деп қант, мейіз, шай қоса берді.
Тайтұяқ күміс жамбы, жанат ішік,
Парсылық түкті кілем және берді.

25. Дүниенің қызығамын мен несіне,
Зеңбірек қорқынышты салды есіме.
Мылтықты бес жүз алпыс жендет келді,
Еркім жоқ қойған шартқа көнбесіме.

26. Әкеліп ақ былғары жазды әпесар,
Жылмаңдап сөйлегенде желдей есер.
Қонысты айырбастауға қолды қойдым,
Кез келді мәселені анық шешер.

27. Үш бөлек былғарыға жазу жазып,
Қол қойып аяғына мөрін басып.
Біреуін былғарының маған беріп,
Менімен қол алысты көңілі тасып.

28. Қазақты басшы етіп, солдат бөлді,
Ауылды тез көшір деп бұйрық берді.
Бір семіз мәстек атты сойыңыз деп,
Көлденең алдыма әкеп тарта берді.

29. Жықтырып мәстек атты, бата жасап,
Сойғызып болдық сонда қазан аспақ.
Соғыспай татуласып жер алдық деп,
Сіз бізге қонақсыз деп сөзді бастап.

30. Танысып шырай кіріп келбетіне,
Отынды дайындатып жендетіне.
Тағы да бір мәстекті сойғызды олар,
Сілейе тоймақ болып жылқы етіне.

31. Ауылдың әйелдері ыдыс тасып,

Қаздырып жер ошақты, қазан асып.
 Біз ішкен сары қымыздан сұрап ішіп,
 Жайланды кіпитан сұм көңілі тасып.
 32. Пырасынау¹ кіпитанның² екен аты,
 Жауыз ғой сұмырайдың шыққан заты.
 Алдымда жігі жапар боп сөйлейді,
 Түссін деп біздей шалдың ілтпаты.
 33. Мен қайрат көрсеткенде қылыштасып,
 Қалып еді баскесердің көңілі жасып.
 Жоқ екен бұл шіркінде ұят деген,
 Қанішер отыр бүгін шарт жасасып.
 34. Татардың сұлу қызын тарту етті,
 Доспын деп қылыш сыйлап, берді сертті.
 Сенімді бір-бірімізге болайық деп,
 Алдында көпшіліктің уағада етті.
 35. Қазақтай аңқау емес, орыс жұрты,
 Іші арам, жылтырайды ылғи сырты.
 Жас сұлу кәрі шалға жар болмайды,
 Дүние тіршілікте көздің құрты.
 36. Қазақтай орыс елі алданбайды,
 Дүние үшін жанын сатар арланбайды.
 Жылқының етін бізбен олар жеді,
 Байқаймын ештеңені талғамайды.
 37. Тұтқын боп тартқан байғұс қасіретті,
 Еткен соң маған тарту, сәлем етті.
 Сақтаған мұсылманның әдет-ғұрпын,
 Көркем қыз маған енді мұңын шертті.
 38. Қуандым бергеннен соң сізге-деді,
 Адалмын шын сеніңіз бізге деді.
 Осыдан жиырма күн бұрын дәлдеп айтсам,
 Шыққанда тұтқын болдым түзге деді.
 39. Қиындық түсті, бұлай біздің басқа,
 Маңдайым соғылғандай менің тасқа.
 Өзіңіз асыл бабам көрінесіз,
 Болғайсыз деді пана біздей жасқа.
 40. Тоқтатты соны айтып сұлу сөзін,
 Бұрып ап бәйбішеме мұңлы жүзін.
 Ішімнен тәуір келін боларсың деп,
 Лайық Азаматқа³ көрдім өзін.
 41. Мен сонда қобыз алып қайғыландым,
 Өрттеніп бүкіл денем от боп жандым.
 (Бар денем өртенгендей от боп жандым)
 Қорлықтан көркем қызды босатқандай,
 Сауапқа қиналсам да тағы қалдым.
 42. Дұшпанның сыйлықтарын қабыл алдым,

Отырып түрлі-түрлі әнге салдым.
«Қоныстан көшу» деген күй шығарып,
Амалсыз ойға шомып қапаландым.
43. Кезінде кіші бесін тарқады той,
Дариға, іске аспады ойлаған ой.
Бәйбішем сұлуды ертіп үйге кетті,
Келетін мезгіл таяу сиыр мен қой.
44. Ұлғайтып қартайғанда қайғы-дертті,
Ақыры ежелгі жау түпке жетті.
«Андыған алмай қоймас» дегендейін,
Еріксіз ата қоныс қолдан кетті.
45. Сан жұлып батырының кеңірдегін,
Жасымда талай жауды жеңіп едім.
Еш қайран зеңбірекке қыларым жоқ,
Дұшпанға кетті бүгін төңірегім.
46. Амал жоқ үйге келдім қатты налып,
Бәйбішем қойған екен төсек салып.
Шерімді тартпақ боп қобыз тарттым,
Кеткен соң жер қайғысы өзек жарып.
47. Қайғымен қара шайды ішіп жаттым,
Сонан соң шаршап әбден ұйықтап қаппын.
Бәйбішем еппен келіп оятқанда,
Мамықта есеңгіреп аң-таң қаппын.
48. Оянып орынымнан тұрдым атып,
Киіндім, жуындым да, ойға батып.
Дастархан басына кеп отырған соң,
Сөйлестім бәйбішеммен жауап қатып.
49. Марқашта⁴ Азаматқа салдық хабар,
Білдіріп жолымызды сонда барар.
Бер дедім әпесерге бізге жәрдем,
Көшуге енді ауылым даярланып.
50. Шалқар көл, ну орманды жауға беріп,
Ез болып, басымызда болмай ерік.
Ырғалып-жырғалумен көшті бастап,
Күздікке Тобылғы сай⁵ қондық келіп.
51. Жоймақ боп қайғы отын өшірісіп,
Қоштастық туған жермен біз көрісіп.
Солдаттың көмегімен бізді әкелді,
Азамат Сексенұлы көшірісіп.
52. Күздікке үйлер тіктік жайланысып,
Қыстауға үй салуды ойланысып.
Шарт бойынша кіпитан уәде еткен,
Бермек боп үйді бұзып, тез-тез тасып.
53. Секілді ұлық біткен шырмауықтай,
Бірімен бірі жатыр байланысып.

Бір кезде елші қазақ жетіп келді,
Біздерге жаны ашып аяғансып.
54. Қасында елу солдат ерген жаңа,
Киімі үстерінде сап-сары ала.
Хутордан мұжықтарды қуып салдық,
Ата-еке, болма деді іске нала.
55. Бұрынғы кеткен жерің қайтарылды,
Мұжықтар қоныс іздеп әрі ағылды.
Етпеске сізге қастық қағаз берді,
Орайы пайдалы істің тез табылды.
56. Мұжықты Түмен жаққа қудым ата,
Сескенбе айтқанымда жоқ дүр қата.
Сыйлаймын боз жорға атты, ботаңыз бер,
Мен жүрмін ризықты түзден тата.
57. Ата-еке, мен жасымнан жетім едім,
Ілесіп керуеншіге кетім едім.
Ұлыққа биыл ғана тілмаш болып,
Ес жиып, енді осы ғой жетілгенім.
58. Сатпасқа ел-жұртымды бекінгенім,
Болғанға тілмаш тағы өкінгенім.
Алуға Сізден бата ниет қылған,
Уақтан шыққан Ықылас жетімегің.
59. Сақтанам Еснейдің айласынан,
Қорқамын оның қанды найзасынан.
Жексұрын тілмаш деген атақ алдық,
Зияны көп бұл жұмыстың пайдасынан.
60. Ата-еке, жиырмаға келді жасым,
Сізден мен жасырмаймын істің расын.
Балаңдай өзіңізді сыйлап өтер,
Қасында осы отырған Ықыласың.
61. Деген соң жас жігітке бата бердім,
Шын сөзін айтқаннан соң оған сендім
Қасыма Ықыласты ертіп алып,
Мұжықтан босап қалған жерді көрдім.
62. Ол дағы ата-баба алған жері,
Қалмақпен талай соғыс салған жері.
Тірлікте қоныс қылып, егін егіп,
Мұра боп ұрпағына қалған жері.
63. Хуторын орнатам деп ұлық келіп,
Осыдан төрт жыл бұрын алған еді.
Онда да зеңбірегін сүйретіп кеп,
Көңілге үлкен қаяу салған еді.
64. «Қайыры қайтқан малдың бар» дегендей,
Бұл қоныс аумағы мол тиді қолға.
Жерімнің бірі кетіп, бірі оралып,

Өзгеріс үлкен болды осы жылда.
65. Солдаттар үй бұзысып, тасыды ағаш,
Әйелдер пісіріп жүр жұмсақ тоқаш.
Қызмет қылғандарды біз де күттік,
Көмегі кіпитанның болмады оғаш.
66. Жүктердің бәрін дағы арбаға артып,
Қалдырмай нәрселерді басы артық.
Жеткізіп бергеніне масайрап тұр,
Кіпитан шикіл сары, қарны шартық.
67. Дәстемжал⁶ ну орманын қыстау еттік,
Бұздық та жиырма ағаш үй тасып біттік.
Қайыңды оқтай түзу таңдап кесіп,
Ағашты жаңартатын дайын еттік.
68. Қалғам жоқ ұтылсам да мүлде жасып,
Үйлерді тұрғызбақпын жанталасып.
Шірігін астындағы алып тастап,
Орнына жуан ағаш салдық аршып.
69. Томардан, шөпті көлден⁷ балдыр алдық,
Тезірек күн жылы да үйлер салдық.
Қойдық та орны-орнына ағаштарын,
Тығыздап ара жігін балдырладық.
70. Осылай қысқа әзірлік жасап қойдық,
Той жасап тайлақ пенен құнан сойдық.
Бас қосып қазақ, орыс дәстемжалда,
Қымыз бен шұбат ішіп, етке тойдық.
71. Тарасты құрмалдыққа келген халық,
Үйлерді дайын еттік, түгел салып.
Ықыластың бәрімізді жарастырған,
Отырдық ақылына қайран қалып.
72. Татардың тұтқын болған бір қызы екен,
Бұл дағы ата-ананың жұлдызы екен.
-Азамат, сұлуды өзің жар етіп ал,
Біреудің қымбат баға құндызы екен.
73. Дегенде қатты ұялып Азамат та,
Айта алмай ішкі ойын жақын-жатқа.
Әлден соң келісімін берді жігіт,
Қалдырмай ел алдында бізді ұятқа.
74. Меңзифа татар қызы екен аты,
Барын жұрты сұлудың шыққан заты.
Бәріміз бірауыздан мақұлдадық,
Сексеннің алсын десіп Азаматы.
75. Керейдің маңымдағы бәрін жиып,
Той жасап, Құлыш молда неке қиып.
Азаматқа нихақ етіп Меңзифаны,
Болған деп олар тату сүттей ұйып.

76. Екі жас бірін-бірі шынымен сүйіп,
Үй болып қолдарына тиді билік.
Азамат жас болса да ұстаушы еді,
Қыран құс, алғыр тазы, бәйге ат жүйрік.

77. Зілғара, Орхан деген екі інім,
Салдықпен уақыты өткен көрмей тыным.
Сапардан оралып кеп енді білді,
Иектеп бір қырсықтың жүргендігін.

78. Кейіді қоныстан олар айырылғанға,
Алдаспан тасқа тимей майырылғанға.
Бұрыннан өздері де куә еді,
Қанаты Бақсары әулет қайырылғанға.

79. Деді олар Бақсары әулет кебін кидік,
Шошынды кетеді деп бастан билік.
Атанып Жанкісінің бес қасқасы,
Қалайша деді жауға басты идік.

80. Соны айтып ызаланды жау ісіне,
Сия алмай ашу кернеп терісіне.
Омбыға арыз айтып, бармақ болды,
Аянып қаламыз деп біз несіне?

81. Әуелі жолықпақшы Есенейге,
Қозғалған қонысынан Есеней де.
Қазақтан орыс рұқсат сұрар емес,
Сол жағын ақыл болса ескермей ме?

82. Тосып ап төрт інімді Қызылжарда,
Оларды мейман етіп тіккен орда.
Еппенен тиісіңдер депті Есеней,
Құламай дұшпан қазған терең орға.

83. Есеней арыз айт деп ақыл салған,
Төртеуін аттандырып Қызылжардан.
Кеңесін Есенейдің қабыл алып,
Төрт тентек өтініш қып Омбы барған.

84. Кеңесін жандаралдың жағалаған,
Өзіне Ғаршакоудың кіре алмаған.
Шекара бастығына барғанменен,
Шағымын төрт інімнің құп алмаған.

85. Тұрлыбек⁹ тұз сепкен соң жарасына,
Қарамай ыза буып шамасына.
Өлтіріп күзетшісін түнде барып,
Ұлықтың кірген олар қорасына.

86. Білдірмей бір топ атты алып кеткен,
Қақпаға сондай құлып салып кеткен.
Із-түзін қуғыншыға білдірмеске,
Өлігін күзетшінің алып кеткен.

87. Жоғалып қарауылы болған ғайып,

Жылқыны түнде айдап кеткен тайып.
Қораны күзететін төбет қайда,
Тартқызбақ енді ұлықтар кімге айып?
88. Төртеуі сол бетімен Самар өткен,
Алысқа елден ұзап сапар шеккен.
Самардың базарында жылқы сатып,
Жолы боп саудагерлік кәсіп еткен.
89. Еселей, Тұрлыбекпен үндес болып,
Ақылы қос мырзаның құлаққа қонып.
Жылқы алған өздерінше өнер етіп,
Төрт сотқар атқораны түнде торып.
90. Орынын серіліктің ұрлық басып,
Бұл қысты өткізді олар Еділге асып.
Сезген жоқ жандарал да, басқа ұлық та,
Жүргенін төрт әншінің елден қашық.
91. Ит жылы біздің елге ауыр болды,
Қоныстан жұрт айырылып жауыр болды.
Тартып ап Бәйімбеттің қыстауларын,
Жағдайы андағұлдың тәуір болды.
92. Шайгөз¹⁰ бен Баржақсыны¹¹ қырына алған,
Мырзаға Жар секілді айып салған.
Шақшақтың¹² үйде жоғын пайдаланып,
Уақтың боздақтарын байлап алған.
93. Бекжандай саятшыма ұрындық деп,
Алуға қаршығасын бұрылдым деп.
Ауылын Жар¹³ мырзаның шауып алды,
Көргенде адамымды қуырылды деп.
94. Бұл шаруа Еселейдің тарапынан,
Уақтың екі еліне соққы болған.
Олардың күздігіне Қапсыт керей¹⁴,
Мырзаның бұйрығымен келіп қонған.
95. Әлдіге әлсіз шіркін бата алама,
Қоныссыз енді Уақ жата ала ма?
Көш дағы атап берген қыстауға бар,
Деді енді басты ауыртып шатала ма!
96. Айтқызып осы сөзді шабарманнан,
Шайгөзді, Баржақсыны қуалаған.
Амалсыз Ыстап маңын мекен етті,
Батырға олар қарсы тұра алмаған.
97. Баржақсы Ыстаптан да әрі асып,
Қаймығып Еселейден қатты жасып.
Нұсқаған шабарманның қонысына,
Үй салды қыс келеді деп асып-сасып.
98. Ыстаптың дәл түбіне орналасып,
Шайгөздер қыстау бөлді ризаласып.

Көпестің малын бағып жарлылары,
Күн көрмек Керейлермен қоғамдасып.
99. Өсіпті¹⁶ қонысынан сырғатпақ боп,
Еселей сөзін сөйлер жинады топ.
Баржақсы, Шайгөздерге ерген Өсіп,
Штабқа қашқын жұмсап қойғызған от.
100. Сол үшін тоқсан бесін байлатам деп,
Кісендеп Омбыға енді айдатам деп.
Жасаған айып хатын оқып берді,
Орынын абақтыдан сайлатам деп.
101. Шайгөз бен Баржақсыдан келген мықты,
Көрген де жаза хатты тайқып шықты.
Еселей бір пәлеге ұшыратар деп,
Көшпеске болмайтынын Өсіп те ұқты.
102. Киік бай, Шақшақ, Тіленші¹⁷,
Басалқы сөз айтып мырзаға.
Шағымыңды қой бір жолға,
Деді көз сал обалға.
103. Ағайынды байлатпа,
Кісен салып айдатпа.
Мейірім қыл шырағым,
Қараңғы орын сайлатпа!?
104. Ұрпаққа кетер өштігің,
Ісін қылма кекшілдің.
Тоны тозбас, аты арымас,
Көңілі адал көпшілдің.
105. Кешірім жаса туысқа,
Әуес болма ұрысқа.
Басшы боп елді тоздырар,
Ісің мырзам дұрыс па?
106. Деп айтқан соң үш дана,
Ой ойлап батыр азғана.
Ыңғайланып сөйлеуге,
Жүзін бұрды қозғала.
107. Өзім бөлген мекенге,
Олай болса барсын деп.
Сіздер айттың тыңдадым.
Бір жолға ашу қалсын деп.
108. Ағалар сізді сыйладым,
Айтқан сөзді қимадым.
Айдатпайын бір жолға,
Дегенің болсын тыңдадым.
109. Майлы өзек, Шойқара жал, Қабыл көлі,
Шөпті көл, Сулы томар, Ерман дөңі.
Қараағаш, Талдысай мен Балықты көл,

Мырзаның Баржақсыға берген жері.
110. Бермес деп мұршатана казак орыс,
Сары қопа, Қызыл шілік, Шолақ өзек.
Шайгөзге лайықтап бөлген қоныс,
Қаратал, Маусым көлі, Жал желбезек.
111. Өсіпке Қаршығалы жақтан берді,
Кеткенін оның шалғай мақұл көрді.
Қараоба маңындағы бес қыстауды,
Тұщыкөл, Құмдыкөлді оған бөлді.
112. Атанған жастайынан ғадыл қазы,
Үш кәрі бұл бөліске болды разы.
Осылай қыстау, күздік елге беріп,
Бектердің болды Есеней білімпазы.
113. Дау бітіп соныменен жұрт тарады,
Есеней көп Керейді басқарады.
Ерғожа, Сауыт деген батырынан,
Орыстың князі де жасқанады.
114. Қоластынан елдерді кетірмеуге,
Басқа дуан жеріне көшірмеуге.
Есеней күшін сала жанталасты,
Өзінің атына дақ түсірмеуге.
115. Есілде Медересе мен Көктеректі,
Жақтасы Қожағұлға тарту етті.
Жібермей Ақсары мен Шарышты да,
Тәп-тәуір қоныс беріп разы етті.
116. Көшпеңіз басқа жаққа оң көзім деп,
Қауіп төнер жаққа отырам мен өзім деп.
Аумағы бір жарым есе көп жер берді,
Қозғалмай отыра бер шын сөзім деп.
117. Қожа-еке¹⁸ осы қоныс жетеді деп,
Лайық сіз отырар мекенің деп.
Кетпеңіз Көкшетауға деп өтінді,
Сіз көшсең, көп ел еріп кетеді деп.
118. Қожағұл көшті бірақ Көкшетауға,
Болған соң өзі қазы Көкшетауда.
Би еді Орынбасар Тоқтамысқа,
Жұмсайтын аға сұлтан оны дауға.
119. Қожағұл көшіп мекен қалды жайға,
Есеней сатты ол жерді Атығайға.
Тышқаннан қоныс үшін көп жылқы алды,
Өсіріп табамын деп малдан пайда.
120. Есілде қалған жердің жартысын да,
Керейдің бөліп берді жарлысына.
Екі ұлы өліп жабырқап жүрсе-дағы,
Алды ол кедей-кепшік алғысын да.

121. Барабар батырлықпен ақыл-айла,
Жұртына кеңес берер әрбір жайда.
Екі талай болғанда жол көрсетер,
Амалды Еснейден кісі қайда?

122. Баласы Жанкісінің Салғара едім,
Өзім би, өзім шешен, ділмәр едім.
Қолыма зеңбірек пен мылтық тисе,
Халқымды сыртқы жаудан қорғар едім.

123. Алайда ондай бізге жоқ қой заман,
Дариға-ай болып барады уақыт жаман.
Тарылмай сұм дүние мұсылманға,
Ел-жұртым әрқашан да болсын аман!

124. Қиын ғой ақын болу жыр жосылмай,
Мәселе шешу ауыр бас қосылмай.
Жарандар бұл кеңесті аяқтаймын,
Ит жылдың оқиғасы болды осылай.

125. Сұрапыл қан майданды жаста көрдім,
Біреуді дос, біреуді қас та көрдім.
Қоныссыз қалмағанға мың шүкірлік,
Мен биыл алпыс тоғыз жасқа келдім.

126. Кіпитан болды разы Ықыласқа,
Адал қызмет атқарады Ықылас та.
Шықпақшы ол паналап бекіністе,
Төнген соң қатер-қауіп ғазиз басқа!

127. Еснейді кіпитан шақырыпты қонаққа,
Мырза оған келетін ақыл-ойға олақ па?
Шақырса да батыр келмепті,
Пырасынауға мүлде сенбепті.

128. Төрт зеңбірек, көп мылтық,
Жүз солдаттың қолында.
Қырылуға бел буған,
Жер алудың жолында.

129. Көбі кетіп солдаттың,
Жүзі қалды соңында.
Жүз жендеттің билігі,
Пырасынау сұмның қолында.

130. Ұн мен буылдық бөлісіп,
Досжар болды бізбенен.
Бірақ жауыз жетпекші,
Мақсұтына көздеген.

131. Таңдана басын шайқады ол,
Қазақтар еккен егінге.
Бірігіп астық салмақшы,
Ортақтас боп телімге.

132. Жолықтырды-ау, тәңірім,

Пырасынаудай желімге.
Дөрекі сөзді айтпайды,
Келер деп ойлап көңілге.
133. Мәстекті топтап алдырды,
Билерге сыйлық беруге.
Аузын алып мықтының,
Тату күйде жүруге.
134. Сардар еді бір кезде,
Арыстандай ақырған.
Араласпай соңғы шақ,
Еш билікке Баһрам¹⁸.
135. Бейтарап қалды ақыры.
Имам болды ақылды.
Өлеңді қойып, софы боп,
Қазақтың үлкен ақыны.
136. Қырық жетіден асқанда,
Қырық сегізге аяқ басқанда.
Тататын дәмі таусылды,
Жұртқа білім шашқанда.
137. Бәйбішесі Жамал да,
Бірге аттанып сапарға.
Уақыты бітіп өлшеулі,
Қосылмады олар қатарға.
138. Сөйтіп, інім, келінім,
Дүниеден өтіп осы жаз.
Қонысым кетіп дұшпанға,
Қажып қалдым мен біраз.
139. Қанша мықты болсаң да,
Қайғы адамды жасытар.
Қуанышқа қуаныш жалғасса,
Қайратыңды тасытар.
140. Қоныстан көшу күйімді,
Сыбызғыға қосып тартыңдар.
Жырларымды балалар,
Жаттауға міндет артыңдар.
141. Халық үшін күшін сарп қылған,
Немере інім Баһрам.
Ұмытылмас аты ағаңыз,
Жауларға тізе батырған.
142. Осылайша Салғараң,
Аяқтайды енді өлеңін.
Дәм біткенше халайық,
Көрешекті алда көремін.

Түсініктеме:

1. Пырасынау – Пресновский бекініс бастығы, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданының орталығы Преснов селосы осы кісінің есімімен аталған.
2. Кіпитан – Капитан Пресновский деген сөзден шыққан. Қазақтар Преснов селосын «Кіпитан» деп атаған.
3. Азамат – Сегіз серінің әкесі Баһрамның ағасы Сексен қажының баласы.
4. Марқаш – жер атауы.
5. Тобылғы сай – жер атауы.
6. Дәстемжал – жас ағаш атауы. Марқаш, Тобылғы сай, Дәстемжал – қазіргі Айымжан ауылы мен Островка селосының арасындағы жер, ағаш атаулары.
7. Шөптікөл – Айымжан ауылынан 4-5 шақырым батыс жағындағы көл. Бұл көлді «Қожаберген» көлі, «Обалы» көлі деп те атайды.
8. Ғаршакөу – Горчаков Батыс Сібір генерал губернаторы.
9. Тұрлыбек – Тұрлыбек Көшенов. Омбы облыс басшысының қазақелін басқару жөніндегі кеңесшісі.
10. Шайгөз – Уақ руының бір атасы.
11. Баржақсы – Уақ руының бір атасы.
12. Шақшақ – Сегіз серінің атасы.
13. Жар – Керей руының көрнекті адамы.
14. Қапсыт – Керей руына қарасты бір ата.
15. Ыстап – Қазіргі Пресногорьков селосы.
16. Өсіп – Уақ руының көрнекті адамы. Бекіпте орталығы Преснов селосына өрт салған адам.
17. Киікбай, Шақшақ, Тіленші – Керей руының билері мен бектері.
18. Баһрам – Сегіз серінің әкесі.

Есней және оның елі

Қадыр Мырза әли

Ертесі не, кеші не,
Аруақтарды сыйландар.
Еснейді есінен
Шығармайды Сибандар.

Бола алады кім күшті
Оққа төсін төсемей?
Өзіменен Шыңғыстың
Шендес болған Есней!
Тегістелген көктемде
Төбелердің қыртысы:
Еснейдің
Өткенде
Бес-алты мың жылқысы!

Жасыл желек алапта
Жемің де әзір,
Шөп те әзір.
Мұнша жылқы бірақ та
Ауданда да жоқ қазір.

Тайталаса кеткенде
Талай байың таңданар:
Бес мың жылқы өткенде
Шалғыннан тек шаң қалар!

Жақын жандай әр үйге
Сол баяғы қалпында
Есекейдің, әрине,
Аты қалған артында.

Болмақ емес басқаша,
Шын абырой орнықты,
Ер есімін
Ешқашан
Ұмытпайтын ел мықты!

ҚОЖЫҚ МАҚАШОВ

МАҚАШ ҚАСАБОЛАТҰЛЫ

Қожақтың әкесі Мақаш Қасаболатұлының туған, қайтыс болған жылдары туралы нақты деректер жоқ. ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысы мен ХІХ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген адам. Орта жүз Уақ руының Бидалы атасынан тарайды. Бидалының Құдайқұл атты баласынан Амантай, Қожантай, Қараман, Қайдауыл, Өтей, Дәуіш болып тараса, Қараманнан Қасаболат, Қасаболаттан Мақаш туған. Мақаштан Қазыбек, Қожық, Қоңқыш туған. Мақаш ұрпақтарын Қазыбек пен Қожықтың ұрпақтары жалғастырады.

Қараман атасының, оның ішінде Мақаштың қонысы алдымен Құндызды өзенінің Құсмұрын көліне құяр тұсы болған. Мақаштың ата қонысы туралы Сәбит Мұқанов былай деп жазған: «...Кезегі келгенде, оқырман көпшілікке Қожықты да қысқаша таныстыра кетейік: Ол Қазақ руларының ішінде – Уаққа жататынын жоғарыда айттық. Уақ ішінде ол «Қобыланды» және «Ер Сайын» жырларында аталатын Қараман батырдың тұқымы. Кейін рулы елге айналған Қараманның мекені қазіргі Қостанай облысының «Қарасу» аталатын ауданда. Қожықтың әкесі – Мақаш «Құндызды» өзенін, «Қойбағар» және «Жасылбағар» көлдерін төңіректеп жүреді екен. Өзі мындаған жылқысы бар, «Момын бай» атанған кісі бопты». (С.Мұқанов. «Аққан жұлдыз». Екінші кітап. 18 бет).

Одан кейін көлденең Есіл жерінде Меңзей орманы жерін қоныс етті. (Бұл жер қазіргі Ғабит Мүсірепов ауданына қарасты жер. Кейінгі жылдарға дейін Тоқсан би кесенесінің оңтүстік батыс жағында 3-4 шақырым жерде Меңзей ауылы болды. С.Жұмабаев). Мақаштың қонысы Меңзей көлденең Есілдің Күнгеі жақ бетінде болса, сол көлденең Есілдің теріскей жақ бетінде Бәйімбет Атығай руының, Үмбет Көшебе керейдің, Балта керейдің Нашан атасының, Самай керейдің Жанбура, Толыбай аталарының ауылдары мекендеген екен. Мақаш ауылдары бұл ауылдармен тығыз қарым-қатынаста тату тұрған. Өзен өткелінің екі жағында да темір қазық қағылып, оған шынжырлаулы екі қайық байланып, кезекші ескекшілер болыпты. Сондықтан Мақаш пен оның баласы Қожық туралы жоғарыда аталған көршілес ауылдардың адамдары көп әңгіме сақтап қалған.

Мақаш заманында Бидалы уақтың басты кісілерінің бірі болыпты. Кезінде Мақаш балуан, Мақаш мырза, Мақаш қажы, Мақаш атбегі деген есімдермен жұрт аузында жиі айтылып жүріпті. Мақаштың ауылында ата-бабаларынан мұра болып қалған мешіт, медіресе үйлері болған. Ол үйлерді Мақаш қажы күтіп ұстап, дін уағыздау, тарату ісімен айналысқан. Кәсіппен де айналысып, бірнеше шеберханалар ұстаған. Онда балташылар, ұсталар, өрімшілер, етікшілер жұмыс істепті. Сонымен бірге егіншілікпен, мал-құс өсірумен, қол-өнерімен, аңшылықпен айналасыпты. Өзінің жел диірмені мен су диірмені де болған. Су диірменін сол маңайдағы ауылдар кейінгі кезге дейін пайдаланып келген. Мақаштың бұл су диірмені кейінгі кезде Тоқсан би диірмені деп аталған. Өйткені диірмен салынған Есіл өзенінің жарқабағында

Тоқсан бидің зираты болған. Содан «Мақаш диірмені» аты ұмытылып, «Тоқсан би диірмені» атауы қалған. Диірменнің орны осы уақытқа дейін сақталған. Өнерге жақын Мақаш мырза қолына әнші, ақын, балуан, мерген жігіттерді ұстапты.

Қандай ғана тарихи тұлға болмасын өзі өмір сүрген заманы тұрғысынан, сол уақыттағы тарихи уақиғалар, сол уақыттағы атқарған қоғамдық қызметі тұрғысынан бағаланатынын ескеріп, Мақаш Қасаболатұлы мен оның баласы Қожық тұсындағы қоғамдық тарихи жағдайға тоқтала кетейік.

1819 жылғы Уәлі ханның өлімі қазақ хандығының құлауын тездетті. Ресей патшалығы үшін хандықты жоюдың оңтайлы сәті түсті. Қазақтың хандық құрылысын жақтаған халықтың біраз бөлігі Уәлінің бәйбішесінен туған Ғұбайдолланы хан сайлағанымен, Ресей патшалығы оны бекітпеді.

1822 жылғы М.Спиранскийдің «Сібір қазақтарын билеу» туралы ережесінің шығуына байланысты қазақ даласындағы хандық билік жойылды. Ел іші ауыл (50-70 үй), болыс (10 ауыл), округ (15-20 болыс) болып бөлініп, аға сұлтандық (дуандық басқару жүйесіне көшті. Яғни, біртұтас халық бір орталыққа бағынатын бас иесінен айрылып, іштей бөлшектенуге ұшырады. Округты (дуанды) билейтін аға сұлтандар (дуан басшылары) елге билік жүргізген сияктанып атқа мінгенмен, оның атының да, өзінің де тізгіні патшалық Ресей әкімдерінің қолында болды. Патша әкімдері қазақ халқын аға сұлтандар арқылы биледі. Орталық Қазақстанда Қарқаралы, Көкшетау, Баянауыл, Аягөз, Ақмола, Көкпекті, Аманқарағай (Құсмұрын), Алатау округтері ашылды. Бұл округтер 1824 жылдардан бастап ашылды, 1822-1823 жылдары бір де округ аша алмапты. Себебі, Орта жүз хандығын бөлешектеуге қазақтың билері мен бөктері, Есеней, Марал ишан, Зілғара сияқты атақты адамдары хандықты жоюға қарсы әрекет жасапты. «Замана» деген өлеңінде Сегіз сері осы кезең туралы былай деп жырлаған:

Сұм патша елді алдады расында,
Келтірмей қозғалуға шамасын да.
Билерге үш жыл бойы ерік берген
Хандық жойылып, дуан құралар арасында.

Хандықты жоймақ болып, жарлық келген
Сұлтандар әулетіне жарлық келген,
Патша уездері Сперанский жоба жасап,
Он дуанға Орта жүз халқын бөлген.

Абылай ханға тартпаған балалары,
Ел билеуге жетпеген шамалары.
Уәли Орта жүзге хан болса да
Қазақтың жақтырмаған даналары.

Уәли хан өлмей тұрып, бір жыл бұрын,
Хандығы Орта жүздің таратылған.

Көсемге ел басқарар билік тимей,
Кәпірге қазақ жұрты қаратылған.

Он дуан бірақ бірден құрылған жоқ,
Сұм патша жұртты алдады ұрылған жоқ.
Маралдың соғыстары аяқталған,
Сол себепті өткенге ұлық бұрылған жоқ.

Біртіндеп округтерді құра берді,
Бектерді өздеріне бұра берді.
Жұрт қамы деген сөзді дәлел етіп,
Шонжарлар ел ұстауды мақұл көрді.

Бұл күнде құрылыпты сегіз дуан
Басқарған сегізін де өңкей жуан.
Ішінде дуанбасы шонжарлардың
Кейбірі сардар еді жауды қуған.

Қыс қылған Ресей патшасы елдің жазын,
Ұстаған қолшоқпар ғып жұрттың азын.
Халайық билік жайлын ұғынған жөн,
Аға сұлтан, дуанбасы бір лауазым.

Шеттетіп көп көсем, не маңғазды,
Басқарған аға сұлтан приказды.
Сайланып заседатель-орынбасар,
Күндейді думаншыл деп өнерпазды.

1830 жылы Есіл өзенінің терістік бетінде Тобыл өзеніне дейінгі аралықтығы жерді қамтитын Аманқарағай дуаны құрылғанмен тарап кеткен болатын. Оған бірнеше себептер болды. Біріншіден, дуанға қарасты халық өзара келісім бойынша дуанға ясақ (салық) төлеп тұру керек болса, дуан басшылары өзіне қарасты халықтың жерін, дүние-малын ұры-қарыдан қорғауға тиісті болды. Дуан халықтан салықты жинап алғанмен, өзіне тиісті шартты орындай алмады. «Ащы белдеу» бойында орналысқан казактар казактардың құнарлы жерлерін тартып алып, ата қоныстарынан айырды. Жергілікті казактар мен шегара бойындағы казактар арасындағы жанжал қарулы қақтығыстарға дейін барды. Марал ишан қозғалысынан бастаған орыс старшындарына деген жергілікті халықтың өшпенділігі басыла қоймады. Халық салық төлемей, дуан басшылығына бағынбады. Дуан тарап кетеді. Мақаш Қасаболатұлы бұл уақытта Қараман ауылының алғаш старшинасы болатын.

Батыс-Сібір губерния басшылары 1834 жылдың тамыз айында тарап кеткен Аманқарағай дуанын қайтадан ашады. Бұл уақытта Аманқарағай дуанына қарасты халықтың құрамы төмендегідей болатын.

	<i>Рулар</i>	<i>Үй саны</i>	<i>Жылқы саны</i>
	<i>I. УАҚ РУЫ</i>		
1	<i>Бидалы</i>	500	40000
2	<i>Жансары</i>	525	25150
3	<i>Баржақсы</i>	450	12620
4	<i>Шайгөз</i>	225	4450
	<i>II. КЕРЕЙ РУЫ</i>		
1	<i>Көшебе</i>	700	17500
2	<i>Сибан</i>	500	20000
3	<i>Матақай</i>	1000	32000
4	<i>Самай</i>	500	22000
5	<i>Есенбақты</i>	200	2071
6	<i>Еменалы</i>	150	3000
7	<i>Қантай</i>	250	2500
8	<i>Таз-керей</i>	100	1025
9	<i>Дәулетімбет</i>	100	1000
10	<i>Нұрымбет</i>	380	11400
11	<i>Қапсыт</i>	180	1800
12	<i>Шағалақ</i>	100	900
13	<i>Қара кемпір</i>	80	400

(Ескерту: қарамал мен қой-ешкінің санын жазбадық, өйткені кейбір рулардың малының саны

Кейін (1835 жылы) Құсмұрын болып аталған Аманқарағай сыртқы округы (дуаны) Обаған мен Есіл өзендерінің аралығындағы, оңтүстікте – Торғай өзенінің бас жағын солтүстікте «Ащы белдеу» бойына дейінгі жерлерді қамтыды. Округ жерінде: 62 ауылдан тұратын (3192 шаңырақ) Керей (Сибан, Балта, Көшебе, Еменәлі, Алдай, Қантай, Таз, Бике, Дәулетімбет, Иманәлі, Нұралы, Нұрымбет, Самай, Матақай), 1773 шаңырақты біріктіретін Арғын, 123 шаңырақтан тұратын қыпшақ, 1957 шаңырақты біріктіретін 32 ауылдан тұратын Уақ (Баржақсы, Бидалы, Жансары, Шайгөз) тайпалары мекендеді. Бұл округ қазақтары Есіл, Обаған өзендерінің жағалауларын, қалың ормандар арасын қыстап, жазда шөптің жақсы жайылымдықтары бар жерлерге көшіп жүрді.

Жоғарыда аталған рулық, тайпалық одақтар төмендегідей бес болысқа бірікті: 1. Матақай – Самай Керей болысы; 2. Сибан, Көшебе Керей болысы; 3. Еменалы Керей болысы; 4. Уақ (Бидалы, Баржақсы, Жансары, Шайгөз) болысы; 5. Ақташы арғын – Қанжығалы болысы.

Омбы қаласындағы Сібір линиялық казактарының әскери училищесін тәмамдаған Шыңғыс 23 жасында осы дуанға аға сұлтан болып сайланады.

Аға сұлтан болуға басқа лайықты адамдар болса да, елді хан тұқымынан шыққан адамдар ғана билеу керек деген қалыптасқан дәстүр бойынша губерния басшылары оларға келісім бермейді.

Ел аузындағы әңгімелер бойынша Керей-Уақ адамдары (ішінде Мақаш Қасаболатұлы да бар) жаңа құрылған Аманқарағай дуанын басқаруға Айғанымнан сол уақытты әскери училищені бітірген Шыңғысты қалап алған. Бұл шындыққа келмейді. Өйткені, біріншіден, халық дуан ашуға қарсы болған. Екіншіден, Қызылжар аймағын мекендейтін Керей-уақтың басты адамдары Шақшақ Көшекұлы, Тоқсан Жабайұлы, Киікбай Айтуғанұлы, Қолдас Сағындықұлы, Мақаш Қасаболатұлы, Берік Малқарұлы, Тайпак Сапулатов, Жұбан Қондыбаев, Жарылғамыс би тағы басқа ру басшылары Қақ көлінің басында құрылтай шақырып, Есеней Естемісовты рубасы, әрі қазысы етіп губерния басшыларының ұлықсатынсыз сайлап алған болатын. «Біз Ресейге өз еркімізбен қосылған жоқпыз. Біздің ризашылығымызды алмай, елді Сырттай өздеріне қосуға болмайды. Біз ақсақалға, Мұфтиге, қазыға, шораға, ханға бағынатын, Аллаға сыйынатын мұсылман жұртымыз. Ешбір салық төлемейміз. Жер-суымызды қайтарып беріңіздер. Сонда ғана Уәлі хан тұсындағыдай белгілі бір мөлшерде шаңырақ салығын төлеуге келісеміз. Әйтпесе, кешегі Марал ишанның ғазауатын қайта жалғастырамыз. Сендер Марал ишанның қозғалысын күшпен тоқтатқан жоқсындар, алдап, жалған уәдемен тоқтаттыңдар. Айтқан сөздерінде тұрмадыңдар. Елге берген уәделерің орындалмады», - деп Ресей ұлықтарына қарсы шыққан болатын.

Сондықтан Ресей үкіметі дуанның ашылуы мен оның басшысын сайлауды жергілікті халықпен ақылдасты деу жаңсақ пікір. Рас, Керей-уақтың (Керейдің ішінде Ашамайлы керейлер) Абылай ханның Қасым және Уәлі сияқты балалары билікке таласқанда Уәліні жақтағаны анық. Әсіресе, Бидалы-уақтың Құдайқұл балалары: Өтей, Дәуіш, Қарамандар Уәлінің ең сенімді адамдары болды. (Қараман Мақаштың ұлы әкесі). Керей Уақ және Арғынның Атығай атасының ұрпақтары Қасым балалары Есенкелді, Саржан, Кенесары көтерілістерін қолдамаған. (Әрине, бәрі емес).

Енді біздің әңгімеміздің бас арқауы болып отырған Мақаш Қасаболатұлы мен оның баласы Қожықпен жақсы қарым-қатынаста болған Шыңғыс Уәліұлы туралы таным үшін арнайы тоқталайық.

23 жасында аға сұлтан болып сайланған Шыңғыс бұл қызметті 1852 жылға дейін атқарады. Шыңғыс 1811 жылы Уәлі ханның бас ордасы Қызылағашта туған. Орысша білім алудың маңызын терең түсінген әжесі Айғаным 1857 ж. Шыңғысты Сібір линиялық казактардың әскери училищесіне оқуға түсіреді. Бұл оқу орны Шыңғысқа толық орта дәрежелі білім береді. Жеті жыл оқығаннан кейін ол бұдан ой өрісі кеңейіп, ғылым мен әдебиеттен, көркем өнерден, сондай-ақ тарих пен жаратылыстанудан терең мағлұмат алып шығады.

Шыңғыс ел басқара жүріп, қазақтың батырлар жырлары мен лиро-эпостық жырларына талдау жасап, түпнұсқаларын жинастырған. Ғылым мен ағарту ісінің қазақ еліндегі қамқоршысы ретінде Шыңғыс Москва мен

Петербургке, әсіресе, географиялық және антропологиялық қоғамдарға белгілі болған.

Қазақ даласында қазақтың тұңғыш мектебін ашу ісі де Шыңғысқа тиесілі болған. Құсмұрында Шыңғыс ашқан қазақ мектебінің оқу-тәрбиелік бағдарламасында жаңалықтар көп болды. Онда тарих, жаратылыстану, математика, шығыс тілдерінің (шағатай, парсы, араб) пәндері оқытылып, қазақ халқының эпостарынан дәріс берілетін. Шыңғыс демократтық, прогресшіл көзқараста болған адам. Маңайына Жанак, Шөже, Орынбай, Арыстанбай, Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса сияқты ақындарды топтастырды.

«...Дала еліне әсер етуде Омбы мекемелері үш кісінің – Шыңғыс сұлтанның, оның баласы Шоқанның және оның нағашысы Мұса Шормановтың абырой беделі мен ақыл-кеңесін жарты ғасырдан астам уақыт бойы пайдаланды», – деп жазды Г.Потанин.

Жоғарыда жазғанымыздай Мақаш мырза да өнер-білімге өте жақын болып қамқорлық жасап отырған. Әкелері арасындағы достықтың үстіне Шыңғыс пен Мақаштың осындай қасиеттері бір-біріне жақындата түсті. Шыңғыс аға сұлтан билігіне келгесін-ақ Мақаш мырзаға қамқорлық жасап, Қараман аулының старшыны болып жүрген Мақаш мырзаға Уақ руының Бидалы атасына қарасты ауылдарға старшын болуды ұсынды. Бірақ, табиғатында жуас, мансапқорлығы жоқ, ол жасының келіп қалғанын айтып келісім бермеді. Шыңғыс кейін бұл қызметке оның баласы Қожакты сайлатқызады. (Бұған кейін тоқталамыз. С.Ж.). Бір өкініштісі кейбір аға жазушыларымыз архив-құжаттарын ескермей ел аузындағы сөздермен, не болмаса шындықты кеңестік саясатқа жеңдіріп, Шыңғыс пен Мақаш және оның баласы Қожық арасын шиеленістіріп, жауластырып жазғанын жақсы білеміз. Шыңғыс сұлтан мен әкелі-балалы Мақаш пен Қожық арасындағы достық қатынасты жақсы білетін Кенесары Аманқарағай дуанына шабуыл жасағанда Мақаштың мыңнан аса жылқысын айдап әкетіп, жүген ұстатып қалдырғанына да тарих куә бола алады. Атақты тарихшы Ермұхан Бекмаханов 1948 жылы жазған «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» деген зерттеу еңбегінде былай деп жазды: «1838 жылы Бопай өзінің отрядымен Батыс-Сібір губернаторлығының солтүстік-батыс аудандарына ішкерлей еніп, қимыл жасады. Көптеген мал айдап әкетілді. Кері қайтқан жолда Сырымбет деген жерде қоныстанған өзінің бұрынғы күйеуінің туысқандарының ауылдарын да шапқыншылыққа ұшыратты. Осы жағдайға байланысты заседатель Редько Талызинге былай деп хабарлады: «Сұлтанша Бопай Қасымова өзінің 200 адамымен Аманқарағай округінің қырғыздарынан (қазақтарынан) көптеген малды тартып әкетті және қайтар жолда Сырымбет шатқалына тоқтап, қойманың құлпы мен есігін бұзып, ондағы киіздерді, елтірелерді және көп азық-түлік қорын алып кеткен».

Жоғарыда жазылғандай Бопай Қасымқызының айдап әкеткен малы Аманқарағай дуанына қарасты Мақаш мырзаның мыңнан астам, Самай-Керейдің алты жүзден астам жылқысы болатын. Осы оқиға байланысты Омбы архивінде құжаттар бар. (Омбы архиві. Қор – 3, тізім – 2, іс – 17713).

Бидалы Уақ старшинасы Берік Малқаров, мал иесі Мақаш Қараманов, билері Есенғұл Құлмешекөв, Байғұртбаевтар және Самай-Керей болысының болысы Тайпақ Сапулатов, билері Нүркен Түменов, Тұрлыбек Сатыпалдин, Итқара Тоқаевтар Батыс-Сібір губерниясына Кенесары Қасымов айдап әкеткен жылқыларды қайтарып әперуді талап етіп арыз жазады. «Бізді дуанға қабылдар алдында малымызды, жанымызды барымташылардан, жауларымыздан қорғаймыз дедіндер. Сол үшін біздерден ясақ (салық) алып отырдыңдар. Өзара келісім бойынша сендер барымтамаға ұшыраған малдарымызды қайтарып беруге тиістісіздер, мұны біз заң жүзінде талап етеміз» – деп жазды. Губерния басшылары бұл шағым хатқа «Шара қолданыңдар» деп бұрыштама қойып Құсмұрын дуанының (Аманқарағай дуаны 1835 жылдан бастап Құсмұрын дуаны деп аталады) басшылары: аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов, кеңесшілері (заседательдері): Есеней Естемісов, Тәбей Барлыбаевтарға береді. Кенесарының Бопай қолын ұстауға Есеней мен Шыңғыс өздері үшін де мүдделі болатын. Өйткені, жоғарыда жазылғандай, Бопай осы жолы Сырымбеттегі Шыңғыстың әкесі Уәлі ордасын шауып кеткен болатын және Бопай айдап әкеткен жылқылардың ішінде Есенейдің туыстары мен құдандалы адамдарының жылқылары да болған екен. Бопай қолын қуған Шыңғыс пен Есеней біраз жылқыларды қайтарып алады. Омбы архивінде бұны анықтайтын құжаттар бар. (Омбы архиві. Қор – 3, тізім – 2, іс – 13259).

1857 жылы 31 тамыз күні Шыңғысты Көкшетау дуанына аға сұлтандыққа ұсынар алдында жазылған мінездемеде: «1838 жылы Шыңғыс пен Есеней 35 қарулы жігітімен Кенесарының апасы Бопай қолынан дуанның біраз жылқыларын айырып алды», - деп жазған. Бұл құжат та жоғарыда айтылған оқиғалардың тарихи шындығына бұлтартпайтын дерек бола алады. Кенесарыны қолдамаған патшашыл байлардың жылқысын неге Бопай қолы барымталып отырған деген сұрақ болуы мүмкін. Оған жауап төмендегідей. Кенесары құрған хандықтың ішкі басқару құрылысы бойынша бұл іс Бопайға тапсырылған. Кенесары көтерілісін зерттеген тарихшы Ермұхан Бекмаханов жоғарыда аталған еңбегінде былай деп жазады: «Ірі ақсүйектердің малы мен мүлкін мемлекет қарамағына тартып алу ісін Кенесарының әпкесі Бопай басқарды. Мемлекет қарамағындағы көтерілісшілерге көмектесуден бас тартқан ірі феодалдардың мал-мүлкі тартып алынып отырды. Күшпен тартып алардан бұрын мал-мүлік иелері алдын ала хабарландырылып отырған».

Бұл арада мынаны ескеру керек. Ірі байлардың малдарын тартып алғанда олардың көтерілісшілдерді қолдамағаны үшін, Кенесары құрған хандықтың ішкі басқару тәртібі бойынша Ресей отаршылдарына қарсы күрес шығынына салық төлемегендері үшін барымталаған, яғни кепілдікке алған. Көтерілісшілдердің талаптарын орындаған жағдайда малдарын қайырып берген. Сондықтан кейбір қазақ байлары Кенесарыға малдарынан айрылып қаламыз деп қорыққаннан қосылған. «1837 жылдың соңында Аманқарағай округінен Кенесары көтерілісіне бұндай байлардың екі мыңдайы қосылды» – деп жазды Ермұхан Бекмаханов жоғарыда аталған еңбегінде.

ҚОЖЫҚ МАҚАШОВТЫҢ ПРОТОТИПІ

Қожық Мақашов оқырман жұртшылығына атақты жазушыларымыз Сәбит Мұқанов және Ғабит мұсірепов шығармаларынан әдеби кейіпкер ретінде таныс. Сәбеңнің «Аққан жұлдыз», Ғабеңнің «Ұлпан» атты шығармалары тарихи уақиғалар негізінде жазылған көркем шығарма екені анық. Екі ұлы жазушы да уақиға сюжетін шиеленістіру үшін, Шоқан мен Ұлпан образдарын сомдай түсу үшін тарихи тұлға Қожықты жағымсыз бейне ретінде шебер пайдаланған. Бұл жазушыларымызды тарихи шындықты бұрмалауға апарған заман талабы еді. Өйткені, Қожық Уақ руының қолына барымташылар ұстаған атақты байы. Айдап әкеткен малын қайтару үшін Кенесары қолымен соғысқан адам.

Екі жазушы да тарихи тұлға Қожық Мақашұлын ертегілердің кейіпкеріндей, әрине саналы түрде бұрмалап жазды. Бұрмалап жазды дейтініміз Қожық көп жылдар бойы Бидалы Уақтың, Арғынның Қанжығалы елінің болысы болған. 1849 жылы Құсмұрын дуанының Заседатели болғаны жайлы Омбы архивінде шындықтан бұлтартпайтын деректер бар. Туған өлкеміздің ХІХ ғасырдағы ел басқарған тұлғаларды таныту үшін де төмендегі құжаттың көшірмесін жаздық.

Омбы архивы. Қор № 374. Тізбе № 1, іс № 243.

Құсмұрын округы бойынша сұлтандардың, билердің, старшындардың, құрметті қазақтардың 1850 жылғы тізімі (20.01.1851ж.).

1. Берік Малқаров. 1792ж. туған. Бидалы, Баржақсы Уақ болысы.
1813ж. – старшын.
1834ж. – волостной управитель.
2. Итемір Барлыбаев. 1804ж. туған.
Сибан Керей болысының старшинасы.
3. Құлыбек Тоқсанұлы. 1799ж. туған.
1835ж. – болыс болды.
4. Қожахмет Табеев. 1820ж. туған.
1849ж. – заседатель.
5. Медебай Есілбайұлы. 1792ж. туған. Шағалақ болысының старшинасы.
1838ж. Кенесары қолынан шаруалардың 44 жылқысын қайтарып алғаны үшін Анненск лентасымен марапатталған.
6. Қожық Мақашұлы. 1801ж. туған. Қараман Уақ, Қанжығалы болысының болысы.
1849ж. Құсмұрын дуанының заседатели.
7. Тоқсан Мыңжасарұлы. 1789ж. туған.
8. Шыңғыс Уалиханов. 1817ж. туған.
9. Қырғыз Малдыбайұлы. 1795ж. туған.
1831-1843ж.ж. – волостной управитель
1844ж. – прапорщик правитель.

10. Жақабай Малдыбайұлы. 1791 ж. туған.

1831-1841 ж.ж. – ауылының старшин.

11. Жүсіп Меңдібайұлы. 1819 ж. туған.

Аманқарағай, кейін Құсмұрын дуанына қарасты елдерде болыс, осы дуанының заседателі, биі болған Қожық Мақашұлын жерлес жазушыларымыздың ұры, елбұзар болды деп жазулары Кеңестік саясаттан туып отырғаны анық жәйт.

2009 жылдың шілде айында Қожықтың ата қонысы Қостанай облысы, Қарасу ауданының Қараман ауылында болып, кейінгі ұрпақтарымен әңгімелескен едік. Қожықтың ата қонысында отырған ең жақын ұрпағы 80 жастағы Шауыпкел Қалиұлы екен. Қожық және ұрпақтары жайлы біраз әңгімелерді осы кісіден және ауылдың ең қарт тұрғыны Әбикенов Молдақан ақсақалдан естідік. Қожық Мақашұлы туралы біраз деректер көмескіленгенмен шежіресі толық сақталған екен.

-Қожық бабамыз кезінде Қараман Уақ, Қанжығалы болыстарының старшинасы. 1849 жылы Құсмұрын дуанының заседателі болғанына ешкім дау айта алмайды, өйткені бұл деректер Омбы мұрағатында сақталған. Осындай тұлғаны елден шыққан ұры, жауыз, қатыгез деп жазған атақты жазушыларымыз Сәбең мен Ғабеңе қатты ренжіген уақытымыз да болды. Рас, бұл жазушылардың бабамызды ұрылардың жиынтық образы етіп жазғанын білеміз. Аты-жөнін өзгеріспен алу керек еді. Жиырма жасынан бастап ел басқарып, өңіріміздің ХІХ ғасырдағы көрнекті тұлғаларының бірі болған бабамыз рухының ласталғаны қатты батты, - деді Қожық ұрпақтарының бірі Шауыпкел ақсақал. Дегенмен ұрпақтары Қожық табиғатында «зорды» танымайтын, әкімге бағынбайтын, өзінен жоғары кісі деп санамайтын, күш көрсеткісі келгендерге күшпен жаулап беретін, тентек те содырлы да, өктем де адам болғаны туралы естігендіктерін айтты.

Осы кісілермен және тағы Қараман ауылы тұрғындарымен әңгіме үстінде Қожық Мақашұлы өмірдеректерінің бізге беймәлім тұстарын да кездестірдік. Шежіресін алдық. Шежіресін былайша таратты.

Бидалы Уақ – Құдайқұл – Қараман – Қасаболат – Мақаш. Мақаштан 2 бала: Қожық, Қоңқыш (Қожак). Қожықтан 5 бала: Шоқатай, Текебай, Тәжібай, Жантөре, Байтөре (Балғожа).

1. Шоқанайдан – Махамбет. 2. Текебайдан – Ыбырай. Ыбырайдан – Қамза, Қанапия; Қанапиядан – Бекен, Кәкен; Бекеннен – Бығай, Асхат. 3. Тәжібайдан – Оспан – Жанахмет – Шалабай – Төлеген. 4. Жантөре – Қабдолла – Кәмел – Дулат, Бақыт, Мұрат, Бақытжан. 5. Байтөре – Сақатай, Бастами; Сақатайдан – Көкен – Қуандық, Болат; Бастамиден – Сейтен – Дулат, Мұрат.

Қожықтың жоғарыда аталған бес баласынан тараған ұрпақтар қазіргі Ғабит Мүсірепов ауданына қарасты Ставрополь селосының жанында болған Меңзей ауылында 1950 жылдарға дейін тұрған. Меңзей ауылын Қожық ауылы деп те атаған. Меңзей ауылы 1960 жылдары тарап кеткен. Атақты

Тоқсан би Жабайұлының басына кесене орнатылған бейіті осы Меңзей ауылынан 3-4 шақырым жерде.

Мақаш Қасаболатұлының екінші баласының азан айтып қойған есімі Қожақ екен. Қожақ ел аузында «Қонқыш» деп атанып кеткен екен. Кітаптың келесі тарауларында Қонқыш туралы арнайы әңгіме болады.

Қызылжар қаласында тұратын оқып-тоқығаны да, көргені де көп шежіреші қарт Жұмағайыр Абдрахманұлы Қожық жайлы көп біледі. Есте сақтау қабілеті өте жақсы осы қарттың айтуы бойынша ағасы Сексен батыр орыс отаршылдары қолынан қаза тапқаннан кейін Тоқсан бидің де көзін жоймақ болады. Жер үшін Сексен батырмен бірге орыс отаршылдарына қарсы талай рет соғысқан Қожық қазіргі Жамбыл ауданының Қарағаш ауылы жерінде отырған Тоқсан биді өз еліне көшіріп алған екен.

Жұмағайыр қарттың айтуы бойынша Кенесары Қасымовтың қолы 1838 жылы Кенесарының әкесі Мақаш байдың мыңнан аса жылқысын айдап әкетіп, жүген ұстатып қалдырады. Преснгорьков бекінісі әскерлерінің көмегімен Қожық Кенесары қолынан барымтамаға ұшыраған жылқыларының жартысын ғана қайтарып алады. Кенесары мен Қожық арасындағы кикілжың осыдан басталып 1843 жылы Кенесары қолы Уақ болысының жылқыларына тағы да барымта жасайды. Омбы мұрағатынан мұны анықтайтын құжат табылды.

Қор-3, тізбе - 72, іс – 17708.

«Ведомость лошадей угнанных в 1843-1844 г. у Киргиз Аман-Карагайского, Акмолинского, Кокчетавського округов хищными киргизами мятежного султана Кенесары» - деген құжат бар. Осы құжат бойынша Бидалы Уақтың старшинасы Есенғұл Құлмешекөв, билері – Қожық Мақашев, Байғұртбаев басқарған болысының бірінші Август 1841 жылы 2005 жылқысын, Еменәлі Керей болысының 2021 жылқысын Кенесары қолы барымталап кеткен. (Жоғарыдағы аталған істің 21 бетінде) Аталған істің 23 бетінде былай жазылған.

Командиру Отдельного Сибирского Корпуса
Господину генералу Инфантерии и Кавалеру
князю Горгакову второму
Состоящего в должности Пограничного
начальника Сибирских Киргизов
полковника Вишневського.

Рапорт.

В последствие предписания Вашего сиятельства от 21 августа 1841 года № 3939, имею честь донести, что имения, отбитые в аулах мятежного султана Кенесары Касимова и назначенное в вознограждение Киргизам роздано все по назначению, кроме только вещей (ценюю на 303 баранов) назначенных, Аман-Карагайского округа бию Код жуку Макачеву и старшин Исенгулу Кулмешекөву, за не прибытием их для получения в Кокчетавський приказ, о поспытнейшей высылкть ко их делано надлежащее распоряжение, отых же веших, которые розданы, имеются подлинная расписки получателей

Полковник Вишневский.
№494. 8 марта 1845 года.
г. Омск.

Бұл құжат Қожық Мақашевтің өмірдеректерін анықтауда көп жаңалық ашты. Біріншіден, көркем әдебиетте жазылып жүргендей ұры ғана емес, Бидалы Уақтың ел билеген биі болғанын анықтаса, екіншіден патша үкіметінің қуғынына ұшырап, итжеккенге тоғыз баласымен бірге жер аударылғанын теріске шығарады. Қайта қамқорлық жасағанын анықтайды.

Омбы облыстық мұражайынан өңіріміздің ХІХ ғасырдағы тарихына орай алынған құнды құжаттың бірі – Көкшетау болысы барымташыларының Бидалы Уақ елінің жылқыларын айдап әкеткені туралы қылмыстық іс болды.

Үшінші қор, үшінші тізбе, 2133 іс, 16-17 бетте басылған бұл құжаттың мазмұны төмендегідей.

Көкшетау болысының 8 адамы Бидалы Уақтың 55 жылқысын барымта жасап бір түнде айдап әкетеді. Бидалы Уақтың старшинасы Есенғұл Құлмешеков және Қожық басқарған қуғыншылар арасында ұрыс болады. Осы ұрысқа қатысқан Еменәлі болысының атақты адамы, Тоқсан би Жабайұлының баласы Мүсәпір Тоқсанов ауыр жараланады. Барымта жасауға арнайы дайындалып келген барымташылар қуғыншыларды жеңіп, жылқыларын айдап әкетеді.

Бұл іс бойынша сол кездегі Уақ руының старшинасы Тайпақ Сапулатов Батыс Сібір Шегара комиссиясына арыз жазғаны туралы осы құжатта жазылған. Оның қалай шешілгені туралы мәліметті кезедестіре алмадық. Құжат 1863 жылы толтырылған.

Бұл құжаттың біздің өлкеміздің тарихына байланысты құндылығы – Есенғұл Құлмешеков, Мүсәпір Тоқсанов, Тайпақ Сапулатов сияқты ХІХ ғасырда өмір сүрген облысымыздың атақты тұлғалары жайлы дерек береді.

Есенғұл Құлмешеков Бидалы Уақ атасының старшинасы, қажы, көрнекті адам. Бидалы Уақ жайлы оқиғаларда жиі айтылатын тарихи тұлға, «Арқаның арыстаны» аталған Қозыбай шешенді бала қылып асырап алған адам.

1822 жылы қазіргі Благовещенка селолық округі, бұрынғы Маманай ауылында туған Қозыбай шешеннің (1822-1906) туған әкесі – Сегіз серінің ағасы Нәупіл. Нәупіл мен шешесі Ғалым ерте қайтыс болып, Қозыбай шешен жас кезінен нағашысы Есенғұлдың тәрбиесінде болады. Сондықтан кейбір деректерге Қозыбай Есенғұлұлы болып жазылып жүр. Уақ шежіресін өлеңмен жазған Зағидолла Қауменұлы ақын (1890-1989) былай деп жазды.

Кіші жүзде шектіге күйеу екен.
Уақты Бидалыға жиен екен,
Қозыбай өзін солай таныстырды
Қызылжар аймағының керейі екен
Бала боп нағашысы Есенғұлға,
Уаққа жас кезінен сіңген екен.

Бидалы Уақ ішінде Есенғұлдың шежіресі былай таратылады.

Құдайқұл – Қожантай – Базаркелді – Қарамырза, Жалмырза, Жанбақсы; Жалмырзадан – Құлмешек – Есенғұл; Жанбақсыдан – Биболай (Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Төлеуұлының атасы).

Жоғарыдағы құжатта аталған тағы бір тұлға Мүсәпір Тоқсанов. Мүсәпір атақты шешен Тоқсан би Жабайұлының баласы. Тоқсан биден екі бала туады, үлкені – Доғалақ, екіншісі – Мүсәпір. Доғалақтан ұрпақ жоқ. Мүсәпірден Шөкібай атты бала қалып, ұрпағын жалғастырды. Шөкібайдың Жаналы атты баласының ұрпақтары Ресей елінің Түмен облыстарында тұрады. Мүсәпір Тоқсанов туралы «Тоқсан би» (Авторлары Қ.Мұқанов, С.Жұмабаев. 2001 жыл. Қызылжар баспаханасы) кітабында жазылған болатын. Алдағы уақытта осы жолы мұрағат құжаттарынан алынған тың деректермен толықтырылатын болады. Осы құжатта аталған тағы бір ірі тұлға – Тайпақ Сапулатов. Тайпақ Сапулатов 1840 жылдары Шоғалақ-Самай болысының старшинасы болған. Бидалы Уақтың жылқысы барымтаға түскен уақытта Құсмұрын дуанының кеңесшісі болып істеп жүрген уақытта болатын. Батыс Сібір Губерниясының сотында Бидалы Уақтың жылқысын даулап дуан атынан Тайпақ Сапулатов пен ұрланған жылқылардың иесі болып Есенғұл Құлмешеков қатысып, ұрланған жылқыларды қайтарып алады.

МАҚАШ ҚҰЛА

Қазақтың ғасырлар бойғы тұрмыс-тіршілігіндегі жылқы малының қадыр – қасиетін аз сөзбен айтып жеткізу қиын. Батырлар жарындағы Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбұрылы, Қамбар батырдың Қарақасқа аты, ертегідегі Кендебайдың Керкұласы, кешегі Ақан Серінің құлагері сияқты тұлпарлар қазақ халқының алуан түрлі жырларына, ертегілеріне, ән - күйлеріне арқау болды. Елді мекендерге, жер – суларға атау болып қалғандары қаншама. Солардың бірі көрші Омбы облысы, Есілкөл ауданына қарасты «Қасқа ат», «Торы ат» ауылдары. «Торы ат» ауылы кейінгі жылдары тарап кетті. Бұл екі ауылдың Қожаберген батыр жыраудың Қасқа аты мен Торы атының атымен аталғаны туралы жазған болатынбыз. («Солтүстік Қазақстан» газеті).

XIX ғасырдың екінші ширегінде үш жүзге жататын елдерге аты жайылған сәйгүліктердің бірі «Мақаш құла» деп аталып кеткен бәйге аты болыпты. Жоғарыда жазылғандай Мақаш атақты жерлес жазушыларымыз Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов шығармаларында барымташы, озбыр адам бейнесінде суреттелетін Қожықтың әкесі.

Мақаш құла қара жал, қара құйрық, маңдайында жұлдыздай қасқасы бар, төрт сирағының бірдей ағы бар, құлан тұяқ, сұлу мүсінді, ерекше жаратылған жылқы болыпты. Үш жүзге аты жайылған бұл сәйгүлікке бас бәйгені орта жүз елінде көбіне шаппай береді екен.

Табиғатында момын, өз шаруашылдығымен ғана айналысатын Мақаш Қасаболатұлы үлкен байлықты көп жылқыны осы сәйгүлігінің бәйгесімен жинаған екен деседі.

Атақты тарихшы Ермұқан Бекмахановтың деректері бойынша 1937 жылы Кеңесарының апасы Бопай ханшадан бұрын інісі Ержан Саржанов Мақаштың 1300 жылқысын айдап әкетеді. Айдалған жылқылардың ішінде «Мақаш құла» бәйге аты бірге кетеді. Осы арада бұрылыс жасап, Кеңесары құрған қазақ хандығының ел билеу жүйесі туралы айта кетейік. Қандай ғана мемелекеттік құрылым болмасын иелігіндегі халықтан салықтық төлем алады. Салық уақытында төленбесе тиісті заң арқылы айыппұл салынады. Кеңесары хандығы байларға салықты малдай, оның ішінде көтерілісшілердің мінуі үшін жылқы малымен салған. Қатты шығынға ұшырап қалса, сол шығынның салығын қоса салған. (Бұл салықтарды «жасак» салығы деп атаған. Орыс отаршылдары да осы сөзден шығарып, салықтарын «ясак» деп атаған) әрине, қазақтың барлық байлары бұл салықты уақытында, төлей бермеген, кейбіреулері төлеуден бас тартқан. Осындай жағдайда Кеңесары қолы салық төлемеген байдың барлық жылқысын барымталап айдап әкетіп отырған. Бірақ алдын ала осындай уақыт ішінде төлеуге тиісті жасақты төлемесең, барымтама жасап барлық жылқыңды айдап әкетеміз деп хабарлап отырған. Барымталанған жылқының хан ордасына төлеуге тиісті жылқыны алып қалып, басқасын иесіне қайтарып отырған.

Кеңесары ханның бас батырлары Ағыбай мен Жанайдар Мақаш байдан барымталап әкелген 1300 жылқыларды аралап жүріп, екеуінің көзі басқа жылқылардан ерекше Мақаш құлаға түседі. Екеуі де көп жылқыдан жауға шабар жүйрік ат іздейді. Жанайдар батыр жылқы танитын атбегі адам болса керек, Ағыбайға Мақаш құланы көрсетіп:

- Ағатай – ай! Мына құланы маған қиыңызшы, тірі жүрсем жақсылығыңды бір қайтарармын, - дейді.

Жанайдардың Ағыбайды «ағатай» дейтіні екеуі Арғын руынан, Ағыбай Арғынның Шұбыртпалы атасынан болса, Жанайдар Сүйіндік Арғынның Төртұлынан тарайды. Ағыбайдың жасы үлкен. Екеуі аға – іні болып сыйласып жүрген адамдар. Екеуі де Кеңесары хан кеңесінің мүшесі болсада, Ағыбай бас кеңесшісі еді. Өзі қызығып тұрса да сыйлас інісінің көңілін қайтармай, Мақаш құланы Жанайдар Орынбайұлына береді.

Бірде кіші жүз елінде Орта жүз бен кіші жүздің атақты адамдары қатысқан үлкен той болып, бәйге жарысы болады. Бәйге жарысына орта жүз бен кіші жүздің бас бәйгені бермей жүрген атақты сәйгүліктер қатысады.

Осы уақытта кіші жүз елінде жүрген Сегіз сері өзінің бәйге аттары Ханкүреңі мен Байшұбарын бәйгеге қосады. Жанайдар Мақаш құланы сынамақ болып, бірінші рет осы бәйгеге қатыстырады. Екі жүзден астам ең жүйрек деген сәйгүліктер қатысқан бәйгенің алдында Жанайдар батыр иелігіндегі Мақаш құла бірінші болып келеді. Бұл сияқты дүбірлі бәйгенің алдында үнемі бірінші келіп жүрген Сегіз серінің Ханкүреңі мен Байшұбары екінші, үшінші болып келеді. «Уай, шіркін, жануарларым – ай, қартайған екенсіңдер» - деп Сегіз сері бұған ренжіп қалады. Жанайдар батыр да өзінің

қосқан атының бірінші келгеніне ренжімесе қуанбайды. Өйткені, Сегіз сері мен Жанайдар жан аяспайтын дос екен. Қандай ғана той – думан болсын, Сегіз сері өнерімен, балуандар күресі болса күшімен бірінші орында болса, бәйге жарысында жоғарыда аталған екі аты үнемі алда келетін. Сегіз сері сияқты ел ардақтаған досының көңіліне қаяу түсіртіп алған Жанайдар: «Қымбатты досым, бұл сәйгүлік саған ғана лайықты, сыйлығымды қабыл ал,» - деп аттың жүген тізгінін Сегіз серіге ұстатады. Сегіз серінің иелігіне өткен Мақаш құла талай рет бас бәйгені алып жүреді. Өзінің бәйге құласының Кенесары қолынан кетіп, өз елінің батыры Сегіз серіге бұйырғанын естіген Мақаш қария: «Менің Бәйге құлам өз иесін тапқан екен. Сегіз серінің астында жүргеніне қуаныштымын. Бәрімізде Керей – уақтың баласымыз ғой. Бәйге құла оған құт болсын», - деп, Сегіз серіге хабар салады.

Сегіз сері өзінің бәйгеге салып жүрген бәйге құласының Мақаш Қасаболатұлының «Мақаш құласы» екенін білмейті. Кенесарының барымтамаға алған жылқыларның бірі ғой деп ойлап, атақты Мақаш құламен бәйгеге қатар салудың сәтін күтіп жүрсе керек. Сегіз сері Мақаш пен де достық қатынаста болып, жасы үлкен аға ретінде қатты сыйлайды екен. Мініп жүрген бәйге құласының Мақаш құласы екенін естіген ол: «Құдайға шүкір, бәйге аттың бірнешеуі өзімде бар. Сөйте тұра біреудің маңдайына басқан сәйгүлігін иемденіп алғаным жарамас. Онан да жүйрігін өзіне табыс етіп, қадірлі ақсақалдардың бірі Мақаш қажының ақ батасын алайын,» - деп ең жақын жолдасы Ниязбен ақылдасады. Кінәлі болмаса да ат – шапан айыбым деп, Мақаш құланың жанына тағы бір жүйрікті байлап, Мақашқа арнайы кісіден беріп жібереді. Жүйрігі қолына тиген Мақаш ауылында той жасайды. Сегіз серіге риза болып, 3-4 жігіт әзер көтеретін таза жібектен тоқылған Парсы кілемін бәйге әкелген жігіттен беріп жіберіпті. Бұл кілемді Мақаш Бидалы Уақтың болысы болып тұрған уақытында бір үйір жылқыға Тәжікстанның Ходжент (Кеңес дәуірінде Ленинабад қаласы атанған) базарынан өзінің жас кезінде сатып алған екен. Сегізге риза болғандығы сондай ең қымбат дүниесін тарту етіпті. Сегіз сері жұмсаған жігіттің есімі Сәлім екені Сегіздің зайыбы Ырысбикенің жоқтау өлеңінде сақталып қалыпты. Сәлім әкелген бұл кілемді үлкен болғандықтан Ырысбике төртке бөліп, жиектерін асл матамен жиып, төрт кілем жасапты. Осы төрт кілемнің біреуі Сегіздің екінші баласы Мұсайыннан туған немересі Нұрмұхамедтің үйінде 1930 жылдарға дейін сақталып келген. (Айымжан ауылында).

Қайтқан малдың қайыры болып, бәйге құла қолдарына тиген Қазыбек, Мақаш, Қасаболат ұлдары кезекпен бәйгеге қосып, ылғи бас бәйгені алып, аз уақытта дәулетті байлардың қатарына қосылыпты.

Жоғарыда жазғандарымызға дерек орнына Мұсайын ақын Сегіз серіұлының «Жанайдар сардар» атты толғауынан үзінді келтірейік. Бұл өлеңнен Уәлі ордасы мен Мақаш ауылын Бопай ханша мен Жанайдар батыр бірге шапқанын байқауға болады.

Мың сарбазды бастап кеп,
Бидалы Уақ Қожық (Мақаш) пен

Уәлінің шапты ауылын
Хан бұйрығын орындап,
Жылатқан қазақ қауымын.

Осындай бір ретсіз
Жанайдар да іс қылды
Кінәсі жоқ Қожыққа
Тым орынсыз күш қылды.

Тартып мінді Мақаштың
Үш жүзге мәлім құласын.
Көрсетті құдай көзіне
Шапқыншының күнасын.

Қожықты шапқан жақпады,
Жанайдарға ханға да
Ажал келді ұзамай
Малына да жанға да.

Екеуінің сол шақта
Екі бірдей ұлы өлді.
Қапияда өрт шығып
Індет тарап, мал өлді.

Кене ханға жақпады
Елге жапқан жаласы.
Жақсы ұлынан айырылды
Қожықтың соғып наласы.

Бес жасар сәби ұлы өліп
Жанайдар іші өртенді.
Шаппасқа шын бел буды
Бұдан былай еш елді.

Орындамасқа лаж жоқ
Кене ханның бұйрығын.
Екі жыл мінген Жанайдар
Қожықтың құла жүйрігін.

Бір жорықта кездесіп
Әкеміз Сегіз серіге.
Сыйға тартқан құланы
Жомарттықпен көріне.

Жанайдардың сыйлығын
Әкеміз қабыл етіпті.
Алған соң құланы аз мініп
Мақашқа табыс етіпті.

Сегіз сері әкеміз
Мақашқа атын табыстап
Ат мініп, ішік киіпті
Иесінен алғыс ап.

(Мұсайын ақын Сегіз серіұлы (Жанайдар сардар»)

ҚОҢҚЫШ ПЕН ҚОЖЫҚ

Қожық Мақашев туралы жаңсақ айтылып жүрген пікірдің бірі – Қожық Кенесары Қасымұлының бір қолын басқарыпты, Кенесарының Кенжебике атты қызын алыпты. Бұл ақылға сыймайтын жағдай. Өйткені, атақты тарихшы Ермұқан Бекмахановтың деректері бойынша, Кенесары қолы Қожықтың әкесі Мақаш байдың жылқысын барымталағаны, жасақ (салық) төлемегені үшін бір рет Ержан Саржанов, екінші рет Бопай ханша, барымта жасаған. Омбы мұрағатының (Қор-3, тізбе-72, іс-17708: “Ведомость лошадей угнанных в 1841-1844 гг. у киргиз Аман-Карагайского, Акмолинского, Кокчетавского округов хищными киргизами мятежного султана Кенесары”) құжаты бойынша Бидалы уақтың старшинасы Есенғұл Құлмешекөв, билері – Қожық Мақашев, Бұйғұртбаев бастаған болыстырдың екі мыңнан астам жылқысын барымталағаны жоғарыда жазылды.

1841 жылы Пресногорьков станицасы маңында Кенесары барымташыларымен Қожық Мақашов және Шағалық атасынан Медеубай Есілбайұлы басқарған Құсмұрын дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Уәлихановтардың біріккен қолымен соғыс болады. Нәтижесінде дуанның екі мыңдай жылқысын Кенесары барымташыларынан арашалап алып қалады. Осы соғыстағы ерліктері үшін Шыңғыстың ұсынысымен Қожық пен Медеубай Анненков лентасымен марапатталады. (Омбы архиві. Қор-374. Тізбе-1, Ус-270).

Тарихи шындық осылай бола тұра неге ел аузында Қожық Кенесары көтерілісшілерінің қатарында болды және қызын алды делініп жүр?! Біраз жылдардан бергі зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде Кенесары қолында болған Қожық емес, оның інісі Қоңқыш екенін анықтадық. Мақаш Қасаболатұлынан Қазбек, Қожық, Қожақ (Қоңқыш) атты үш бала туған. Қожақты Қожықпен алмастырмау үшін ел аузында Қожақты «Қоңқыш» деп атап кеткен. Сонда да Қоңқыштың кейбір өмірдеректері Қожыққа телініп келген. Енді Қоңқыш Мақашұлы жайлы әңгімемізге көшейік.

1837 жылы Бопай ханшадан бұрын Кенесарының інісі Ержан Саржанов көтерілісті қолдамаған Мақаш байдың мыңнан аса барымталанған жылқылардың ішінде Мақаштың атағы үш жүзге мәлім “Мақаш құла” деп аталатын бәйге атының үстінде күзетте жүрген 14 жасар Қоңқыш (Қожақ) бірге кетеді.

Кенесары қолы Мақаш байдың жылқыларымен бірге Қоңқышты да кепілдікке алады. 14 жасар Қоңқыштың дене бітімі ерекше – жауынгер тұлғалы, кең жауырынды, өткір көзді, ат құлағында ойнайтын өнерпаз болады. Жас бала жігіттен жақсы жауынгер шығатынын байқаған Наурызбай Қасымұлы өз тәрбиесіне алып, әскери жаттығуларға қатыстырады. Ат үстінде найзаласу, қылыштасу, тағы басқа әскери қимыл жасау әдістерімен машықтандырады. Әйтсе де, еліне қашып кете ме деп сақтық жасап, бір-екі адамның бақылауында ұстайды. Туыстарын, елін, жерін сағынбасын деп басын дуалатып, Кенесары төленгіттерінің бірінде өкіл бала қылады.

1842 жылы жазда Ержан мен Наурызбай бастаған Кенесарының бір жасағы Құсмұрын дуанына қарасты Қызылжар аймағындағы Ащыөзек бойында орналасқан Преснов, Михайловка, Островка деген үш казак-орыс станицаларын шауып, көп шығынға ұшыратып кетеді. Ержан Саржанов пен Наурызбайдың өшіккен адамы Островка селосының (қазақша – “Қуқала” – селосы) атаманы Андрей Бекетов еді. Бірақ ұстатпай қашып кетеді. Андрей Бекетов Құсмұрын дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Уәлихановпен бірге казак-орыс балаларынан офицерлер дайындайтын Омбы училищесінде бір уақытта оқыған екен. Преснов бекінісі жандармдарын басқарған Андрей Бекетов Шыңғыс Уәлихановпен бірігіп Пресногорьков станицасындағы болған алдындағы соғыста Ержан басқарған Кенесары қолын жеңіп, айдап әкетіп бара жатқан дуан байларының жылқыларын тартып алған.

Осы соғыстың алдында қылмысты болып, қатаң бақылауда жүрген Островка селосының екі жасөспірім жігіті: “Атаман Андрей Бекетовтың қоластында болып, қорлығын көргеннен Кенесары жасағында болғанымыз артық”, – деп өз еріктерімен беріледі. Көтерілісшілер екі жас орыс жігіттерін тәрбиесіне алады. Мануил деген жігітке Аманжол деп, Дмитрий деген жігітке Мәткәрім деп қазақша ат қояды. Екеуі де мұсылман дінін қабылдауға ант береді. Екеуін де сүндеткізеді. Қоңқыш пен екі орыс жігітін бірге ұстайды. Қоңқыш оларға қазақ тілін, орыс жігіттері Қоңқышқа орыс тілін үйретеді. Бірер жылдың ішінде үшеуі де орыстармен тілмаштыққа жарап қалады. Басқа барар жері жоқ бұл орыс жігіттері Кенесары қолына адал қызмет істейді.

Шапшаң қимылды, не нәрсеге болсын ыңғайлы елгезек Қоңқыш Кенесары ханға және оның әскери қолбасшыларының бәріне ұнайды. Кәмелеттік жасқа толған Қоңқыш жүзбасылыққа дейін көтеріледі. Ол өз жүздігін бастап Ресей отаршылдары әскерімен Қоқан хандығы әскерімен, Түріктің қарақшыларымен,, Қырғыз манаптарымен болған соғыстарға белсене араласыпты. Сол уақыттан жеткен ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Қоңқышқа Кенесарының немере інісі Ержан Саржановтың қызы Қарашаш сұлу ғашық болып қалып, Кенесары екеуінің үйленуіне рұқсат етіпті. Кенесарының төленгіттеріне айналған екі орыс жігітіне де қазақ қыздарына некелесуге рұқсат етеді. Осы арада бір айта кетейік дегеніміз, жазушыларымыздың шығармаларында Қоңқыш пен Қожық алмастырылып, Кенесарының қарындасын алған Қожық және Қожық Кенесарымен бірге қырғыз манаптарымен соғысты деп жазылған. Тарихи деректерге, яғни Омбы қаласы архивінен алынған құжаттарға табан тіресек, Кенесары қолы Қожықтың әкесі Мақаштың жылқысын екі рет барымталаған. Құсмұрын дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиханов, осы дуаның кеңесшісі Есеней Естемісов және Қанжығалы болысының старшыны Қожық Мақашев үшеуі Кенесары қолымен соғысып дуанға қарасты ауылдардың жылқыларын алып қалғаны туралы да дерек бар. (Бұл деректерге кейін арнайы тоқталамыз). Сондықтан Қожық Кенесарының қарындасын алыпты, екеуі бірігіп Қырғыз манаптарына қарсы соғысыпты деу тарихқа жасалған үлкен қиянат. Қожыққа інісі Қоңқышты Кенесарының тығып ұстап, дуалатқаны да мәлім болатын. Екеуі де өмір бойы бір-бірімен өштесіп өткен адамдар.

Алдымен Кенесарының інісі Саржан баласы Ержанның жасағында болған Қоңқыш қырғыз манаптарымен болған соғысқа дейін қатысады. Ержан Саржанұлы қайтыс болғасын Тайшыбек Кенесарыұлының нөкері болады. Қоңқыш қай жасақта болмасын Мануил (Аманжол) мен Дмитрий (Мәткәрімді) өзімен бірге ұстаған екен.

Оқиға желісі түсінікті болу үшін айта кетейік. Кенесарының қыздай алған бәйбішесі Күнімжаннан Жапар, Тайшық, Ахмет туады; екінші әйелі Жағымнан бес ұл болады: Омар, Оспан, Әбубәкір, Сыздық, Шығай. Әкесінің қазасынан соң Кенесары балалары Шу бойын Қаратаудан Түркістанға дейін жайлап, Қоқан ханына бодан боп тұрады.

Шешелерінің ықпалымен Кенесары балалары оқып білім алады да, кәмелеттік жасқа толған соң, Қоқан ханына қызметке тұрады. Хан оларға пайсат басшы (жүз басыдан жоғары) деген шен береді. Біраз уақыт Қоқан хандығының құрамында орыстарға қарсы соғысқан Кенесарының ұрпақтары бұл хандықтың әлсіз екенін және қарамағындағы қазақтарға ауыр салық салып, мал-мүліктерін тартып алып жатқанын байқап, бұл хандықтан безіне бастайды. Кенесары балалары екіге бөлініп, біразы Ресей жағына өтуді қалайды. Тайшық пен Ахмет Ресейдің қоластына өтіп, орыс отрядтарымен Қоқан хандығына қарсы соғыстарға қатысады.

Сыздық сұлтан бауырларының пікірімен келіспей: “Ата-бабамның оң жолынан тайқып, мен орысқа берілмеймін. Орыс Қоқанды алар болса, Бұхар барамын. Бұхарды алса, толып жатқан мұсылман елдерінің біріне барып тұрамын. Әйтеуір, әкем салған жолды ұстанам”, – деп, қоқандықтармен бірігіп орыстарға қарсы соғысын тоқтатпайды.

Тайшық пен Қоңқыш Созақ жерінде Қоқан хандығынан, Түрікмен шапқышылығынан жапа шегіп отырған ауылдардан жасақ құрып, орыс отрядтарымен бірігіп қоқандықтардан жергілікті қазақтардың мал-мүлкін қорғайды. Қазақстанның оңтүстігі XIX ғасырда қоқандықтардың қолында, солардың иелігінде болғаны тарихтан мәлім. Салық жинауға шыққан Қоқан хандығы зекетшілері әр кезде қазақ ауылдарынан шауып кетіп жүрген. Тайшық пен Қоңқыш Қоқан хандығы күшбегілерінен қазақ ауылдарының малын, дүниесін, тұтқында кеткен адамдарын қайтару жолында біраз күрес жүргізді. “Еруліге қарулы” – дегендей, қарулы жасақ ұстаған Тайшық пен Қоңқыш қоқандықтардың және түрікпен шонжарларының да жылқыларын, түйелерін айдап әкетіп, ауқатты байларға айналады. Сауда-саттықпен де айналысады.

Қоңқыштың байлығы, дәрежесі, атақ-беделі артқан сайын қатар жүрген адамдарының арасында көре алмаушылық болады. Іріткі салушылар ойнап қалжыңдаса қалса да, жанжалдаса қалса да “кірме”, “күшік күйеу” деп намысына тиеді. Жас кезінде әке-шеше, туыстарын, елін-жерін басына жасаған дуаның әсерінен ойына алмаса, кейін өзінің әкесі Мақаштың, одан кейін туған ағасы Қожықтың малдарын барымталап, өзінің туған елін шауып кеткен Кенесары хандығына қызмет еткеніне қатты өкінетін болады. Жасалған дуаның да күші қайта бастаса керек: “Өлімнен ұят күшті, туыстарыма, еліме не бетіммен қараймын, тірі жүргеннен өлгенім артық,

тезірек өліп кетсем екен”, – деп жүре береді. Қоқандықтардың, түрікмендердің малдарын барымталап, жылқы-түйелерінің саны әкесі Мақаштан асып түседі. Табиғатында мал жинағыш Қоңқыш саудамен де айналысады. Кенесары қаза тапқаннан кейін елін жиі ойлайтын болады. Бір күні түсінде ұлы әкесі Қасаболат болып бір сәлделі ақсақал аян беріп: “Қоңқыш, балам, адасқанның айыбы жоқ, қайтып елін тапқан соң” – деген бар, елге орал”, – дейді. Қоңқышқа бұл түс қатты әсер етеді. Туған елге оралуға бел байлап, Тайшық сұлтанмен ақылдасады. Тайшық пен Қоңқыш бір жылы туған, екеуі құрдас екен. Жас кезінен бірге өсіп, талай әскери жорықтарға бірге қатысқан айнымастай дос екен. Тайшық сұлтанның нөкері болғанымен ақылшысы, сыйлайтын адамы болыпты. Барлық жағдайды білетін Тайшық келісімін беріп: “Бірақ, еліңде қалып қойма, қайтадан орал. Екеумізді Құдай ғана айырсын деген бір-бірімізге деген антымыз да бар ғой”, – дейді.

Бұдан кейін Қоңқыш жол қамына кіріседі. Екі көмекшісі орыс жігіттері Мануил мен Дмитрийге елге қайтуға ұсыныс жасайды. Екеуі бірден: “Ой, елге бармаймыз. Біз соққыға жыққан Островканың атаманы Андрей Бекетовтың баласы біз кеткесін өліп қалды деп естігенбіз. Елге барсақ, бізді бірден дарға асып, өлтіреді. Бізді Ресей, қазақ жерлерінен іздестіріп жатыр дегенді естігенбіз. Мұнда да жағдайымыз жаман емес. Аз күн болса да, дұрыс тіршілік еткіміз келеді”, – деп, азар да безер болады. Бірақ Қоңқыштың қоластында нөкері болып жүрген екеуі амалсыздан көнеді. Қоңқыш оларға ешкімге тигізбейтініне сөз береді. Тайшық үшеуіне Перовскідегі генерал Дебудің қолы қойылып, мөрі басылған орыс отрядтарының құрамында Қоқан және Түрікпен хандықтарымен соғысқан дейтін анықтама қағаз алып береді. Орыс армиясының киімдерін кигізеді.

Көктем шыға солтүстіктің қары сөгілетін уақытта Қоңқыш екі орыс жігітімен отбасыларын алып, қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ жерінен еліне аттанады. Жеке қағаздары мықты болғасын шегарадан, орыс-қазақ жерлерімен тоқтаусыз өтеді. Созақтан 400 жылқы, 200 түйе, тарту-таралғыларымен шыққан олардың қолында қажет болған жағдайда мемлекеттік көмек беру туралы хат болады. Өйткені орыс отрядтарының құрамында қоқандықтармен соғыста Қоңқыш үлкен марапаттарға ие болған екен.

Көп күн жүріп ел шетіне келген Қоңқыштар өзі кеткенде “Құндызды” өзенінің Құсмұрын көліне құяр тұсында отырған ауылының көлденең Есілдің күнгей бетінде “Меңзей” дейтін жерде (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, Тоқсан би (Западное), Ставрополь ауылдарының жерлері) отырғанын естиді.

Қоңқыш пен оның жора-жолдастарын туыстары қуана қарсы алады. Өйткені, ауылы Қоңқыштың басында дуа болғасын Кенесарының қолында жүргенін алыстан естіп жатады екен. Қоңқыштың елге аман-сау оралғанына қатты қуанған екі ағасы Қазыбек пен Қожық, Бидалы және Жансары Уақ ауылдарын тегіс шақырып үлкен той жасайды. Тойдан кейін Қоңқыш өзі жоқта қайтыс болған әкесі Мақашқа бата қылып, үлкен ас береді. Асқа

маңайдағы ат жетер жердегі ауылдарды тегіс шақырады. Ат шаптырып, балуандарды күрестіреді. Созақ жерінен айдап әкелген жылқылары мен түйелерін “ат шапан айыбым” – деп екі ағасына, кедей туыстары мен ілік-шатыстарына үлестіріп береді.

Қоңқыш тойға және әкесіне берілген асқа да Сегіз серіні арнап шақыртқызады. Оның себебі былай екен. Қоңқыш Сегіз серімен Кенесарының қосында жүргенде танысқан екен. Орыс отаршылдарымен қолына қару алып соғысқан Сегіз сері батыс елдерінде жүргенде Кенесарыға арнайы барып қосылу туралы жолыққан. Кенесары Сегіз серіні қуана қарсы алып, қазақ жерін бірігіп қорғайық дейді. Бірақ Сегіз сері оның стратегиялық саясатын қолдағанымен, оның бай, кедей демей өзіне қосылмағандардың малдарын тартып алып, өзіне еріксіз қосып жатқанына келіспейді. Осы қатынас кезінде Сегіз сері Қоңқышпен кездесіп қалады. Қоңқыш Сегіз серіге Кенесары жасағына қалай келгенін тегіс айтып береді. Сегіз сері Қоңқыштың әкесі Мақашпен, ағалары Қазбек және Қожықтармен жақсы сыйлас болыпты. Сегіз сері Қоңқыштың дуаның күшімен жүргенін жұрттан естісе де еліне қайту керек деп ақыл берген екен.

Әкесінің асына келген Сегіз серіге Қоңқыш “Батыр аға, ауылында қылмыс жасап, Кенесары қолына қосылған мына екі орыс жігітін бірге алып келіп едім. Островка, Михайловка, Пресновка селоларындағы әке-шеше, туыстарын көргісі келеді. Өзіміз барсақ, ұстап алып түрмеге жаба ма деп қорқамыз. Бұл селоның чиновниктері сізден қорқады дейді. Қалай болар екен”, – дейді.

– Жарайды, апарайық, – деп, Сегіз сері келісім береді.

Қоңқыш пен Сегіз сері Мануил мен Дмитрийді Островка мен Пресновка селоларына апарды. Әке-шеше, туыстарымен кездестіреді. Бұлар елден кеткендегі Островка селосының старшыны, Преснов бекінісі жандармдарының бастығы болған Андрей Бекетов әлі тірі екен. Бір кезде қылмысты болған екі жігіттің келгенін естіп, оларды ұстатпақшы болады. Іс насырға шауып, Сегіз серіні де тыңдамайды. Басқа амалы қалмаған Сегіз сері мен Қоңқыш Омбыдан еліне келіп жатқан Батыс Сібір шекара комиссисының тұрақты мүшесі Тәбей Барлыбаевтан көмек сұрайды. Тәбейдің ауылы Островка селосынан тура жүрсе 20 шақырымдай, қазіргі Жамбыл ауданы Петровка селосының батыс жағында 3-4 шақырым Биболай атты жерде болатын. Сегіз серімен аталас, Қоңқыштың ағасы Қожықпен сыйлас болған Тәбей екі орыс жігітін жазадан құтқарып, қолдарына Батыс Сібірі губерниясы жерінде ешкім тимесін деп, қолын қойып, мөрін басып анықтама қағаз береді.

Тәбей Барлыбаев кім? Ол 1783 жылы туып, 1863 жылы қайтыс болған. Көшебе Керейдің Жоламан атасынан тарайды. Ата қонысы қазіргі Жамбыл ауданы Петровка селосының батыс жағында 2-3 шақырым жерде, Биболай атты қоныста. Зираты Петровка селосының оңтүстік жағында үш шақырымдай жерде Баян қорымында. Тәбей өте парасатты, орысша да жақсы сөйлеген, өз кезінің озық ойлы адамы, саятшы, сері, өте мырза, дәулетті

болған. Ел ішінде Тәбей беделінің зор болуын Сегіз сері өзінің өлең жолдарында: “Жайлылығы Тәбейдей болсын”, – деп, өлеңіне қосқан.

Тәбей Барлыбаев 1840 жылы Аманқарағай округінің аға сұлтаны Шыңғыс Уәлихановтың заседателі болып сайланған. Батыс Сібір шекара комиссиясының тұрақты мүшесі болып қызмет атқарған. Осындай қызметтерді атқара жүріп қиын заманда қиналған халыққа ізгілік жолын нұсқап, орыс отаршылдарынан елді арашалаған, зарыққанға жебеу, тарыққанға демеу, озбырлықтан әділеттілікті арашалаған адам болған.

* * *

Екі жолдасы Мануил (Аманжол) мен Дмитрийді (Мәткәрім) туған жері Островка (“Қуқала”) селосына орналастырған Қоңқыш “Бұқпа” көлінің (Благовещенка селосы мен Ольговка селосының арасындағы көл. Қазір де карта бойынша “Бұқпа” көлі деп аталады) жағасында отырған Мұстафа Сегіз серіұлы ауылына келеді. Қоңқыш пен Мұстафа бажа, Қоңқыш Кенесарының немере інісі Ержан Саржанұлының Қарашаш деген қызына үйленсе, Мұстафа Кенесарының інісі Наурызбай сұлтанның Меңсұлу атты қызына үйленген.

Қоңқыш Мұстафаның әкесі Сегіз серіге бата қылып, маңайдағы ағайын-туыстарды шақырып ас береді. Ала жаздай Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл ішіндегі тамыр-таныстары мен құда-жекжаттарында қонақ болып, өлгендеріне бата қылып, күзге қарай Атбасар жәрмеңкесі басталар алдында ағайын-туыстарынан Созаққа қайтуға рұқсат сұрайды. Олар қинала-қинала зорға дегенде жолға шығуға рұқсат етіпті. Өйткені, бұлар да Қоңқыштың Тайшық Кенесарыұлына “Созаққа қайтып келемін” деген уағдасын ескеріпті. “Түбінде елге ораламын”, – деп туыстарына да уәдесін береді, сөйтіп, Қоңқыш аға-жеңгелерімен, ағайын-туыстарымен қоштасып, жолға шығады. Алайда, Қоңқыш уәдесін орындай алмайды. Мықтап дуаланған ол айналшықтап, Созақтағы төре ауылдарынан шыға алмайды. Ол өзінің дуаланғанын өмірден өтер алдында ғана біледі. Қоңқыш қайтыс боларынан аз күн бұрын алыстан келіп, ел аралап жүрген елші: “Дуаланған екенсің. Дуа бойыңа әбден тарап, сіңіп кеткен екен. Қайтара алмаймын”, – депті. Өзінің дуаланғанын сонда ғана білген ол қатты өкініпті.

Арада біраз уақыт өтіп, Қоңқыш хабар-ошарсыз кеткен соң, оның ағасы Қожық Мақашұлы туысын іздемек болып Созақ жеріне баруға жиналып жүргенде Маңтөбет оқиғасы басталып, оның кейінгі өмірінен туыстары хабарсыз қалады.

МАҢТӨБЕТ ОҚИҒАСЫ МЕН ҚОЖЫҚТЫҢ ӨЛІМІ

XIX ғасырдың үшінші ширегінде біздің Қызылжар өңірінде байлығымен, абырой атағымен есімі елге тараған Маңтөбет есімді мырза болыпты. Ата қонысы қазіргі Ғабит Мүсірепов атындағы ауданға қарасты Аққанбұрлық өзені бойындағы Чистополье селосының жері. Маңтөбет өз дәуірінде осы өңірдің билеушісі, атақты биі болған екен.

Маңтөбет Бидалы Уақтың атақты байы, Құндызды өзенінің Құсмұрын көліне құяр сағасын мекен ететін Қожықтың әкесі Мақашпен замандас болғанымен бір мүшел жас екен. Уақ руының екеуі екі атасына билік жүргізген екі бай бақталас болып ішінара жауласып өтсе керек. Мақаш қартайып билікке оның баласы Қожық араласа бастағанда Маңтөбет жағының дәрежесі төмендеп, Қожық теңдік бермепті. Ол кезде атақты адамдардың, байлардың мәртебесін көтеріп, атағын шығаратын оқиғаның бірі бәйгеге қосқан аттарының бәйгенің алдында келуі болатын. Құлақ жетер бүкіл қазаққа сауын айтатын үлкен тойлар мен атақты адамдардың астарында бас бәйгені Мақаш байдың “Мақаш құла” деп аталып кеткен аты жеңіп алса, екінші бәйгені Маңтөбеттің үлкен баласы Әлімбайдың Қаракересі алып жүріпті. Қарала ат Мақаш құладан жас болса керек. Кенесары ханның батыры Жоламанның, одан кейін Сегіз серінің қолында болған, кейін Сегіз серінің өзі иесі Мақаш байға қайтарған “Мақаш құла” қартайып бәйгеден Әлімбайдың Қаракер атынан кейін келетін болыпты. Бұған Қожықтың өзіне тартқан өзінен басқа зор жоқ деп санайтын, жаратылысында тентек Шақабай атты баласы әкесінің Құйтырқы, Лашын, Қаршыға есімді ұры жігіттеріне барымталатып алады. Бәйге атты бір жылдай ешкімге көрсетпей, жазда киіз үйде, қыста ағаш үйде күзетпен ұстайды екен. Бәйгеге қоспай, жасырын аңшылыққа ғана мініп, түлкі, қасқыр соғып алып жүріпті.

Екінші жылы күзде Көлденең Есіл өзені бойында бір жолы Шоқабай астына бәйге Қаракер атты мініп, қасына бес жігітті ертіп қаршыға салып жүріпті. Құс салудың қызығына түсіп кеткен Шоқабайлар Маңтөбет ауылдары мекендейтін жерлерге қалай келіп қалғанын байқамай да қалады. Сол арада Қаракер бәйге атты көріп қалған Маңтөбет балалары жігіттерін жинап, Шоқабайларға жабылып, оларды сойылмен ұрып түсіріп байлап, күздіктеріне апарып, жартылай жер үйге қамап қояды. Алтауының да аяқ-қолдарына кісен салады. Аштан өлмейтіндей ғана тамақ беріп, күзетте ұстайды.

Қожық қаршыға салуға шығып, қасындағы бес жігітімен қоса ұшты-күйлі жоқ болып кеткен баласына іздеу салса да ешқандай хабар таппайды. Іздеу салмаған ел қалмайды. Тірідей табылатынынан күдер үзе бастайды.

Бір күні Шоқабайлар қамалған күздікке жаяу ел аралап жүрген қайыршы түнемек болады. Сол түні күзетшілер де болмай қалады. Қайыршы үйге кірейін десе, есік құлыптаулы, үйдің ішіндегі біреулердің сөйлескен дыбыстарын естіп қалады. Темірмен торланған терезеден қарап Қожық ауылының жігіттерін, оның баласы Шоқабайды таныды. Олар да ел аралап, қайыр сұрап жүретін Құсайын қайыршыны танып қалады. “Біздің қамауда

жатқанымызды тез ауылға жетіп, әкеме айт. Басқа ешкімге айтпа. Осыны орындасаң, өзіңе әйел әперемін, алдыңа мал саламын”, – дейді Шоқабай Құсайын қайыршыға. Шоқабайдың айтқанын орындау үшін Құсайын күнітүні жүріп Мақаш байдың ауылына келіп, Қожыққа көрген-білгенін айтады. Баласының, жігіттердің Маңтөбет күздігінде аяқ-қолдары кісенделген, өлім аузында жатқанын естіген Қожық: “Бұл не деген сұмдық?! Бұл не деген қорлық?! Арнаулы кісі жіберіп сұратса да, жүйрігін өзіне қайтарып беретін едік қой. Менің баламның бір еркелігін көтере алмаған екен, мен оған сойқанды салайын”, – деп, Бидалы уақ жігіттерінің қолдарына қару ұстатып, түгел атқа мінгізеді. Әуелі Маңтөбеттің күздігінде байлаулы жатқан баласын, жігіттерін босатып алып, Маңтөбетке қарасты тоғыз ауылды (Жансары Уақтың Қурай атасын) түгел шауып, малдарын айдап әкетеді. Маңтөбеттің сақалына оттағы шаланы басып, өзін сабап кетеді. Қаракер тұлпарға мінген Әлімбай Маңтөбетұлы елін қорғауға шамасы келмеген соң Қожықтарға жеткізбей, қолға түспей кетеді. Ол әуелі осы уақытта Тоқсан биден кейін Құсмұрын дуанының төбе биі болған Жарылғамыс Тоқпайұлына шағынуға барса, Жарылғамыс би Орынборға губерниялық соттың кезекті мәжілісіне кеткен екен. Жарылғамыс қазіргі Ғабит Мүсірепов ауданына қарасты Мұқыр дейтін жерде отыратын. Одан кейін Әлімбай араша сұрап Қарасу өзені бойында отыратын Қозыбай шешенге барып, болған оқиғаны жеткізіп, Қожықтан малын алып беруді өтінеді.

Сол уақытта бүкіл Керей-Уаққа сөзі өтетін, “Керейдің арыстаны” атанған, Семей жеріне жер аударылғанда Абаймен де біраз уақыт дәмдес болған Қозыбай шешен Есенғұлұлы Қожыққа арнайы кісілер жіберіп, Маңтөбеттің малдарын қайтарсын, өзін қорлағаны үшін екі тоғыз айып төлесін деп хабар салады. Оған Қожық шамданып: “Мен алсам, өзімнің уағымның малын алдым. Қозыбай араласатындай Керейдің малын алған жоқпын. Қозыбай Уақ мәселесіне араласпасын”, – деп қарсы дау айтыпты. (Қостанай облысы, Қарасу ауданына қарасты “Қозыбай” және Қараман (Қожық ауылы) ауылдары бар. 2009 жылдың 4-5 тамыз күндері осы ауылдарға арнайы бардық. С.Ж.). Қожықтың Қозыбай шешенге “Уақ мәселесіне араласпасын” деп айту себебін жоғарыда жаздық.

Жансары уақтың атақты билері Жарылғамыс (Төбе би) пен Елембай Ерменұлы және атақты күйші Дайрабай күйшілер де Қожыққа Маңтөбетпен келісімге келіп, малын қайтарып, сақалын жұлғаны үшін айып төлесін деп ақылдарын айтады. Бұларға да Қожық сендер ағайындарыңа бұрып отырсыңдар деп қарсы дау айтып көнбейді.

Қожық пен Маңтөбет арасындағы текетірес екі дуан Құсмұрын және Көкшетау дуандары арасындағы дауға ұласады. Өйткені, Маңтөбет елі Көкшетау дуанына, Қожық елі Құсмұрын дуанына қарасты болады. Құсмұрын дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиханов, заседательдері Есенай Естемісов, Тәбей Барлыбаев Қожықты, Көкшетау дуанының басшылары Жылғара Байтокин, Тәштит Тәбеев, Мұса Байтокин Маңтөбетті қолдайды. Жанжал дұрыс шешілудің орнына барған сайын шиеленісіп, ушыға түседі. Дуан билерінен әділдік таба алмаған Әлімбай Қожықтың үстінен Батыс Сібір

генерал-губернаторына арыз жазады. Арызды тексерген губерния соты Қожықты айыпты деп тауып, Маңтөбеттен алған малды қайтарып бергізіп, Қожықты Шоқабай атты баласымен қамауға алады. Қожықтың жақтастары Шыңғыс Уәлиханов (Құсмұрын және Көкшетау дуандарының аға сұлтаны), Есеней Естемісов, Тәбей Барлыбаев, Әлібек Жылғараұлы Қожықты ақтап қалу үшін атсалысқанмен губерния басшыларына сөздерін өткізе алмайды. Өйткені, Көкшетау дуанының қылмысты істерді тексеру орны Қожықтың бірнеше жылғы қылмыстарын бұлтартпайтын дәлелдермен жазған екен.

Ұзақ тергеуден кейін Қожықты баласымен бірге Қиыр Шығысқа жер аудармақ болады. Жоғарыда аталған жолдастарының арқасында Новосібір қаласы маңындағы бір лагерьге жібереді. Қожықты бас бостандығынан айырғанмен тұтқын лагеріндегі тұрмысы жаман болмайды. Жолдастары, туыстары арқылы елден мал алғызып, орыстың бір селосында баласы Шоқабай екеуі шаруашылық ұстап күн көреді. Қожық осы лагерьде екі жыл болып, қайтыс болады. Жерлеуге ел жақтан туыстары, жолдастары қатысыпты. Сол жақтағы мұсылман зиратына жерленген екен. Шоқабай әкесі Қожық жолдастарының көмегімен он жылдық жазасын бес жылда өтеп, еліне оралады. Шоқабайдың елі Қостанай облысы, Қарасу ауданының орталығы Қараман ауылы. Осы ауылда болғанымызда Шоқабай ұрпақтарымен кездесіп, шежіресін алдық. Шоқабайдан Махамбет атты ер бала туады. Махамбеттен – Қамза, Қанапия; Қанапиядан – Бекен, Кәкен; Бекеннен – Бығай, Асқат атты балалар туған. Демографиялық жағдайға байланысты қазір Шоқабай ұрпақтары республикамыздың әр жерінде тұрып жатыр.

Бізге жеткен деректер бойынша терістік өңірде өмір сүріп, ел басқарған үлкен тұлға, өмірі қайшылықтарға толы өз дәуірінің көрнекті өкілі, жерлес жазушыларымыз Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтардың атақты шығармалары әдеби бейнелерінің прототипі болған Қожық Мақашұлы өмірінің соңы осылай аяқталады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты.
2. Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты
3. Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты.
4. Сәбит Мұқанов. «Аққан жұлдыз». 1-2 кітаптары.
5. Ғабит Мүсірепов. «Ұлпан».
6. Ауыз әдебиетін зерттеуші Қаратай Биғожиннің жеке мұрағаты.
7. Өлкетанушы Қайролла Мұқановтың жеке мұрағаты.
8. «Сегіз сері» таңдамалы шығармалары.

МАЗМҰНЫ

ЕСЕНЕЙ ЕСТЕЛІКТЕРІ

1. Беташар сөз.....
2. Ер Есеней.....
3. Шоң Телғозыұлының Бопай Қасымқызымен кездесуі.....
4. Есеней мен Шоң Дәулетұлы.....
5. Есеней мен Дайрабай күйші.....
6. Салғара ақынның «Туған жер» толғауында айтылатын өңір тарихы.....
7. Есеней және оның елі.....

ҚОЖЫҚ МАҚАШОВ

1. Мақаш Қасаболатұлы.....
2. Қожық Мақашовтың прототипі.....
3. Мақаш құла.....
4. Қоңқыш пен Қожық.....
5. Маңтөбет оқиғасы, Қожықтың өлімі.....